The Passive Voice is an analytical form which is built up by means of the auxiliary verb to be in the required finite form and the participle of the notional verb

the Present Indefinite - is (am, are) done

the Past Indefinite - was (were) done

the Future Indefinite - will (shall) be done

the Present Perfect - has (have) been done

the Past Perfect - had been done

the Future Perfect - will (shall) have been done

the Present Continuous - is (am, are) being done

the Past Continuous - was (were) being done

The interrogative form is built up by placing the (first) auxiliary verb before the subject of the sentence (e.g. When was it done? Has the work been done?, etc.).

The negative form is built up by placing the particle not after the (first) auxiliary (e.g. The work was not done yesterday. The work will not be done tomorrow, etc.).

English is rich in various types of passive constructions. The subject of the passive construction may correspond to the direct object of the verb. This type of passive construction may be called the Direct Passive, e.g. At twilight he was carried to the field hospital.

It should be noted that the Direct Passive is part of two widely used constructions. It forms the basis of the construction which may be called the complex subject, e.g. She is said to be a first-class teacher.

The construction with a formal it as subject may also contain the Passive of verbs denoting mental and physical perceptions, suggestion, order, request and decision as well as of verbs of saying, such as to say, to announce, to report, to rumour, to explain, to think, to know, to believe, to understand, to expect, to feel, to notice, to observe, to suggest, to propose, to require, to demand, to request, to recommend, to decide, to agree, to determine, to arrange and the like. This passive construction is followed by a clause introduced, as a rule, by the conjunction that, e.g. It was explained that Roy was unaccountably absent from duty that morning. It was known that we would not tolerate any criticism.

Certain phrases of this kind, however, admit of a passive construction, e.g. to take care, to take no notice, to pay attention, to take responsibility and some others,

e.g. He paused at each table and then, when no notice was taken of him, with a smile he passed on.

In addition to intransitive verbs which are not used in the Passive, some transitive verbs, at least in certain uses, do not occur in the Passive either. E.g. The boy resembled his father.

Yet in spite of the above restrictions, the use of the Direct Passive is quite extensive in English.

There are a number of verbs in English which take two objects-a direct and an indirect object. The most frequently used verbs of this kind are to tell, to give to

*АХМЕТ ЯСАУИ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ, №1, 2014*

offer, to show, to pay, to grant, to leave, to promise, to lend, to send, and a few others.

These verbs may have two passive constructions: The Direct Passive e.g. When I came to the office a telegram was given to me. Although a very good job was offered to me I had to turn it down [2].

As a rule, the indirect object takes the preposition to after the verb in the Passive.

The indirect object of the verb may also become the subject of the passive construction. This type of passive construction may be called the Indirect Passive., e.g. I was told some very interesting news.

In this passive construction the verb is always followed by the direct object (news, a job); it is called a retained object since it is retained by the verb.

There are a great number of verbs in English that require a prepositional object. These verbs may also be used in the Passive - the subject of the passive construction corresponds then to the prepositional object. The preposition retains its place after the verb. This construction may be called the Prepositional Passive. e.g. He was highly thought of in his village. When they found her lying on the floor, the doctor was sent for.

In Kazakh the voice is implemented through verbal inflection. For this purpose, deverbal derivational morphemes are used. The true passive voice in Kazakh is marked on a verb as – ыл, – іл after the consonant and original object of the sentence at deep structure becomes the surface subject [3]. For example: Хат жазылды -The letter was written.

The agentive subject which is suppressed by the passive structure rarely surface in ablative case (and in some cases in instrumental case) as in: Ақын Біржаннан жеңілді. - Aқın was defeated by Birzhan.

In this article, we are going to suggest that although the deverbal morpheme – ыл, -іл is addressed as passive voice marker in a substantial part of the linguistic literature related to Kazakh language, passivizing sentences is not the only function it carries out. This should be obvious at first glance of the following sample sentences: а) Біз «Правда» газетіне жазылдық. – We subscribed to the newspaper «Pravda». б) Хат жазылды. – The letter was written.

а) Мұнда жолдастар жиналды. – The fellows gathered here. б) Астық жиналды. – The grain/crop was gathered.

Looking at the examples above, one can see that sentences of type a are different than type b. The significant difference between the two is that type a sentences are non - passives whereas type b sentences have true passive meaning with implied agents.

However, one thing common to the two types of sentences is that they are all intransitives.

Now, let us look at another group of sentences which have more than one reading: Есік ашылды. – 1. The door opened. 2. The door was opened (by somebody).

---

***АХМЕТ ЯСАУИ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ, №1, 2014***

---

Алманың тілегі орындалды. – 1. Alma's wish came true. 2. Alma's wish was made true.

The second group of sentences is ambiguous. We can get two readings: One of them is the intransitive reading. This function is called 'non-passive' by Leonard Babby , and "derived intransitive" by Sezer. The other reading is the passive one. That's because the so-called passive morpheme is a bi-functional one in Kazakh [4].

According to Leonard Babby the passive morpheme in Turkish and in many other languages are used to reduce the basic valency of the verb by leaving the agent out which follows a similar pattern as the intransitivizing - sja suffix in Russian. In a way, this is a plausible suggestion for the function of Kazakh passive as well since both readings of the 2nd group of sentences are derived from the transitive verbs by reducing their valency [5].

The bi-functionality of the passive morpheme in Kazakh, as displayed here, may suggest the possible existence of collapsing or merging of two separate morphemes, namely morphemes of intransitivity and passive.

Tietze states that «Turkish does not usually allow the shift from transitive to intransitive function of a single verb form, which so often occurs in English.» Let's look at a few examples from Turkish in order to see whether Turkish has the similar case of ambiguous sentences as Kazakh does: Yara açıldı. – 1 The wound opened. 2 The wound was opened (by the doctor).

Again we have the similar ambiguity in Turkish examples that we had in Kazakh. Once the transitive verbs of the sample sentences are affixed with the passive morpheme, they acquire both passive and intransitive meanings. According to Tietze, this ambiguity is limited to some verbs and can be removed by providing a context for them. He calls the non-passive function of the passive suffix as 'medio-reflexive' and ascribes the non-passive 2nd readings of the sentences above to the sentences with non-human subjects [6].

Defining whether those certain group of verbs in Turkish and in Kazakh also is unaccusative requires further analysis which is not going to be pursued here. Normally Kazakh does not allow doubly marked passives in personal passives. Nevertheless, sporadically, some verbs may carry double passive morphemes, even though the second so called passive morpheme does not bring any change to the meaning of the passive sentence:



Байқа - to notice, be aware, байқа-л - to be noticed

Зертте - to make a search, зертте-л - to be searched

The verb valency changes only once. Marcel Erdal draws attention to some vocative forms in Old Turkic which, probably are relevant to the frozen forms in Kazakh and Turkish, but are more productive in Old Turkic [7].

He states, that the passive suffix in Old Turkic is - (I) l-, and this suffix often has 'anti-transitive' meaning as it is evident in the following examples:

passive

biti-l- to be written

---

*АХМЕТ ЯСАУИ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ, №1, 2014*

---

buz-ul- to be spoiled

bil-il- to be known

coz-u-l- to fall apart, to be dispersed

anti-transitive

ac-il- to open (intr)

es-il- to diminish (intr)

avri-l to turn, revolve, turn back

Whether or not passive structures are the products of syntactic or lexical level in Kazakh is not the focus of this paper. However, in her article 'A case for Emerging Functional Categories', Kornfilt compares Old Turkic of 8th century to Modern Turkish in order to see if those languages have syntactic passives structures or passives at all. She concludes that OT does not have passives but only "middles", since the functional categories are not fully developed in OT period. According to her conclusion, Modern Turkish, which she sees a closely related dialect of Old Turkic, if not a direct descendent, has developed those categories over time and possessed syntactic passives accordingly.

Sezer suggests that passive verbs are derived in lexicon by suppressing the external argument of a verb. They also lose their ability to assign accusative case to their internal arguments. He also takes Burzio's generalization as the base according to which «a verb which lacks an external argument fails to assign accusative case» as the syntactic motivation of passives [8].

The parallel sentences in Turkish are examined by Sezer, e.g.

a) Ali kapı-yı açtı. - Ali opened the door.

b) Kapı açıldı - The door was opened.

According to those examples, Sezer states that the sentences are ambiguous between the passive and intransitive readings. In the first sentence, the verb "open" is transitive and selects an external argument, whereas in the second one, the verb is intransitive and selects only an internal argument, which occupies the object position.

So, there are some peculiarities of passive voices in English, Kazakh and Turkish languages. But Kazakh and Turkish passive voices are similar.

## LITERATURE

1. *Иофик Л.Л., Чахоян Л.П.* Хрестоматия по теоретической грамматике английского языка. – Ленинград: Просвещение, 1967. – 14 с.
2. *Blokh M.Y.* Теоретическая грамматика английского языка. – Москва: Высшая школа, 1983. – 114 с.
3. *Ысқақов А.* Қазіргі қазақ тілі. Ана тілі. – Алматы: Ғылым, 1991. – 48 б.
4. *Хасенов Ә.* Қазақ тіліндегі туынды түбір етістіктер. – Алматы: Ғылым Академиясы, 1959. – 58 б.
5. *Babby L.* A transformational Analysis of Voice in Turkish: Passive, Derived Intransitive, Impersonal, and Causative. Cornell Working Papers in Linguistics, 1981. – 100 p.

**АХМЕТ ЯСАУИ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ, №1, 2014**

---

6. *Tietze A.* Observations on the Convergence of Passive and Medio-reflexive Verb Forms: The Case of Modern Turkish. *Studia Linguistica et Orientalia Memoriae Haim Blanc Dedicata* (P. Wexler, A. Borg, S. Somekh, eds.). – 1989. – 11p.
7. *Erdal M.* Old Turkic Word Formation: A Functional approach to the Lexicon. Vol. 2. – Otto Harrassowitz, Wiesbaden, 1991.- 31 p.
8. *Sezer E.* Issues in Syntax. Doctoral Dissertation, Harvard University, Cambridge, Mass. – 2006. – 94 p.

**ТҮЙІНДЕМЕ**

Бұл мақалада ағылшын, қазақ және түрік тілдеріндегі ырықсыз етістердің құрылымдық ерекшеліктері қарастырылған.  
(**Орынбаева Г. Ағылшын, қазақ және түрік тілдеріндегі ырықсыз етістердің құрылымдық ерекшеліктері**)

**РЕЗЮМЕ**

В этой статье рассматриваются структурные особенности страдательных залогов в английском, казахском и турецком языках.  
(**Орынбаева Г. Структурные особенности страдательных залогов в английском, казахском и турецком языках**)

ӘОЖ 372.65.21

**С.АЗИМБАЕВА**

Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ-нің магистранты

**Қ.Б.УРАЗБАЕВ**

филология ғылымының кандидаты,  
Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ-нің доценті

**ШЕТЕЛ ТІЛІНДЕ МӘТІНМЕН ЖҰМЫСТЫҢ  
ЛИНГВО-ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ**

*Мәтін – өте күрделі тілдік құрылым және лингвистиканың дәстүрлі нысаны. Мәтін ең алдымен тілдік қарым-қатынастың өнімі болып табылады. Мәтін – оқу процесінде мақсатты бағытталған кез-келген тақырып төңірегіндегі біріккен, сабақтастық пен тұтастыққа тән, ақпаратты толық жеткізетін, мазмұнды әрі мәнді сөйлемдердің тізбегі. Мәтіннің құрылымын айқындайтын басты белгілері – жүйелілік және тұтастық. Мәтіннің әдістемелік категориясы сол мәтінді түрлі әдіс-тәсілдерді ұғынып, мәнін түсінгенде ғана пайда болатын, оның логикалық жағымен тығыз байланыста болса, ал оның жүйелілігі күрделі бірліктерді құрайтын тілдік құралдардың белгілі әдіс-тәсілдерімен ұйымдасуынан сипатталады. Мәтін әр түрлі лингвистикалық ақпараттың негізгі бастауы бола отырып, шетел тілін оқытуда маңызды рөл атқарады. Мәтін лингвистикасы мәтіннің өзі мен құрылымын, категориялары мен тілдік бірліктерін, сол сияқты мәтінді, ең алдымен мәтінді оқу мен құрастыру, талдау және мазмұндау әдіс-тәсілдерін қарастырады.*

*Кілт сөздер:* мәтін лингвистикасы, лексика, теориясы мен практикасы, сөйлем контексті, ақпарат, логика, аспект.

Шетел тілін оқытудағы негізгі әдістемелік өлшемдердің бірі оқу мәтіні болып табылады. Кез келген адам, ақыл иесі ретінде, өмір сүруге және оған қоса өзінің білімін жетілдіріп отыруға міндетті. Мәтінді оқу әр адам үшін қажет, оқусыз өмір мағынасыз өмір болып қалады. Конфуций: «Ойланбай оқу – бекер еңбек; оқымай ойлау – қауіпті» - деген. Мәтінді оқу – бізді көбірек

алғыр ойлауға баулып, албырт сезімді тежеуге, ішкі ойлау күші арқылы біздің барлық ойлау және сезіну қабілетімізді қалыптастыратын сезім тәрізді ми гимнастикасы болып табылады (Пьер Гито Вокелен). Л.Г.Бабенко мен оның авторлық бірлестіктерінің әдеби мәтіндерді лингвистикалық анализ жасаған зерттеулерінде жалпыға ортақ мәтін анықтамасы жоқ екендігін, сұраққа жауап беру үшін әртүрлі авторлар бұл құбылыстың әр қырына нұсқайды деген көзқарастарымен келіспеуге болмайды. Д.Н.Лихачев – мәтін ішінде қандай да бір мәнін үстейтін автор жайлы; О.Л.Каменская – вербальды тілдесу құралы ретінде мәтіннің ролін; А.А.Леонтьев – тілдік шығарманың *АХМЕТ ЯСАУИ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ, №1, 2014*

функционалды аяқталуын және т.б. Қорытындыда олар Гальпериннің 1981 жылы берілген анықтамасын келтіріледі. Бұл анықтамаға сәйкес «...мәтін – бұл мазмұндық мәні жағынан тиянақталған, қандай да бір мақсатқа бағытталған әр типті лексикалық, грамматикалық, логикалық, стилистикалық байланысы бар ерекше бірліктерден тұратын жазбаша түрдегі шығарма болып табылатын тілдік шығармашылық үрдіс» [1].

Мәтін – сөз арқылы жеткізілетін, сөйлеудің шығармашылық нәтижесі. Мәтін арқылы барлық тілдік бірліктер іске қосылатындықтан, ол ерекше күрделі тілдік таңбаға жатады. XX ғасырдан бастап мәтін сөйлеу бірлігі және ерекше сөйлеу шығармашылығы ретінде зерттеле бастауы мәтін лингвистикасы пәнін дүниеге келтірді. Мәтін – лингвистиканың дәстүрлі нысаны. Мәтін ең алдымен тілдік қарым-қатынастың өнімі болып табылады. Қазірде мәтінге байланысты сұрақтар өзекті болып келеді. Мәтін – оқу процесінде мақсатты бағытталған кез-келген тақырып төңірегіндегі біріккен, сабақтастық пен тұтастыққа тән, ақпаратты толық жеткізетін мазмұнды әрі мәнді сөйлемдердің тізбегі. Шетел тілінде мәтін өте күрделі көп аспектілі және көп деңгейлі құрылымға ие. Мәтін лингвистикасы – мәтін ұғымына негізделіп, көбінесе талдаумен байланыстыратын өзінің теориясы мен практикасы бар жас ғылым [2].

Мәтінмен жұмыс жасаудың маңызы үлкен. Яғни, шығарма мәтінін оқыту, мәтінмен дербес жұмыс жүргізу, әңгімелесу, салалы жаттықтыру жұмыстарын жүргізу, тәжірибелік дағдыларға үйрету, жаңа сабақта сұрақтар арқылы әңгімеге араластыру, оқулықпен, қосымшалармен өздігінен жұмыс жасаудың маңыздылығы ерекше. Қандай мәтін болса да, алдымен оның мазмұнын түсіну қажет. Сөздің мағынасын түсіну оқушылардың мектептен игерген білім көлеміне байланысты. Сөздің нақтылы мағынасын сөйлем контекстінде ғана байқауға болады. Себебі жеке тұрғанда бір мағына беретін сөз, сөйлем ішінде кейде басқа мағына береді. Шетел тілінде мұндай жағдай жиі кездеседі. Бұл шетел тілінің синтаксис құрылысындағы ерекшелікке байланысты. Бұл шетел тілін оқып, үйреніп жатқан елдің реальды өмірін сипаттайтын, қазіргі болмысын көрсететін мәтін. Шетел тілінде мәтіндерді оқушы оқи отыра, өз елін, тілін үйреніп жатқан елмен салыстыра отырып сын елегінен өткізіп, ой-өрісін дамытып, терең жан-жақты білім алып, рухани саяси-идеялық тұрғыдан тәрбиеленуіне мүмкіндік алады. Мәтіндермен

жұмыс барысында оқушылар мәтіннің жекеленген бөліктерін бір-бірімен ұштастыруды, фактілер мен оқиғаларды логикалық, хронологиялық тәртіппен ұйымдастыруды, фактілерді топтастырудағы, оқиғалар арасындағы байланысты анықтауды үйренеді [3].

Мәтін ұғымымен бірге оны танып-білудің жолдары, амал-тәсілдері пайда болды. Ал мәтінді тілдік жақтан тану тілдік бірліктердің қызметін, мағыналық қырларын анықтаумен пара-пар. Мәтіннің тілдік қырларын толық білу интеграциялық процеспен қатар жүреді. Ғылымдағы интеграциялық үдерістердің көбеюі интеграциялық бірлесу мен тұтасудың көрінісі мәтін

***АХМЕТ ЯСАУИ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ, №1, 2014***

талдау мен мәтінтану, мәтін құрылымы мен мәтін түзілімнен көрінетіндіктен, осы жаңа парадигмаға сай мәтін лингвистикасына, мәтінтануға, мәтін кеңістігінің семантикасы мен көне мәтіндердегі сөздердің этимологиясын ашуға арналған зерттеу жұмысының бағыты мен көтерген тақырыбы өзекті болып табылады [4].

Қазіргі лингвистикалық мәтіндерде зерттелулердің пікірінше мәтіннің мазмұнын біріңғай жоспарлы және біріңғай ұғымды тұтас туынды ретінде құрастырса, екіншілері қандайда бір экстралингвистикалық белгілері бойынша белгіленген тілдік өлшемдер жиыны ретінде қарастырады. Тілді оқыту әдістемесі бірінші бағыт неғұрлым өнімді болып табылады. Мұнда мәтін бойынша түсіндіріледі: «Мәтін кейбір өлшемдердің қатаң бірізділігі болып түсіндіріледі, мысалы сөйлемдерден, олардан мәтін құралады. Мәтіндік зерттеулер жүргізу мәтінге, қолжазбаға ғылыми сипаттама беруден басталуы тиіс. Ғылыми сипаттама арқылы мәтіндегі ойды, ойдың жүйелілігін қалпына келтіру, мәтіннің біртұтастығын, байласымдығын, семантикалық және концептуалдық, тарихи тұрғыдан ортақ кеңістікте тұратынын ашып бере алу кез келген мәтінтанушының міндеті болса, мәтінталдаулық зерттеулердің де белгілі бір дәрежеде шешуші жағына жатады. Бұл аталған параметрлерден өзге А.И.Новиковтың мәтінге қатысты ұсынған толымдылық, бірізділік, байланыстылық, тиянақтылық, мәтіннің біртұтастығы белгілерін атауға болады [1, 133 б.].

Шетел тілінде мәтіндерді оқып түсіну арқылы сөйлеу дағдысын дамыту үрдісі бірнеше жолдармен жүзеге асырылады. Біріншіден, мәтіннің мән-мағынасын толық игерумен қатар алған білім мен білік дағдыларын іс жүзінде сауатты қолдана білу, ал екіншіден, мәтінге байланысты топпен жұмыс жасауға, бір-бірінің ойын зер салып тыңдау мен өзара пікір алмасуға, құрметтеуге және шетел тілінде дұрыс әрі еркін сөйлеуге үйрету Орта мектепте шет тілін оқыту 3 немесе 5 сыныптан басталды. Бұл кездегі бағдарламада оқыту, түсіну және шет тіліндегі мәтінді аудару білу. Сабәққа қажетті мәтін осылай ғылыми тұрғыда сұрыпталынып алынған соң, онымен жүргізілетін жұмыс мынадай кезеңдерге бөлінеді:

1. Мәтінді оқуға дейінгі кезең;
2. Мәтінді оқу аралығындағы кезеңі;
3. Мәтінді оқып болғаннан кейінгі кезең.

Мәтінді оқуға дейінгі бірінші кезеңде, біз оқушылардың мәтінді оқуға деген құштарлықтары мен қызығушылықтарын арттыру болып табылады. Оқушыларға мәтінді оқытудан алдын оларға мәтінге қатысты қызықты сұрақтар қойып, мысалдар келтіріп, жаңа сөздерді жаздырып, түрлі суреттер мен слайдтарды қолданған өте тиімді. Оқушыларды сол арқылы біз мәтінді оқуға деген қызығушылықтарын арттырып, шетел тілін жеңіл әрі тез меңгеруіне мүмкіншілік жасай аламыз. Ең алдымен біз оқушылардың назарын мәтін тақырыбына аударып, қажетті жағдайда көрнекі құралдарды, суреттерді және т.б. қызықты мәтінге сәйкес түрлі сөздіктер мен тапсырмаларды *АХМЕТ ЯСАУИ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ, №1, 2014*

көрсетіп, оқушылардың ой-өрісін әрі қарай дамытамыз. Шетел тілінде мәтіндерде қысқартылған сөздер, біздің болмысымызға тән емес эквиваленті жоқ сөздер, сөз тіркестері, жаңа және қиын сөздер болуы мүмкін, сондықтан да бұл қиындықтардың алдын алу үшін, бұл сөздерді дәптерлеріне жаздырып, аудармаларын түсіндіру қажет.

Екінші мәтінмен жұмыс кезеңі. Бұл кезеңде мәтіннің тілдік материалы мен құрылымын трансформациялау жаттығулары орындалады. Сондай-ақ мәтін ішінен қажет мәліметті бөліп алу, айыра білуге машықтандыру жаттығуларын әртүрлі тәсілмен орындатуға болады. Мәтінмен жұмыс кезеңі былайша ұйымдастырылады: алдымен мәтінді оқып шығу, берілген тапсырмасын орындау, оқыған мәтіннің мазмұнын айту, мәтін бойынша сұраққа жауап беру, жоспар жасату, бірнеше бөлімге бөлдіру, негізгі, жанама ойды таптыру, қорытынды жасату. Шетел тілінде оқушылар мәтіндегі барлық негізгі басты фактілерді міндетті түрде басты ақпаратты дәл түсінуі керек. Мәтінді оқып қарап шығу, түрі оқушылардан өте жоғары дәрежеде дамыған оқу іскерлігін талап етеді. Осылардың бәрі оқыған мәтіннің мағынасын оқушылар толық түсінуіне арналған жұмыстар.

Мәтін мағынасын толық түсіну дегеніміз не? Жалпы алғанда, оқушылар мәтіннің мазмұнын түсіну үшін, оның ішіндегі жеке сөздерді түсінуі керек. Бұл жеке сөздер түсінікті болса, тұтас мәтін де түсінікті болады. Мәтіндер әр түрлі болады. Сондықтан мәтіндегі ойды түсіну үшін онда берілген сөздердің тура мағынасымен қатар ауыспалы мағынасын да білу керек. Жекелеген сөздердің мағыналары белгілі бола тұрса да, кейде тұтас сөйлемнің мағынасын ұғу қиын болады. Дегенмен, кей жағдайда мәтін ішіндегі сөздердің кейбіреулері түсініксіз болса да, оның жалпы мазмұнын оқушылар түсініп жатады. Бұл жерде мәтін мағынасын түсінуге кейбір жеке сөздердің түсініксіз болуы ешбір кедергі келтірмейді. Сөздердің ауыспалы мағынасын түсіндіру қажет. Сонда ғана сөйлем мағынасы, одан мәтін мазмұны түсінікті болады.

Үшінші шетел тілінде мәтінді оқып болғаннан кейінгі кезең. Бұл кезеңде мәтін мазмұнының негізгі элементтерін, танымдық құндылығын айқындауға, мәтінге түсініктеме беруді үйретуге интерпретация бағытталған жұмыстар жүргізіледі.

Оқушылар мәтін мазмұнына байланысты тапсырмаларды орындайды.

Мысалы:

- мәтін мазмұнына байланысты берілген сөйлемдердің дұрыстығын не дұрыс еместігін анықтандар;
- берілген сөйлемдерді аяқтаңдар;
- мәтінді оқып оның негізгі мазмұнына қойылған сұрақтарға жауап беріндер;
- мәтінге жоспар құрындар;
- берілген сөйлемдерге сұрақтар қойындар;
- мәтін мазмұнына байланысты ой-пікірлерінді айтындар;

**АХМЕТ ЯСАУИ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ, №1, 2014**

- мәтін мазмұнын әңгімелеп беріндер;
  - мәтін мазмұнына байланысты сурет салындар;
  - мәтінде көрсетілген мәселеге қосымша ақпарат жинаңдар және т.б.
- Алғашқы кезеңге бірінші орынға оқып-түсіну және аударма қойылады.
- оқушылар таныс емес сөздерді оқып білу;
  - сөздіксіз мәтінді оқып түсіне білу;
  - шетел тілін өз ана тіліне ауызша аударма білу [5].

Мәтін лингвистикалық категория ретінде – мәтінді лингвистикалық талдауға, сипаттауға, ауызша және жазбаша жазылған мәтіндерге сергектікпен қарауға, оқыған мәтінінің мазмұнын ғана емес, оның терең мән мағынасына да үңілуге ерекше назар аударуға көмектеседі. Мәтіннің лингвистикалық ұйымдастырылуы – бұл сапалық белгі, ол мәтінді жай тілдік өлшемдер жиынынан ажыратуға мүмкіндік береді. Мәтіннің лингвистикалық ұйымдастырылуы, құрылымдығы мазмұндау ретінде де, мәтіннің мағынасын білдіру ретінде де көрінді. Мазмұндау бойынша ол мәтіндегі мағыналық өлшемдердің орналасу реті арқылы көрінеді. Мәтіннің мағынасын білдіру бойынша оның формасының құрамдарының орналасу реті арқылы, яғни мәтіннің жанрлық-композициялық ерекшеліктері арқылы көрінеді. Мәтін лингвистикасында мәтіннің негізгі екі нысаны айқындалады:

- Шағын көлемдегі мәтін – мәтінді мазмұндағанда кең мағынасындағы мәтін, макромәтін; мақала, қысқа әңгіме, ауа райы туралы хабар, хабарландыру, т.с.с.)

- Күрделі көлемдегі мәтін – мәтінді мазмұндағанда тар мағынасындағы мәтін, микромәтін (ғылыми, әлеуметтік, саяси және қоғамның түрлі салаларына байланысты ең жоғары деңгейдегі коммуникативтік бірлік).

Мәтін лингвистикалық категория ретінде мазмұны мен көріну құрылымдылығында, ұйымдастырылуында мәтіннің мағыналық тұтастығы мен мақсатының бөлігі сипатталады. Мағыналы әрі мәнді мәтін мен мағыналы әрі мәтінге қатысты байланысты қарым-қатынас (сөйлеу) жасауы мәтіннің лингвистикасының нысаны болып табылады. Мәтіннің лингвистикалық талдау нысаны кеңірек, себебі ол:

- тек бір көркем шығармалық тақырыпты ғана емес, өмірден алынған барлық қарым-қатынас түрлерінде кездесетін тақырыптарды қамтиды;

- мәтінді сол мәтінді тудырып тұрған барлық тілдік элементтердің

комбинациясы ретінде зерттейді. Ол тілдік арақатынастардың өзгерістерін, мәтін ішіндегі олардың динамикасын зерделеп, мазмұн тұрғысында мәтіннің идеялық-тақырыптық мазмұнын, эстетикалық құндылығын, жанрлық артықшылығын, ұйымдастырушығын талдауды қарастырады.

Шетел тілінде мәтін лингвистикасының негізгі мәселелері:

- а) мәтінді талдау;
- ә) мәтінді оқып аудару;
- б) мәтін бірліктерін анықтау және мазмұндау;
- в) мәтіннің категорияларын анықтау;

***АХМЕТ ЯСАУИ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ, №1, 2014***

д) мәтіннің грамматикалық дұрыстығын зерттеу [6].

Тіл қызметі – басқа қызмет түрлеріне сіңіскен мәтін қызметі. Мәтін - қарым-қатынастың негізгі бірлігі. Адамдар жекелеген сөздермен, сөйлемдермен емес, мәтіндермен қарым-қатынас жасайды. «Мәтін» ұғымы ертеден болғанымен, терминологиялық ұғымда кейіннен қолданыла бастады.

Қарым-қатынас құралы ретінде мәтіннің негізгі белгілері:

- тұтастығы (яғни байласымдылығы және мағыналы басталуы мен аяқталуы, яғни автор ойының (мазмұнның) айтылып бітуі);
- нысандылық (яғни автордың алға қойылған мақсатқа жетуі)
- модальділік (автордың хабарға көзқарасы, авторлық баға);

Мәтін категориясы – барлық мәтінге тән белгі, онсыз еш мәтін болмайды, яғни мәтіннің типологиялық белгісі.

*1-кесте. Мәтін типологиясы.*

Мәтіннің түрлері:	роман, әңгіме, аңыз, ертегі
Ақпаратты тасымалдау түрі бойынша:	ауызша, жазбаша, электронды, т.б.
Көлеміне қарай:	макромәтін, микромәтін, жеңіл, күрделі, т.б.
Қарым-қатынас тақырыбы мен сөйлеу тәсіліне қарай:	гуманитарлық, тарихи, танымдық, саяси, т.б.
Берілу тәсіліне қарай:	диалог, монолог, полилог

Әрбір тақырыптық мәтіндердің соңында сөздік материалы берілуі тиіс. Және де бұл сөздер талданып, оқушылардың арнайы дәптерлеріне жазылуы қажет. Қандай мәтін болса да, алдымен оның мазмұнын түсіну қажет. Сөздің мағынасын түсіну оқушылардың алдында игерген білім көлеміне байланысты. Сөздің нақты мағынасын сөйлем контекстінде ғана байқауға болады. Себебі жеке тұрғанда бір мағына беретін сөз, сөйлем ішінде кейде басқа мағына береді. Сөз мағынасының бұлай өзгеруі оның сөйлемдегі тұрған орнына байланысты. Сонымен қатар, сөз өзінің бастапқы мағынасында емес, ауыспалы мағынада қолданылуы мүмкін.

Қорыта келгенде, мәтін – көпәспектiлi, әр түрлi бағытта зерттелетiн күрделi лингвистикалық және әдiстемелiк құбылыс, ең жоғары коммуникативтiк бiрлiк. Сонымен, мәтiн жайлы ойды жинақтай келе, мәтiн



дегеніміз – өзара мағыналық байланыста айтылатын екі немесе бірнеше сөйлемнен құралып, автордың ой-пікірін білдіреді. Шетел тілінде мәтін рөлі ерекше болғандықтан, оған көбірек көңіл аудару қажет, өйткені шет тілінде мәтінмен жұмыс жасау арқылы оқушының ой-өрісін кеңейтуге, коммуникативті біліктілігін дамытуға ерекше көмектеседі.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. *Щеголева В.А.* Роль текстов в процессе обучения иностранным языкам в школе и основные требования к текстам для аналитического чтения. – В сборнике **АХМЕТ ЯСАУИ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ, №1, 2014**

«Вопросы методики обучения иностранным языкам в средней школе». – М.: Учгедиз, 1956.

2. *Колкер Я.М.* Практическая методика обучения иностранному языку – М.: Наука, 2000. – 27-31 б.

3. *Жұмбаев М.* Педагогика. – Алматы: Рауан, 1993. – 250 б.

4. *Жирнова Л.Н.* Лингвострановедческий подход при работе над текстом художественной литературы в языковом ВУЗе. Автореф. дис. канд. пед. наук. – М.: Юнвес, 1980.

5. *Соловова Е.Н.* Методика отбора и работы с текстами для чтения на среднем этапе. //Иностранное языки в школе. – 2007. – №2. –7-12 б.

6. *Түлегенова А.Н.*, «Шетел тілінде мәтінді оқу тәсілдері. //Иностранное языки в школе, №2, 2011 ж. – 16-19 б.

#### РЕЗЮМЕ

В этой статье рассматривается общее лингво-теоритические основы работы с текстам процессе обучения иностранному языку.

**(Азимбаева С., Уразбаев Қ.Б. Лингво-теоритические основы работы с текстом в обучения иностранному языку)**

#### SUMMARY

This article deals with general linguistic and theoretical foundations of work with the text in foreign language learning process.

**(Azimbayeva S., Urazbayev K.B. Lingo-Theoretical Foundations of Work with the Text in Foreign Language Learning)**

ӘОЖ 419.992 71

**Ж.К.СҮЙІНЖАНОВА**

филология ғылымдарының кандидаты,  
Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ-дің аға оқытушысы

**ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ АТАУЛЫҚ ТІРКЕСТЕРДІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ  
МЕН ҚОЛДАНЫЛУЫ ТУРАЛЫ**

*Мақалада авторлық қолданыстан бірте-бірте жеке номинативтік мағынаға ие болатын сөз тіркестерінің лексикалануы арқылы жасалған атаулық тіркестердің тілдік табиғаты сөз етіледі. Көркем шығарма тілі әдеби тіл фактісі болғандықтан, әдеби тілде болып жатқан барлық өзгерістерді өз бойына сіңіреді. Осы ретте авторлық қолданыста ұшырасатын атаулық тіркестердің мағынасы нақты тілдік деректер арқылы анықталады. Лексикаланған атаудың тұлғалық жағында өзгеріс аз немесе мүлде болмағанымен, мағыналық сипатында өзгерістер болатыны айтылады.*

*Кілт сөздер:* атаулық тіркестер, лексикалану процесі, номинативтік мағына, авторлық қолданыстар, уәждеме, әдеби тіл, лингвистикалық талдау, тілдік тұлға.

Атаулық тіркестердің пайда болуы мен жасалу жолы уақыт факторына тікелей байланысты болады. Авторлық қолданыс арқылы туындап, қолданысқа ие болып бірте-бірте белсенді жұмсала келіп, жеке номинативтік мағынаға ие болады.

Авторлық қолданыс арқылы туындаған атаулық тіркестерді анықтау үшін қазіргі ғылыми бағдар бойынша мәтін теориясына негіздеу орынды болмақ. Өйткені, атаулық тіркестің қалыптасуы сөйлем ішінде болғанымен, ойдың нақтылығы мен мазмұндылығы нақты әрі толық болуы үшін мәтін қажет болады.

Бұл орыс тіл білімінде жақсы зерттеліп, өз шешімін тапқан мәселе деуге болар еді. В.В.Виноградов өзінің “О теории художественной речи” атты

зерттеуінде мәтін теориясын көркем әдебиет тілі теориясының негізгі мәселесі ретінде қарастыру қажет екенін айта отырып, кез келген көркем шығарманың мазмұны, айтайын деген ойы мен идеясы тек кейіпкерлер бейнелерін жасаумен ғана шектеліп қоймай, сонымен бірге автордың стилінен, оның өзінің авторлық бейнесінен де көрінетінін жазған болатын [1].

Атаулық тіркестердің мағынасы мен олардың лексикалану сипатын анықтауда, қалыптасу жолын белгілеуде авторлық қолданыстағы атаулық тіркестердің де мәнін ашу аса маңызды және өзекті мәселелердің бірі екені айқын. Осы ретте ғалымдар көрсеткендей, көркем мәтінге лингвистикалық

---

***АХМЕТ ЯСАУИ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ, №1, 2014***

талдау жасау жазушының ойын танытуда, идеясын жеткізуде, сонымен бірге тілдік бірліктердің даму үлгісін анықтауда да аса қажет.

Көркем шығарманың идеясы мен негізгі айтылатын ойдың астарын, ондағы әлеуметтік мәселелер мен саяси көзқарастарды әдебиетші ғалымдар талдап, саралап, зерделеп көрсететіні белгілі. Дей тұрғанмен, көркем әдебиеттің негізгі құралы тіл болғандықтан, көркем мәтінге тілдік талдау жасау, оның стилистикалық жағынан саралануының негізі ретінде қарастырылады.

Н.М.Шанский көркем әдеби шығарманы танытудағы тілдік талдаудың қажеттілігі туралы мынадай ой айтады: “Лингвистический анализ художественного текста абсолютно необходим потому, что язык любого литературного произведения – от маленького лирического стихотворения до романа-эпопеи – является многоплановым и разносторонним, в силу чего содержит в своем составе нередко таких речевые “инкрустации” без знания которых либо просто непонятно, о чем говорится, либо складывается искаженная картина образного характера слов и выражений, художественной ценности и новизны используемых языковых фактов, их отношения к современной литературной норме и т.д.” [2].

Демек, көркем шығарманың диттеген мәселелері әр алуан, сан қырлы болуы ықтимал. Онда көтерілген ойларды талдау, автордың бейнесін анықтау, сөздердің мағынасын түсіндіру, әсіресе түсініксіз көне сөздер мен жаңа туынды сөздердің мағынасын ашу – лингвистикалық талдаудың негізгі міндеті саналады. Олай болса, жаңа мағына туғызуда қызмет ететін туынды сөздің күрделі түрінің бірі – атаулық тіркестерді мәтін аясында қарастыру маңызды мәселе деп есептейміз.

Көркем әдебиет стилистикасы әдебиеттану ғылымынан да, таза лингвистикалық ғылымнан да тыс жатқан аралық ғылым екенін байқау қиын емес. Мұның өзі, ең алдымен, көркем әдеби туындының күрделі табиғатымен байланысты. Көркем әдебиеттің айтары да, халыққа рухани берері де мол. Көркем әдебиет – тәрбиенің құралы. Негізгі құралы тіл болғандықтан лингвистикадан да бөлек тұра алмайды. Бірақ көркем әдебиет стилистикасын құрылымдық лингвистиканың қалыптасқан формуласына салу мүмкін болмайды. Оның өзіндік жаңаша жолы мен жүйесі айқындалуы шарт.

Көркем әдебиет стилистикасы мен көркем шығарманың тілі туралы

алғашқы ғылыми-теориялық тұжырым айтқан ғалымдардың бірі М. Балақаев екені белгілі. Ғалым қазақ әдеби тілі мәдениетінің мәселелері туралы көптеген жақсы ғылыми ойлар айтқан. Айталық, автордың “Қазақ тілі мәдениетінің мәселелері” атты зерттеу еңбегінде былай деп жазылған: “Жеке жазушының тіл өрнегінің толып жатқан бояу-бедері, өзіндік өсу, жетілу жолдары болады. Көркем әдебиет тілінің нәзіктігі көп жағдайда жазушының белгілі бір сөздерді “мағыналық топқа иіру”, яғни сөздерді өзара жаңа мағыналық байланысқа түсіру шеберлігімен байланысты” [3].

АХМЕТ ЯСАУИ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ, №1, 2014

М.Балақаев көркем әдебиет тілінде барлық сөздердің де қолданыла алуы мүмкін деген ой айтады. Тіпті кей ретте, орнымен, керегіне қарай қарапайым сөздер де, диалектизмдер де, белгілі кәсіппен, ғылым мен техникамен байланысты сөздер де көркем әдебиетте қолданыла алуы мүмкін деп есептейді. Сөздерді қалай болса солай жұмсамай, саралап жұмсау керектігін ерекше ескерткен ғалым өз еңбегінде М.Әуезов шығармаларын үлгі ретінде ұсынып, оның тіліне ғылыми талдаулар жасайды.

Көркем шығарма тілі әдеби тіл фактісі болғандықтан, әдеби тілде болып жатқан барлық өзгерістерді өз бойына қамтып отырады. Көркем текстегі сөздер, тіркестер, басқа да тілдік тұлғалар мен категориялар қазіргі әдеби тілде жоқ, күні өткен ескі не толық ене қоймаған жаңа құбылыс болуы мүмкін. Сондықтан көркем текст басқа да текст түрлерімен бірлікте әдеби тілдің даму заңдылықтарын анықтауға объект болатын тілдік дерек ретінде де қарастырылады” [4].

Қазақ тіл біліміндегі атаулық тіркестер жасалуының ең маңызды белгісі – семантикалық дамуы мен мағыналық құрылымындағы номинативтік белгінің толығы деп есептеледі. Бұл туралы А.Б.Салқынбай өзінің “Қазақ тілінің сөзжасамы” деп аталатын еңбегінде былай деп жазады: Номинацияның пайда болу жолының қарапайым және күрделі сатысы болады. Номинацияның қарапайым сатысы болмыстың негізгі белгісі мен қасиетін бағамдаудың нәтижесінде пайда болатын ұғымның атауы. Яғни атау – болмысқа тән негізгі белгілерді таңбалау арқылы туындайды» [5].

Ғалымдардың осындай пайымдаулары мен тұжырымдарына сүйеніп, әрі атаулық тіркестің негізгі қалыптасатын бастау көзі сөйлеу процесі екенін ескере отырып, сөйлеудің нағыз көрінер жерінің бірі көркем мәтін болғандықтан, біз мәтіннің ішіндегі авторлық қолданыста ұшырасатын атаулық тіркестердің мағынасын анықтауға талаптанамыз. Ойымызды мысалдармен дәлелдейік:

*“Көктемнің ескегі соға бастасымен, маңайдың қары ағыл-тегіл тез кетті. Бір ғана қорық емес, адырлар, далалар да әр жерінен ойылып, қарауыта бастады. Мезгілінен асып, ұзақ жатып қалған қар енді тіпті асыға жөнелгендей болды. “Жер аяғы кеңіген” дегендей уақыт келді (М.Әуезов).*

Бұл мәтіндегі негізгі ой мазмұны «жер аяғы кеңіген» деген ұғымды анықтауға құрылған. “Жер аяғы кеңіген” тіркесі әуелде еркін сөз тіркесі

сипатында қолданылғаны анық. Келе-келе ауыспалы мағынаға ие болып, лексикаланған тіркеске айналады да, қазіргі қолданысымызда тұрақты тіркес ретінде жұмсалады. “Жер аяғы кеңіген” дегеннің мағынасы М.Әуезов көрсеткендей, *көктемнің ескегі соға бастасымен, маңайдың қары ағыл-тегіл тез кетіп, бір ғана қорық емес, адырлар, далалар да әр жерінен ойылып, қарауыта бастайды. Мезгілінен асып, ұзақ жатып қалған қар енді тіпті асыға жөнелгендей болады. Яки қар еріп, аяқпен баратын жер кеңі бастайды*

---

**АХМЕТ ЯСАУИ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ, №1, 2014**

---

деген ұғымды таңбалайды. Ұғымды таңбалау арқылы бірте-бірте лексикаланып, мағыналық жағынан дами келе жеке атауға айналған.

Лексикаланған атаудың тұлғалық жағында өзгеріс аз немесе мүлде болмағанымен, мағыналық сипатында өзгерістер болады. Бұл мағыналық өзгеріс жаңа ұғымды белгілеуімен тікелей байланысты. Мағынаның сипаты тура уәжділік негізінде де, ауыспалы уәжділік негізінде де орындалуы мүмкін.

Мұны мынадай мысалдар арқылы анықтаймыз: *“Қыстың қалың ортасы болған шақта, Абай Ақшоқыдағы жаңа қыстауында, үнемі кітап соңында болатын. Аңнан Абай қайтып келгеннен бері Баймағамбет қалаға үш рет барып қоржын толтыра кітап апарып, толтыра ала қайтып, Абайдың ендігі ой азығын жиі-жиі ауыстырумен жүр. Абай Әйгерім үйінде отырып, оңашарақ орында кітапқа алаңсыз үңілді”*. Мұндағы “ой азығы” тіркесі лексикаланып барып метафоралық мәнге ие болған.

Лексикалану процесі – кең ұғым. Ол барлық мағыналардың дамуында және мағыналардың алмасуында болатын жағдай. Осыған байланысты Н.Ильясова “Қазіргі қазақ тіліндегі атаулық тіркестер: қалыптасуы мен даму үрдісі” атты кандидаттық диссертациясында былай деп жазады: “Атаулық тіркестердің дамуы тіл қабаттарының әртүрлі жақтары арқылы қалыптасты. Грамматикалық тәсілмен байланысып, лексика-семантикалық тәсілге ауысу барысында фонетикалық жақтан да, грамматикалық жақтан да өзгерістерге ұшырайды. Олар лексикалық единицаға айналып, тіліміздегі тіркесті атауларға үлгі бола алады” [6].

Осы айтылған тұжырымға сүйене отырып, біз жоғарыда аталған мысалдағы *ой азығы* тіркесі әуелде матаса байланысқан сөз тіркесі ретінде аталып, қалыптасып, бірте-бірте лексика-семантикалық тәсілге ауысу арқылы метафоралық деңгейге жеткен деген ойды айтамыз. *Ой азығы* еркін тіркес ретінде “ой” сөзінің сигнификаттық мағынасы арқылы және “азық” сөзінің денотаттық мағынасы негізінде жасалады. Азық бұл жерде басыңқы мағыналық сипатқа ие. Азық сөзі әдетте нақты зат ретінде көрініс береді. Ал “ой” абстрактылы ұғым болғандықтан, оның азығы болатыны және оның да азығы болуы қажеттілігі жазушыға “*ой азығы*” тіркесін жасауға итермелейді. Қазіргі уақытта “*ой азығы*” белсенді жұмсалатын атаудың бірі деуге болады. Демек бұл лексикаланған тіркес көркем шығармада қолданылу негізінде қалыптасып, дамып, жекелік сипатқа ие болған. Біз бұл сөзді нақты М.Әуезов

жасаған деуден аулақпыз. Дей тұрғанмен, сөз қолданысы әуелде көркем шығармада түрлене дамып, кейін жалпы қолданыста жұмсалатыны ғылыми әдебиеттерде терең зерттелген. Мысалы А.Виноградов, М.Балақаев, М.Серғалиев, Р.Сыздық, Б.Шалабаев, т.б. зерттеушілердің еңбегінде көркем шығарма тілі мен оның әдеби тілді қалыптастырудағы рөлі, сонымен бірге көркем шығарма тілінде номинативтік бірліктердің қалыптасатыны терең қарастырылған.

**АХМЕТ ЯСАУИ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ, №1, 2014**

Енді мына мысалға назар аударалық: *“Базаралы ат үстінде көп жүретін болғандықтан, Дәркембайға осылардай жатақтың Тобықты ішінде әлденеше жерде барын баян етіпті. Догалаң бауырында Сақ тоғалақ, Тасболат жатағы бар. Бірде Кіндіктіде – Әнет, Бәкең, Көтібақтардан шыққан жатақ, Ордада – Мамай жатағы, Миялы Байғабылда қырық рудан құралған жатақ барын айтқан. Оның үстіне Базаралы Шыңғыс сыртында, Бақанас бойында орналасқан Керей жатағын да біледі екен. Көкендегі – ақ ішінен шыққан “Қырық үйлі” деп аталатын және Семейге бір бекет жерде Жалпақта, Балторақта сан-сан үйлі жатақтар барын да айтқан. Онысы және қысыр кеңес емес, Керей-Уақтың, Бура-Матайдың, Ертіс бойындағы елдердің бәрінің жатағы. Базаралы айтуынша, солар шетінен егінші. Диқан боп қысқа, жазғы үзілмес еңбекпен күн кешеді екен. Осындағы бар жатаққа Базаралы ақыл айтыпты”.*

*Жатақтың Тобықты ішінде әлденеше жерде бары, Догалаң бауырында Сақ тоғалақ жатағы, Көтібақтардан шыққан жатақ, Миялы Байғабылда қырық рудан құралған жатақ* дегенде еркін тіркес түрінде келетін тіркестер *Тасболат жатағы, Мамай жатағы* дегенде лексикаланып, авторлық қолданыста жаңа мәнге ие болып тұр. *Тасболат жатағы, Мамай жатағы, Керей жатағы* деген лексикаланған бірліктер сыртында “ішінен шыққан” деген сөздер қысқарып, мағыналық тұрғыдан дамиды.

*Тасболат жатағы, Мамай жатағы, Керей жатағы* матаса байланысқан сөз тіркесі арқылы байланысып келіп, лексикаланып, жаңа туынды мәнге ие болады. Мұнда ілік септігі тұлғасының жасырын келуінің де семантикалық мәні бар. Ілік септігінің ашық тұруы мен жасырын тұруының сөз тіркесі арқылы туындайтын мағынаға көп жағдайда қатысы бар екені белгілі жайт. Бұл туралы ғалымдар А.Бісқақов, М.Томанов, С.Исаев, Б.Сағындықұлы, А.Б.Салқынбай, т.б. зерттеулерінде айтылады.

Осы ретте біз осы ғылыми зерттеулерде айтылған пікірлерге сүйене отырып, келтірілген мысалдардағы ілік септігінің болмауы онда таңбаланған денотаттың жалпылық қасиетімен байланысты деген ойды айтамыз. Сондықтан да *Тасболат жатағы, Мамай жатағы, Керей жатағы* деген тіркестерде *Тасболаттың жатағы, Мамайдың жатағы, Керейдің жатағы* десе, ондағы берілетін ұғымның мәні өзгеріп, жатақ сөзі аталған Тасболат, Мамай, Керей сөздері арқылы беріліп тұрған атауларға тән болар еді. Ал мәтіндегі ұғынылатын атаулық мән Тасболатқа, Мамайға, Керейге емес, сол

атаның атымен аталатын жалпы руға қатысты болғандықтан, ілік септігі жасырын қалпында берілген. Сөйтіп лексикалық бірлікке айналған.

Ал лексикалық мәні арқылы бұл тіркестер “белгілі бір рудың жайлауға көппен бірге кедейліктен көше алмайтын адамдары” деген мағынаға ие болады. Бұл мағына “жатақ” сөзінің негізгі мағынасы негізінде жасалып, ру аттары арқылы нақтыланып, жеке номинативтік мәнге ие болады.

*“Жауапкер Ералыда болған халді түгелімен шолды. Тентек Ояздың елді қорлаған, заңға қарсы қаракетін айтты. Дүре соғып, қамшы жұмсағанын да АХМЕТ ЯСАУИ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ, №1, 2014*

*іріккен жоқ. Тек іштей ойлаған тәсілмен, Абай енді Базаралыға болысқанын айтқан жоқ. Оны әдейі ірікті де, өзін Оразбайлар үшін, қызмет адамдары үшін намыстанған кісі қып көрсетті. Үкіметтің өзі елмен бірге сайлап бекіткен “халық билерін” Оразбайларды Кошкиннің ел көзінше дүрелеп сабағанын баса айтты. Барлық әлек содан болды деп баян етті”.*

Автор мәтін ішінде жауапкер Абайдың аузына салып отырған Тентек Ояздың есімі романда көп жерде қайталанады. Бұл халықтың ояз – уезднойға берген лақап аты. Тентек Ояз бұл жерде кісі есімі ретінде беріліп отырғанымен, оның әуелгі қалыптасу жолы *тентек ояз Кошкин* сипатында болып, анықтауыштық қатынаста тұрған. Кейін осы анықтауыштық қатынастағы сөз номинативтік ерекше туынды мағынаға ие болып, жеке мән алады. Сондықтан да ол бас әріппен басталып жазылып, оқырманға лақап ат ретінде таныс болған. *Тентек Ояз* сөзі авторлық қолданыста жасалған және окказионалдық мәнге ие лексикаланған атау.

Көрсетілген мәтінде тағы да “*халық билері*” деген атаулық тіркес бар. Бұл тіркес матаса байланысқан сөз тіркесі арқылы жасалып, жеке номинативтік мағына туғызады. Бұл аталған тіркестің мағынасы кең жайылған, сонымен бірге лексикаланған атаулық тіркес және осындай модель бойынша: *халық билері, халық соты, халық үкімі* сияқты атаулық тіркестердің парадигмалық қатары қалыптасқан. М. Әуезов осы атаулық тіркесті халық тіліндегі жасалған дайын қалпында қабылдай отырып, оны өзіне қару ретінде жұмсайды. Оразбайларды – халық билері ретінде таныстыра отырып, әділетсіз ояз істерін әшкерелеуді ойлайды.

*Халық билері* атаулық тіркесінің өзіндік қалыптасу жолы мен танымдық мәні бар. Бұл дала заңының өзіндік сара жолын көрсететін дара сипатының бірі екені белгілі жайт. Қазіргі кезде де бұл жүйе жаңарып, ерекше мәнде қарастырылуда. Осымен байланысты *халық билері* сөзінің ерекше денотаттық мәні бар, әрі туынды сөз болғандықтан өзі де жаңа туынды сөз жасауға қатыса алады. *Халық билері* атаулық тіркесі жасайтын сөзжасамдық жұптар:

*Халық билері – Халық билерінше;*

*Халық билері – Халық билеріндей, т.б.*

*“Михайловқа Абайдың ықыласын ерекше аударатын себеп көп-ті. Абайды бұл күнгі жиі сөйлесіп, ақыл алып сырласатын досы адвокат Андреев осы адамды мол баяндаған. Қазіргі Семей шаһарындағы орыс адамдарының ішінде ең зор ойшыл және үлкен адамгершілік тәрбиесін*

көрген жан деген. Андреевтің айтуына, Михайлов Петербург, Москвадағы және Ресейдің іші мен сыртындағы, бұл замандағы орыстың үлкен ойшыл азаматтарының баулуында өскен. Өз өмірін халық, қоғам игілігіне еңбек етуге жұмсаған.”

Мәтіндегі *Семей шаһары, орыс адам, адамгершілік тәрбиесі* деген тіркестер лексикаланып, жаңа мағынаға ие болған туынды сөздер. Әр туынды сөздің өзіндік жаңа екіншілік мағыналары бар. Мәселен, *Семей шаһары* лексикаланған атаулық тіркесінің екіншілік мағынасының мәні оны өзге **АХМЕТ ЯСАУИ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ, №1, 2014**

қалалардан ерекшелену үшін аса маңызды. Яки, *Түркістан шаһары, Алматы шаһары, Кереку шаһары* дегеннен оның өзгешелігін анықтайтын ерекше семасы бар екені белгілі болып тұр.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. *Виноградов В.В.* О теории художественной речи: Учебн.пособ. для филолог. спец. – М.: Высшая школа, 1971. – 239 с.
2. *Шанский Н.М.* Лингвистический анализ художественного текста. – Ленинград: Просвещение, 1990. – 414 с.
3. *Балақаев М.* Қазақ тілі мәдениетінің мәселелері. – Алматы: Қазақстан, 1965. – 187 б.
4. *Сыздықова Р., Шалабаев Б.* Көркем тексті лингвистикалық талдау. – Алматы: Мектеп, 1989. – 125 б.
5. *Салқынбай А.Б.* Тарихи сөзжасам (семантикалық аспект). Монография. – Алматы: Қазақ университеті, 1999. – 309 б.
6. *Ильясова Н.Ә.* Қазіргі қазақ тіліндегі атаулық тіркестер: қалыптасуы мен даму үрдісі: филол. ғыл. канд... автореф.: 10.02.02 – Алматы, 2003. – 125 б.

#### РЕЗЮМЕ

В этой статье рассматриваются формирование и употребление номинативных словосочетаний в казахском языке. Во фразовых глаголах также важно обратить особое внимание на значение именных фраз в авторах собственное использование.

**(Суюнжанова Ж.К. Формирование и употребление номинативных словосочетаний в казахском языке)**

#### SUMMARY

This article deals with the formation and usage of nominal phrases. In phrasal verbs it is also important to pay particular attention to meaning of nominal phrases in authors own usage.

**(Suyinzhanova Zh.K. Formation and Use of the Nominative Phrases in the Kazakh Language)**



УДК 372.65: 91.71

**С.Ж.ЧАКАНОВА**

кандидат педагогических наук, доцент  
МКТУ им. Х.А.Ясави

**ФОРМИРОВАНИЕ РЕЧЕВЫХ УМЕНИЙ НА БАЗЕ  
АДАптиРОВАННОГО ТЕКСТА**

*Статья посвящена проблеме формирования речевых умений у студентов-иностранцев на базе адаптированного текста. Новая лексика на каждом практическом занятии по русскому языку вводится в составе различных словарных объединений, сгруппированных по конкретным речевым темам, ситуациям. В статье приводятся адаптированные тексты для анализа. При анализе используется репродуктивно-креативный метод. Тексты способствуют активизации речемыслительной деятельности иностранных студентов.*

*Ключевые слова:* речевые умения, адаптированный, репродуктивно-креативный метод, презентация.

В качестве основной цели обучения русской лексике студентов-иностранцев выступает усвоение слов лексического минимума как функциональных единиц для ситуативного использования их как в устной, так и в письменной речи.

Подход к обучению нами определен как коммуникативный согласно выбранной методической концепции, стратегическая категория которой – коммуникативность.

Под частнометодическими принципами нами понимаются принципы обучения, выражающие специфику преподавания лексического аспекта русского языка в иноязычной аудитории. Выдвигаемые нами принципы обучения отражают сущность репродуктивно-креативного метода, использованного в процессе экспериментального обучения на подготовительном отделении Международного казахско-турецкого университета им. Х.А.Ясави.

Выделим основные принципы данного метода:

1. Принцип тематического концентризма. В соответствии с данным принципом новая лексика на каждом практическом занятии по русскому языку вводится в составе различных словарных объединений, сгруппированных по конкретным речевым темам, ситуациям. В рамках курса речевой адаптации, начального и основного этапов от занятия к занятию осуществляется системный ввод тематической лексики путем расширения содержательных компонентов тем и речевых ситуаций.

*АХМЕТ ЯСАУИ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ, №1, 2014*

2. Принцип опоры на иноязычный текст (как устный, так и письменный). Соблюдение этого принципа позволяет регулировать процесс обогащения словарного запаса обучающего, так как он осуществляется на базе предварительно отобранных учебных текстов для аудирования, чтения письма.

3. Принцип презентации новых слов на функциональной основе. Суть данного принципа заключается в том, что при предъявлении новой лексической единицы вначале усваиваются функции слова параллельно с произвольным усвоением его формальной стороны. В процессе формирования лексических навыков обучающихся семантизация слова, изучение формы слова не производится вне функции. Реализация этого принципа представляет собой единый процесс овладения лексическим значением, грамматическими признаками и функцией вводимой лексики при доминировании последней.

4. Принцип проектирования коммуникативной деятельности в упражнениях. Согласно указанному принципу система упражнений должна быть составлена с учетом переноса как механизма взаимодействия видов речевой деятельности и обеспечивать формирование общефункциональных механизмов всех четырех видов речевой деятельности, в качестве которых выступает осмысление, опережающие отражения, оперативная память, механизм эквивалентных замен.

5. Принцип общности лексического материала находят отражение прежде всего в методическом обеспечении общей языковой базы, достаточной и необходимой для формирования всех видов речевой деятельности. При этом навыки использования русской лексики, сформированные в одном виде речевой деятельности, применяются и закрепляются в других. Общая лексическая база создается, главным образом, путем отбора для отдельного занятия текстового материала, содержащую лексику, значимую для выражения главной информации текста.

Данные частнометодические принципы представляют теоретическую основу репродуктивно-креативного метода, реализующего коммуникативный подход к обучению русскому языку студентов-иностранцев, в частности, турецких студентов.

Важным компонентом КТОС является учебный материал, в который входит лексический минимум, текстовый минимум. В соответствии с

репродуктивно-креативным методом речевые умения формируются на базе текста, так как опора на текст является обязательным условием внедрения данного метода, предусматривающего предварительное восприятие, репродукцию, трансформацию иноязычного текста; переход от репродукции через трансформацию к порождению текстов. В качестве основных требований при отборе учебных текстов выступили: учебно-методическая выдержанность содержания текстов; познавательная ценность и научность их содержания; соответствие содержания текстов возрастным особенностям и

---

***АХМЕТ ЯСАУИ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ, №1, 2014***

интересам обучающихся. Так, в соответствии с первым критерием оценивается языковая доступность текста путем анализа его лексических и грамматических характеристик. При оценке лексической трудности текста осуществляется учет количества неизвестных лексических единиц, при оценке грамматической трудности – соотношение простых и сложных предложений, наличие (отсутствие) неизученных грамматических форм). Нами отбирались тексты диалогические и монологические описательного и повествовательного характера, (а также с элементами рассуждения). Так, для корректировочного артикуляционного и интонационного курсов, предусмотренных в период первых недель обучения русскому языку на подготовительном отделении, были отобраны адаптированные тексты следующего характера.

#### **Текст 1**

Это наш университет, а это наше общежитие. Здесь наша комната. Это наш подготовительный факультет. Вот наша столовая. Там наш спортзал.

#### **Текст 2**

Это наша аудитория. Вот окно. Справа стена. Здесь доска. Здесь мел и тряпка. Посередине стоит стол и стул. Здесь мое место. Тут моя книга, мой учебник, моя тетрадь и мой словарь. Вот газета «Заман Казахстан». Рядом ручка и карандаш.

Сейчас перерыв. Студент Хасан пишет письмо. Студентка Фатима переводит текст.

#### **Текст 3**

- Марта, здравствуй!
- Здравствуй, Аскар!
- Как дела?
- Спасибо, нормально.
- Марта, познакомься. Это мой друг.
- Как его зовут?
- Его зовут Али.
- Кто он?
- Он юрист.
- Очень приятно.

В соответствии с последними двумя критериями тексты должны представлять определенный интерес для обучающихся, быть для них значимыми. В связи с этим наряду с текстами, приведенными выше, предусматривался ввод текстов, содержащих в разумных дозах известные трудности как по содержанию, так и по языку, так как наличие трудностей вызывает активизацию

речемыслительной деятельности иностранных учащихся, требует решения определенных мыслительных задач, осмысления фактов, имеющих в тексте, их сопоставления, обобщения и т.п.

#### Текст 1

- Сакен, скажи, пожалуйста, когда состоится встреча?
- Сегодня в восемь часов.
- А ты знаешь программу вечера?
- На встрече будут выступать иностранные студенты. Они будут

***АХМЕТ ЯСАУИ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ, №1, 2014***

---

рассказывать, как они учатся в университете. Хасан сказал, что он тоже будет выступать на вечере. Он расскажет о своей Родине.

- А что ещё будет на встрече?
- Студенты будут танцевать и петь турецкие песни. Фатих будет читать стихи. Эти стихи он написал сам.
- О чём эти стихи?
- Он сказал, что это секрет. Я знаю, что он будет читать стихи по-турецки. Но о чём, не знаю. А потом будет новый кинофильм «Намыс». Я думаю, что вечер будет интересный.

#### Текст 2

Я живу в Туркестане месяц и уже знаю этот город. Туркестан – это второй Мекке. Центр Туркестана – это площадь Есимхана. Здесь находится мавзолей Х.А.Ясави. Я много раз бывал в мавзолее. Это один из самых красивых исторических памятников Казахстана.

Туркестан – это город студентов. Здесь учатся и будут учиться студенты из разных стран мира. Я рад, что я живу в Туркестане и учусь в Международном казахско-турецком университете им. Х.А. Ясави.

#### Текст 3

#### Наурыз

У каждого народа есть свой новогодний праздник. У казахов, например, 22 марта – это большой праздник, праздник Нового года, праздник весны, когда все цветет кругом, когда люди прощают друг другу обиды.

Слово «наурыз» в переводе с персидского языка означает «новый год», «новый день». Последний раз казахи праздновали Наурыз в 1926 (тысяча девятьсот двадцать шестом) году. Но когда Республика Казахстан 16 (шестнадцатого) декабря 1991 (тысяча девятьсот девяносто первого) года получила свой суверенитет, то есть стала самостоятельным государством, казахский народ снова начал праздновать этот день.

#### ЛИТЕРАТУРА

1. Методы системного педагогического исследования /Под ред. Н.В.Кузьминой. – Л.: ЛГУ, 1980. – 172 с.
2. Новиков Л.А. Семантика русского языка. – М.: Высшая школа, 1982. – 272 с.
3. Янушкевич Ф. Технология обучения в системе высшего образования. – М.: Просвещение, 1986. – 133 с.
4. Чапанова С.Ж. Русский язык. Начальный курс для иностранных студентов. – Туркестан: Туран, 2010. – 282 с.

### ТҮЙІНДЕМЕ

Бұл мақалада шетел студенттерінің мәтін арқылы сөйлеу біліктілігінің қалыптасу мәселелері қарастырылады.  
(Чаканова С.Ж. Мәтін арқылы сөйлеу біліктілігінің қалыптасуы)

### SUMMARY

In this article considers the problem of speech abilities of foreign students.  
(Chakanova S.J. Formation of Speech Abilities Based on the Adapted Text)

---

*АХМЕТ ЯСАУИ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ, №1, 2014*

---

U.D.C. 372. 651 10.44

**Z.M.DUISEMBEKOVA**

MA Student of Gazi University

### THE IMPORTANCE OF AUDIO VISUAL TECHNOLOGY IN ELT: USE OF YOUTUBE

*Audio visual technologies are important in education system. Audio visual technologies are those devices which are used in classrooms to encourage teaching learning process and make it easier and interesting. Audio visual technologies are the best tool for making teaching effective and the best dissemination of knowledge. So there is no doubt that technical devices have greater impact and dynamic informative system.*

*The use of audio visual materials as teaching aids has increased in recent years; thanks to technological advancement. Today's technology offers many choices to teachers, lectures and curriculum developers who wish to capitalize on the new generation's appetite for multimedia presentations. According to studies and research, some teachers claim that whenever they teach with some learning aids, their students get more stimulated because the learning aids help students to become more attentive. In addition, student's positive attitude generates more interest for the lessons they teach, and as a result students participate better in class. There are a lot of audio visual technologies and the most effective one is YouTube which helps students to learn English more enjoyable.*

*Keywords:* audio visual technology, effective teaching, ELT, YouTube.

The importance of audio visual (AV) technology in ELT should not be underestimated. There are two reasons for this: one, learning via AV creates a stimulating and interactive environment which is more conducive to learning; two, we live in an audio-visual age which means that having the skills to use AV equipment is integral to future employment prospects. Therefore exposure to AV technology in education is imperative [1].

Audio visual aids are effective tool that “invest the past with an air of reality”.

AV aids provide the learners with realistic experience, which capture their attention and help in the understanding of the historical phenomena. They appeal to the mind through the visual auditory senses (Jain, 2004). There is famous Chinese proverb “one seeing is worth, a hundred words” it is fact that we receive knowledge through our senses. There is another proverb that “if we hear we forget, if we see we remember, and if we do something we know it” so it means that use of AV technologies make teaching learning process more effective. As Kishore (2003) said “AV aids stimulated thinking and understand.” The use of AV technologies in *АХМЕТ ЯСАУИ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ, №1, 2014*

teaching learning process has multifarious values (Mohanty, 2001). AV technologies give chance to speakers to make a more professional and consistent presentation. The teaching profession is filled with countless opportunities to enrich the academic lives of students, while some concepts and educational objectives will be easy for students to grasp, other will require you to think creatively to ensure that important learning objectives are met. Using AV technologies in teaching is one way to enhance lesson plans and give students additional ways to process subject information (Kunari, 2006).

AV technology has been used in schools for decades, but only in the form of a TV and video player to show short educational films. Now it is the computer that shows these educational films and homework is also being done increasingly on PCs. Children learn differently and audio visual equipment gives teachers the chance to stimulate each child’s learning process with a combination of pictures, sounds and attention grabbing media. We are surrounded by audio visual equipment and children are keen to understand technology and keep up to date with applied science. Having this opportunity in the classroom helps to facilitate learning.

More and more schools are taking advantage of AV technology to teach their students. This equipment can be used to present information to students but also the fact that they are interacting with AV technology on a daily basis also makes them proficient in using technology.

When you watch a movie or TV program, superficial and even deep feelings and emotions are elicited, such as excitement, anger, laughter, relaxation, love, whimsy, or even boredom. These emotions are often triggered or heightened by the mood created by specific visual scenes, the actors, and/or the background music. A video can have a strong effect on your mind and senses [2].

Not exposing children to different forms of technology is depriving them of vital learning opportunities that could benefit them in later life for example through increased career opportunities. AV lessons should not just consist of children working in pairs on a PowerPoint presentation or rewriting a piece of work using Word, ICT should be challenging, exciting and fun.

Technology has made things easier for teachers who are always looking for interesting materials. Video sharing is the service provided by websites or software through which users can distribute and share their video clips with others. Video sharing services can be divided into several categories, ranging from user generated

video sharing websites to video sharing platform/ white label providers and web based video editing. The most popular one, especially among the young, is You Tube, though others are available, like Google and Yahoo or science stage [3].

Learning consultant Professor Stephen Heppell ran a project in which he gave 13 and 14 year-old students iPod Touches (MP3 players with screens that allow you to browse the internet) and asked them to complete certain tasks. To his surprise, he found that their search engine of choice was not Google, but YouTube,

*АХМЕТ ЯСАУИ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ, №1, 2014*

---

because it provided them with a clear, visual set of results rather than a series of short paragraphs [1].

YouTube™ (youtube.com) is a video sharing Web site that allows anyone to post videos online. Viewing videos on YouTube™ is free as is an account that allows users to exchange email and interact with other YouTube™ users. As a result, YouTube™ is one of the most popular sites on the Internet. In 2008, Wesch estimated that over 150,000 videos were uploaded to YouTube™ per day and that 78.3 million videos total were available. It would require an estimated 412.3 years to view all the content (Wesch).

YouTube and other similar sites such as TeacherTube and Teachers TV are powerful tools that are freely available to anyone and, offer vast potential for the use of audio-visual materials in education. YouTube has a wealth of educational content – from science experiments (there are 47,000 in all) through to PowerPoint presentations and simple demonstrations of how to play a musical instrument.

Regular YouTube accounts are limited to uploading videos of a maximum length of 15 minutes. This has very positive implications for language teachers and learners. With a limit set to 15 minutes, we find users creating short and concise movies, animations, product reviews, etc. that start and finish within this time period. In other words, without looking too far, complete stories with a start, middle, and end that only last up to 15 minutes can be found on YouTube. Using such a complete story compared to isolating a specific scene from a feature-length movie on DVD, here are some advantages for teachers:

- Context is usually outlined as the story progresses, meaning that students do not need to be given context-setting information before watching. Conversely then, using short stories or movies can promote students to pay attention to or think about contextual information as it appears.

- Canning (2000) suggests that video should be shown in short periods as apposed to showing a full feature-length movie without intermediate comprehension activities. With a 15-minute time limit, YouTube seems to offer video in a ‘bite-size’ format of appropriate length, allowing the teacher to conduct comprehension activities afterwards, and if necessary replay the video in its entirety, without losing the attention of students.

- The theme of the video/movie is often narrow, which implies that students can brainstorm concepts or vocabulary they think will be relevant before watching [4].

Below are some of the importance of audio visual materials in teaching and learning:

1. Audio visual material arouses learner's interest. Students get anxious and develop a learning habit when the teaching method or medium appear real to them and are not abstract. The material helps the teacher or the instructor to present his/her lessons clearly and effectively and this in turn catches the attention of the pupils.

2. Instructional materials are important because with them learners have *АХМЕТ ЯСАУИ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ, №1, 2014*

a clear view of what is being taught.

3. Audio visual materials guide learners/students to learn well and it reduces the stress involved in the process of teaching and learning.

4. Audio visual aids in the classroom enhance teaching methods and improve student's comprehension.

5. Teaching materials help to get the attention of the students, makes the class more realistic and it gives a viewpoint or key point on the topic.

6. Instructional materials give proficiency to teachers and also help students to get the true picture of what is being taught.

In conclusion, people learn in different ways. Some people are good in retaining information passed to them orally, while some others are extraordinarily good in retaining information through what they read and others through pictures and some other means. But generally, findings and statistics have shown that audio-visual technologies will play a huge role in the future of schools thanks to the development of technology and the increasing body of evidence which proves its ability to improve learning and future employment prospects. The National Curriculum describes AV as something that:

*“Prepares pupils to participate in a rapidly changing world in which work and other activities are increasingly transformed by access to a varied and developing technology.”*

A wide selection of AV tools make teaching and learning a rich and enjoyable experience, inspire learners with creative and innovative multimedia activities and will also save time in lesson preparation.

#### REFERENCES

1. www.educationcloset.com
2. York J. Reasons for using Youtube in the language classroom including practical usage examples. Jalltcall Journal. Vol.7. 2001 - p.207-215.
3. Oddone C. Using Videos from YouTube and Websites in the CLIL Classroom. Studies about languages. NO. 18, 2011.
4. Berk, R. A. Multimedia teaching with video clips: TV, movies, YouTube, and mtvU in the college classroom. *International Journal of Technology in Teaching and Learning*, 5(1), 1–21.2009.

#### ТҮЙІНДЕМЕ

Бұл мақалада аудио-бейне технологиясының ағылшын тілін үйретудегі маңызы мен



YouTube-тің қолданылуы қарастырылған.  
(Дүйсембекова З.М. Аудио-бейне технологиясының ағылшын тілін үйретудегі маңызы: YouTube-тің қолданылуы)

## РЕЗЮМЕ

В этой статье рассмотрены значение аудио-видео технологий и применение YouTube в обучении английскому языку.

(Дүйсембекова З.М. Значение аудио-видео технологий в обучении английскому языку: применение YouTube)

*АХМЕТ ЯСАУИ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ, №1, 2014*

ӘОЖ 420

### З.Н.НАБИЕВА

Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ-нің магистранты

## АҒЫЛШЫН ТІЛІ САБАҒЫНДА ИНТЕРАКТИВТІ ТАҚТАНЫ ҚОЛДАНУДЫҢ КЕЙБІР ӘДІСТЕРІ

*Бұл мақалада жаңа технологияның терминдік атауы және оның жалпы мағынасы айтылады. Соның ішінде интерактивті тақта, оның қолданылу әдістері жайлы жазылған. Интерактивті тақта – бұл компьютердің қосымша құрылғыларының бірі және де дәріс берушіге немесе баяндамашыға екі түрлі құралдарды біріктіретін: ақпараттың кескіні мен қарапайым маркер тақтасын біріктіретін құрал. Сонымен қатар интерактивті тақтаны пайдаланудың тиімді жақтары көрсетілген. Жаңа технологияларды қолданып сабақ өту барысындағы ең тиімді бағдарламалардың бірі Active Studio және Microsoft Power Point.*

*Кілт сөздер:* жаңа технология, инновация, интернет жүйесі, интерактивті тақта.

Қазір оқытудың модельдік технология, компьютерлік технология, ақпараттық технология, инновациялық технология сияқты көптеген түрлері пайда болған. Соның ішінде инновациялық технологияға тоқталатын болсақ, оны жаңа технология деп те атаймыз [1]. Интерактивті құралдардың көмегімен мұғалімнің, оқушының шығармашылықпен жұмыс істеуіне жол ашылып отыр. Интерактивті тақта – бұл компьютердің қосымша құрылғыларының бірі және де дәріс берушіге немесе баяндамашыға екі түрлі құралдарды біріктіретін: ақпараттың кескіні мен қарапайым маркер тақтасын біріктіретін құрал [2]. Ол мұғалімге қысқа мерзімде өзінің үлкен дидактикалық материалдармен қамтамасыз етіп, компьютерлік білімін даярлауға көмектеседі және ол оқушылардың түрлі қабілеттерін ашады. Олардың қатарына есте сақтау, көру, есту, ойлау және т.б. жатады. Ағылшын тілі сабағында жаңа әдістерді интерактивті тақтада көрсетуге болады. Сонымен қатар презентация барысында сабақ түсіндіргенде көптеген әдіс



**4. Five line poem (Бес жолды өлең әдісі):**

*Now please write five line poem according to William Shakespeare!*

**Shakespeare**

**Quick-witted, hardworking, friendship**

**Write, play, act**

**Better a witty fool than a foolish wit**

**Poet**

---

**АХМЕТ ЯСАУИ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ, №1, 2014**

---

Мысалы, бұл әдісті сабақты қорытындылау мақсатында қолдандық. Өлең құрастырудың нәтижесінде оқушының шығармашылық қабілетін дамытуға болады. Біріншіден, оқушылар өлең құрастыру барысында ойланады, ізденеді, шығармашылық шеберлігін көрсетеді. Екіншіден, тақырыпқа байланысты жаңа сөздерді қалай меңгергенін байқай аламыз. Сонымен бірге, бес жолды өлең әдісінің өзіндік ерекшелігі яғни үлгісі бар. Мысалы, өлеңнің бірінші жолы бір зат есімнен, екінші жолы екі немесе үш сын есімнен, үшінші жолы үш етістіктен, төртінші жолы өлең тақырыбына қатысты сөйлем немесе мақал-мәтелден, бесінші жолы ерекше әсер беретін сөз немесе сөйлемнен құралады. Тағы да сол сияқты көптеген әдістер қолдансақ оқушылардың ой-өрісі дамып, дүниетанымы кеңейеді және сабаққа деген құлшынысы артады. Интерактивті тақтамен презентацияны бірге қолдану оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын арттырады. Ағылшын тілі сабағын түсіндіруде интерактивті тақтаның тиімділігі мол. Әрбір технология өзіндік жаңа әдіс-тәсілдермен ерекшеленеді. Ағылшын тілі сабағын түсіндіруде біз барлық жаңа әдістерді интерактивті тақтаның көмегімен түсіндірсек сабақ өте тиімді әрі балаларға қызықты болды. Шет тілін интерактивті технологиямен оқыту – оқушының өз бетімен жұмыс істеуіне, соған байланысты материалдарды ізденуіне, ойлануына, танымдық қабілетінің артуына, сабаққа деген ынтасын арттыруға мүмкіндігі мол екендігіне көз жеткіздік. Нашар оқитын оқушының өзі де компьютермен, интерактивті тақтамен жұмыс істеуге қызығады. Бұл әдістерді педагогикалық тәжірибе барысында, А.Байтұрсынов атындағы №1-ші мектептің 8-ші сыныбына сабақ өту барысында қолдандық.

**ӘДЕБИЕТТЕР**

1. *Нұржан Ж.* Қазақ тілін оқыту технологиясы. – Ақтөбе: Фолиант, 2010. –203 б.
2. *Қараев Ж., Ешеева Ж.* Программалап оқыту және оның компьютерді оқытуға пайдаланумен байланыстылығы. – Алматы: Дәуір, 1991. – 146 б.
3. *Амандықова Г., Мұхтарова Ш.* Шет тілін оқыту әдістемесі. – Астана: Фолиант, 2010. – 130 б.

**РЕЗЮМЕ**

В статье рассматриваются некоторые методы применения интерактивной доски в обучении английскому языку.

(Набиева З.Н. Некоторые методы применения интерактивной доски в обучении английскому языку)

#### SUMMARY

This article deals with methods of using Active Inspire in English lesson.  
(Nabiyeva Z.N. Methods of using Active Inspire in English Lesson)

*АХМЕТ ЯСАУИ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ, №1, 2014*

---

ӘОЖ 398. 584

**М.ШЕРИМБЕТОВА**

Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ-нің магистранты

#### **«ТРИСТАН МЕН ИЗОЛЬДА» ЖӘНЕ «ҚОЗЫ КӨРПЕШ-БАЯН СҰЛУ» ЖЫРЛАРЫНЫҢ НҰСҚАЛАРЫНДАҒЫ ЕРЕКШЕЛІКТЕР**

*«Тристан мен Изольда» XII ғасырдағы батырлар жырына жататын, сүйіспеншілік, ғашықтық аса көп дәріптелетін орта ғасырлық француз жырларының бірі.*

*XIII-XIV ғасырлардағы лиро-эпос жырларының ішінде тақырыбы, оқиғасы, құрылысы жағынан ерекше орын алатыны және халық арасына көп тарағаны - «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жайындағы жыр. Бұл жыр бір-біріне ғашық болған екі жастың өмірі жайлы баяндайтын дастан емес. Ол сонымен қатар, қоғамдық мәні бар әңгімелерді қамтыған, халықтың өткен өміріндегі тұрмыс-салтын бейнелеген жыр.*

*Екі жырдың қай нұсқасын саралап қарасақ та негізгі мотиві махаббатты ардақтау, екі жастың аз уақыт ішінде қызық көріп, кейін трагедияға ұшырауы болып табылады. «Қозы көрпеш-Баян Сұлу» мен «Тристан мен Изольда» жырларының нұсқаларында ортақ белгілер қатарында кейбір сарындарды, кейіпкерлерді, олардың атрибуттарын, сондай-ақ жанрлық ерекшеліктерін айтуға болады.*

*Кілт сөздері:* жонглерлер, Моруа орманы, Шоқтерек, махаббат шарабы.

«Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жыры - қазақ эпосының ең көне нұсқаларының бірі. Бұл жырды Болат Уәлиханов 1828 жылы Петербургте Сенат үйінде үш күн айтып бітіре алмаған. Оның нұсқалары өте көп және олар екі ғасыр бойы жиналып келеді. XVIII ғасырда бұл жырды Сақау (Баянауыл), Жанақ (Қарқаралы), Сыбанбай (Көкпекті), Шөже (Көкшетау), Құлтума (Қорғалжын), Баубек, Бейсенбай (Шыңғыстау), Сегіз сері (Обаған), Айтбай (Аякөз) Қатпа (Ташкенттің түбі) сияқты ақын-жыршылар жырға өзгерістер енгізе отырып айтқан. Солардың ішінде Аягөз бен Лепсі бойындағы айтушылардың қолжазбалары сақталған. «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жырының кейбір деректерде 16 нұсқасының бары көрсетіледі [1]. Осы нұсқалардың бірнешеуіне тоқталып өтейік: ең көлемді, әрі көркем, әрі ең көне нұсқасының бірі - атақты Жанақ ақын

жырлаған нұсқасы. Бұл жырды Жанақ ақын XIX ғасырдың 20-40 жылдары айтып, бірнеше нұсқа қалдырады. 40-жылдың бас кезінде Жанақ Құсмұрында отырған Шыңғыс Уәлихановқа барып, бұл жырды оған және баласы Шоқанға айтып береді. Әкесі Шыңғыста оның үш нұсқасы болды. «Біз әкем екеуіміз 1842 жылы осы үш нұсқаны біріктіріп, бір толық нұсқасын жасадық. Ахмет оны таза қағазға жазып шықты. Менің орысшаға аударғаным осы нұсқа еді» [2].

Келесі Баянауыл нұсқасы бойынша Сарыбай мен Қарабай екеуі біріне-бірі уәде беріп, бірімізден ұл, бірімізден қыз туса, айырылмас құда болайық деп

*АХМЕТ ЯСАУИ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ, №1, 2014*

анттасады. Сарыбай ұлының атын Қозы қояды, Қарабай қызының атын Баян деп қояды. Бұл нұсқаның ерекшелігі Қозы мен Баян бір-бірін сегіз жасқа дейін көріп, араласып жүреді. Сарыбай тағдырдың жазуымен қайтыс болған соң, Қозы жетім қалады. Қарабай жетімді менсінбей Аягөзге көшіп кетеді.

Алайда жылдар өтіп, Қозы ержетіп, Қарабайдың үйіне басқа нұсқалардағыдай тазша түрінде емес, ескі дәуірден келе жатқан жора бойынша ұлы салтанатпен, қасына көп жігіт ертіп, күйеу болып барады. Сараң, мейірімсіз әкенің жүрегі жібіп, қос ғашықты қоспақшы болып: «Осы, істі қояйық, үйге қайтайық», – деп Қодарды шақырады.

Айдалада құрулы шатыр тұрды,

Алтын Айдар жарқырап жатыр дейді.

Әлде болса Баянға қосалық деп,

Көргеннен соң Қарабай қия алмайды [3].

«Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жырын төгілте әдемі жырлаған атақты ақынның бірі – Шөже. Ол бұл жырды 1820 жылдан бастап 1870 жылға дейін, елу жыл бойы жыл сайын бірнеше рет айтып келген. Оның айтқан нұсқалары Ақмола, Семей, Торғай облыстарында қолға тигізбей, қолдан-қолға тарай берді. Бүгінде Шөже айтқан «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» нұсқасының араб әрпімен жазған он шақты қолжазбасы сақталған [3, 171-173 б.].

Бертін келе бірнеше жыршылардың нұсқаларымен танысып, зерттеген М.Әуезов “Қозы Көрпеш-Баян Сұлу” жырының өз нұсқасын 1936 жылы жариялайды. Бұл нұсқа 1939 жылы жарық көрген “Батырлар жыры” жинағының I-томына енгізілген. М.Әуезов нұсқасының жаңалығы: жыр Қарабай мен Сарыбайдың аң аулап жүріп достасуынан басталғанмен, олардың кім екенін баяндаудан тыс, әрқайсысына жеке-жеке мінездеме берген. Қарабай рақымсыз, дүниеқоңыз жан болып суреттелсе, Сарыбай жомарт, ақ көңіл, қайырымды, ізгі жан болып сипатталады. Буаз маралды атуға әуелі дәті бармаса да, өкпе айтқан Қарабайдың құдалығын кимай маралды атып құлатады, ақ көңіл жан киелі аңды атып, ақыры өлер алдында оған былайша зарын айтады:

Әуелі біз жолықтық есен-аман,

Түсірдің осы жерде ақыр заман.

Қоймадың бір маралды атып бер деп,

Мұнша қатты сөз айттын маған жаман.

Жүзімді көремісің, көрмеймісің,

Сөзіме еремісің, ермеймісің...

Ант айтып, ақыреттік құда болдық,

Қыз туса, беремісің, бермеймісің? – деп, оның екі жүзді,

опасыздығын аңғарғандай болады [4].

XII ғасырдың 1170 жылдар шамасында англо-нормандық жонглёрлер жырдың француз тілінде түпнұсқасын қалыптастырады. Ең алғашқы рет Францияда жыр өлең сөздермен жазылып, әдеби өңделуден өтеді. Жырдың XII ғасырда жазылған алғашқы 2 қолжазбасы қалыптасқан. Олар француз ақындары (труверлер) Берульдің нормандық диалектіде жазылған (1180ж. шамасында) қолжазбасы және Томастың француз тіліндегі фрагменттермен (1170 ж. шамасында) сақталған қолжазбасы [5]. Алайда бұл қолжазбалардың *АХМЕТ ЯСАУИ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ, №1, 2014*

ешқайсысы толық сақталмай, үзінді жолдармен біздің уақытымызға жеткен.

Беруль қолжазбасының пайда болуы жайлы ғалымдар арасында қызу пікірталас бар. Ғалымдардың бір тобы Берульдің шығармасы Томас нұсқасынан кейін он-он бес жылдан кейінгі шығарма дейді. Себебі, жыр халық ауыз әдебиетіне сүйеніп жазылса да, қарапайым халық тілінде баршаға түсінікті тілмен жазылған. Бұл қолжазбада сол замандағы ортағасырлық мәдени құндылықтары жоққа шығарылып, кейбір сюжеттер мен образдардың анайылығы көрсетілген және шығарма үзінді өлең ретінде 4485 жолдары ғана біздің уақытымызға жеткен. Қолжазбаның бастапқы бөлігі яғни Тристанның туылуы мен балалық шағынан нағашысы Марктің еліне баруына дейін және соңы Тристанның Бретонға қуылуы бөлімдері сақталмаған. Ал, Томас қолжазбасының орта бөлімі сақталмаған. Томас қолжазбасында ақын кейіпкерлердің ішкі жандүниесіне мән береді. Мазмұны мен идеясы Беруль нұсқасымен сарындас болғанымен, оның жазу стилі мен ішіндегі сюжеттерде айырмашылық бар. Қолжазбада ғашық жандардың Моруа орманынан оралғаннан кейінгі қарым-қатынастары толық ашылып суреттелген. Сонымен қатар Тристан мен аксаузақ Изольда арасындағы психологиялық қиындықтары туралы жазылған. Ақын кейіпкерлердің күнделікті өмірлерін, ұзақ теңіз саяхаттарын, жұқпалы аурумен ауыратындардың мұңды да қорқынышты өмірін, отқа салып қинау кездерін әсерлендіріп жазған [6].

Бұл екі қолжазбаның толық мәтіндері сақталмағандықтан осы қолжазбалардың негізгі желісі бойынша труверлер (ақындар) халық арасында өз нұсқаларын айтып отырған. Әсіресе, Томас қолжазбасы бойынша көптеген әдебиет зерттеушілер мен аудармашылар жұмыс жасайды. Солардың бірі неміс ақыны Готфрид Страсбургский (?-1220) 1210 ж. Томас нұсқасы бойынша өзінің атын әлемге танытқан поэзия тілінде «Тристан және Изольда (Tristan und Isold)» жырының бір нұсқасын жазады. 1226 жылы IV Хакон патшаның (1204-1263) бұйрығымен ғалым Роберт әкей Томас қолжазбасына түзетулер енгізіп тағы бір нұсқасын жазады. Жырдың англо-нормандық нұсқасын Томас қолжазбасымен салыстырғанда Роберт әкей мазмұны мен идеяларын айнымастай қайталап көрсеткен. Сонымен қатар біраз қысқартулар да енгізген. Әсіресе, Томас қолжазбасындағы ұзын сонар монологтарды қысқартқан. Роберттің ойынша ішкі жан тебіренісін жеткізетін монологтар жырдағы шиеленіскен оқиғаларды алға қарай ұмтылудың шешімін баяулатады, оқушының қызығушылығын төмендетіп, көңілін төмендетеді [7].

«Тристан прозасы» (Prose Tristan) 1240 жылдар шамасында француз тілінде жазылған. Авторы белгісіз. Тристан туралы жырдың кара сөз түрінде жазылған

нұсқасы өлең сөзбен жазылған нұсқалармен мазмұндас болғанымен, мұнда көптеген қосалқы кейіпкерлер мен жаңа эпизодтар пайда болады. Сезімге толы жан ретінде бейнеленген Тристан бұл нұсқада шытырман оқиғаға толы ел аралап жүретін сері мырза (рыцарь) рөлін ойнайды.

1485 жылы ағылшындық Томас Мэлори «Артурдың өлімі (французша Le Morte d' Arthur)» атты көп томдық кітап жазады. Оның құрамына Тристрам батыр туралы жырда (The Fyrst and the Secunde Boke of Syr Truystrams de Lyones) кіреді. Автор жырды проза тілінде жазылған нұсқаның негізінде жазады. Мэлори

***АХМЕТ ЯСАУИ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ, №1, 2014***

нұсқасында жырдың басты құрылысында өзгеріс жоқ. Дегенмен, Роберт әкей мен Томас нұсқаларындағыдай сүйіспеншілік көп дәріптелмейді. Тристанның батырлық, ерлік қасиеттері басымырақ айтылады.

Кез келген жырдың сан алуан нұсқалары жайлы сөз еткенде, біз қай айтушы қандай өзгерістер енгізеді, оның ерекшелігі қайсы, сол сюжеттердің өзара айырмашылығы, мотивтерінің ұқсастықтары неде деген сауалдарға жауап іздейміз. Қорыта келгенде, ортағасырлық махаббатты дәріптейтін «Тристан мен Изольда» және «Қозы көрпеш-Баян сұлу» жырларының нұсқаларын сюжетіне қарай екі түрлі салаға жіктеуге болады:

1. Екі жырдың бұл салаға кіретін нұсқаларындағы сюжеті трагедиялы болып келеді. Оған: «Қозы көрпеш-Баян сұлу» жырында Шокан – Жанақ, Баянауыл, Шөже, Баянауыл, Ш.Әбенев, Дербісалин нұсқалары; «Тристан мен Изольда» жырында Томас пен Беруль қолжазбалары, Готфрид Страсбургский, «Тристан прозасы», Роберт әкей нұсқалары жатады.

2. Жырлардың бұл саласындағы нұсқаларында трагедиялық аяқтама жоқ. Басты кейіпкерлер бақытты болады. «Қозы көрпеш-Баян сұлу» жырында В.В.Радлов, Бейсембай нұсқасы және Айтбай Дандыбайұлының нұсқалары; «Тристан мен Изольда» жырында Т.Мэлори, Эйльгарт фон Оберг нұсқалары мен Ю.Стефанованың аударма нұсқасы жатады.

#### **ӘДЕБИЕТТЕР**

1. Қасқабасов С.А. "Қозы Көрпеш-Баян Сұлу" жыры және түркі эпостық дәстүрі. "Қозы Көрпеш-Баян Сұлу" эпосы және түркі әлемі" "Қозы Көрпеш-Баян Сұлу" жырының 1500 жылдығына арналған халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Алматы: "Интерпринт", 2003. – 186 бет.

2. Валиханов Ч. Соб. сочин. Т.1. – Алматы: Главная редакция Казахской Советской энциклопедии, 1984. – С.432.

3. «Қозы Көрпеш- Баян Сұлу». – Алматы: Жалын, 1985. – 255 бет.

4. Дүйсенбаев Ы.Т. Қазақтың лиро-эпосы. – Алматы: Өнер, 1973. – 208 бет.

5. Classical and Medieval Literature Criticism. -London: Gale Cengage Publishing, - 2001, – p. 90.

6. von Strassburg, Gottfried. Tristan and Isolde. Trans. A.T. Hatto, Rev. Francis G. Gentry. – New York: Continuum Publishing, 1988. – p. 96

7. Жозеф Б. «Тристан и Изольда» Перевод с франц. А.А.Веселовского. М.: "Аргус", 1993. – 134 стр.

#### **РЕЗЮМЕ**

В этой статье рассматриваются несколько особенностей вариантов поэмы «Тристан и

Изольда» и «Козы Корпеш-Баян сулу».

(Шеримбетова М. Особенности вариантов поэмы «Тристан и Изольда» и «Козы Корпеш-Баян сулу»)

#### SUMMARY

Some peculiarities of variants of poems «Tristan and Isolde» and «Kozy Korpesh-Bayan Sulu» are considered in this article.

(Sherimbetova M. Peculiarities of variants of poems «Tristan and Isolde» and «Kozy Korpesh-Bayan Sulu»)

*АХМЕТ ЯСАУИ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ, №1, 2014*

*ПЕДАГОГИКА*

ӨОЖ 371. 71:796.13

#### **А.Қ.РЫСБЕКОВА**

педагогика ғылымдарының кандидаты  
Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ

#### **Г.ТОҚҚҰЛОВА**

педагогика ғылымдарының кандидаты  
Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ

#### **Д.Н.ПАЧАНОВА**

Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ-нің магистр-оқытушысы

### **ЗАМАНАУИ ӘЛЕМДЕГІ ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАР**

*Бұл мақалада қазіргі кездегі жоғары білім берудегі қоғам талаптарын қанағаттандырудың бірнеше жүйелері қарастырылған. Ол ғылымды, білімді және өндірісті интеграциялау түрі ретінде ғылыми, оқу-өндірістік кешендер құру. Оқытуды және студент еңбегін дараландыру. Білім беруді ізгілендіріп, оқытушылардың кәсіби даярлығына жоғары талап қою. Жоғары оқу орнында болашақ мұғалімдерді даярлау мен олардың кәсіби деңгейін арттыру. Сонымен бірге білімгерлердің кәсіби деңгейін жоғарылату барысындағы жаңа технологияларды оқу-үдерісінде қолдану мүмкіндіктері талданған.*

*Кілт сөздер:* білім беру технологиясы, интеграция, жеке тұлға, жүйе, шығармашылық, кәсіби деңгей, қабілет, дамыту, шығармашылық ізденіс, ізгілендіру.

Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңында: [1] «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау; оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді акпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» - деп білім беру



жүйесін одан әрі дамыту міндеттерін көздейді. Бұл міндеттерді шешу үшін, әрбір білім беру мекемедегі ұжымның, әрбір мұғалімнің күнделікті ізденісі арқылы, барлық жаңалықтар мен қайта құру, өзгерістерге батыл жол ашарлық жаңа практикаға, жаңа қарым-қатынасқа өту қажеттігі туындайды.

Қазіргі кездегі жоғары білім беруде қоғам талаптарын қанағаттандырудың бірнеше жүйелерін қарастырады, яғни ғылымды, білімді және өндірісті интеграциялау түрі ретінде ғылыми оқу-өндірістік кешендер құру; оқытуды және студент еңбегін дараландыру, білім беруді ізгілендіру;

***АХМЕТ ЯСАУИ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ, №1, 2014***

оқытушылардың кәсіби даярлығына жоғары талап қою, жоғары оқу орнында болашақ мұғалімдерді даярлау мен олардың кәсіби деңгейін арттыру, білімгерлердің кәсіби деңгейін жоғарлату. Мұндай үдеріс әлемнің түрлі елдерде өздерінің ұлттық салт-дәстүріне, экономикалық жағдайына, білім беру жүйесінің ерекшеліктеріне қарай әртүрлі деңгейде көрініс тапқан.

Жеке тұлғаны жан-жақты дамыту шеңберінде білім берудің мақсаты мен мәнінің өзгеруі «білім беру технологиясы» деп алатын жаңа ұғымның пайда болуына ықпал етті. Бұл ұғымның мәнін білім беру үдерісін өздігінше дамытатын жүйе деп түсінуге болады, онда білім алушылардың қызметі жетекші фактор болып табылып, оқыту оқытушы мен білім алушының субъектаралық өзара әрекетін қарастыратын және олардың мүмкіндіктерін қамтамасыз ететін рефлексиялық басқару ретінде көрінеді.

Сапалы білім алудың басты шарты – оқытушының кәсіби шеберлігі, оқыту әдістемелері мен педагогикалық технологияларды сабақта жүйелі түрде қолдана білуі. Дәстүрлі емес, яғни жаңалықты технологиялар білімгерлердің білімге деген ынтасы мен қызығуларын арттырады, шығармашылық қызметтестік пен бәсекелестік жағдайлар қалыптастырады, оның тұлғалық болмысына дем беріп, іске қосады, өз қадірін сезінуге баулып, ұлттық құндылықтар және мәдени айырмашылықтарды құрметтеуге тәрбиелейді, оларға шығармашыл еркіндік ләззатын танытып, ең бастысы - қуанышқа бөлейді. Келтірілген технологиялық амалдарды іске асыру, әлбетте, ең алдымен оқытушының тұлғалық деңгейіне, ептіліктері мен дағдыларына, өмірлік тәжірибесіне байланысты.

Бүгінгі таңда жалпы жоғары оқу орнының алдында тұрған мәселе білімгерлерді әр сабақта жаңа технологияларды қолдана отырып оқыту, яғни дамыту, оқу іс-әрекетіне қалыптастыру, олардың оқуға ынтасын ояту, қызығушылығын арттыру. Сондықтан, оқытушының алға қойған маңызды міндетінің бірі – жеке тұлғаны оны өмірге бейімдеу. Әр білімгердің қабілетін танып біліп, дамытып жеке тұлға етіп тәрбиелеу басты мақсат болмақ.

Білім беру жүйесіндегі реформалар мен қазіргі ЖОО-ның тұлғалық-бағдарлы оқытуға бет бұруы болашақ оқытушылардың кәсіби бағыттылығының даярлығына жаңа талаптар қояды. Білім беру жүйесі дамуының қазіргі кезеңі жаңа парадигмаға өтудің жолдарын іздестірумен, яғни білім берудің жаңа мақсатының жетістіктерімен байланысты.

Жаңа парадигманың маңызды компоненті – тұлғаның өзіндік даму

тұжырымдамасы болып табылады. Өзіндік даму – бұл ішкі және сыртқы әлеммен байланысу қабілетін қалпына келтіру. Тұлғаның әртүрлі саладағы икемділіктері мен қабілеттерін дамыту оның дербес ерекшеліктеріне, өзіндік талдау, өзіндік баға беру қабілеттеріне байланысты, мұның өзі әрбір студентке ерекше қатынас керек екендігін, оларға өзін көрсетуге, дамытуға мүмкіндік жасау қажеттігін дәлелдейді.

Білім беру жүйесі – басқару органдарынан, түрлі типтегі және деңгейдегі білім беру мекемелерінен, жүйенің жұмыс істеуі және дамуын қамтамасыз **АХМЕТ ЯСАУИ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ, №1, 2014**

ететін қаржы қорлары мен материалдық объектілерден, ғылыми орталықтардан тұратын күрделі құрылым болып табылады. Технологиялық тәсіл білім беру жүйесінің кез-келген саласында (басқару, білім беру, қаржыландыру, мониторинг және т.б.) қолданылуы мүмкін. Сондықтан, «білім беру технологиясы» деген сөз тіркесін бірыңғай түсіндіру мүмкін емес. Көптеген авторлар бұл жағдайды интуиция деңгейінде түсінеді де, бұл ұғымды тек қана оқытушы мен білім алушы арасындағы арнайы ұйымдастырылған үдерістерге ғана қатысты қолданады. Егер бұл үрдісті оқыту үдерісі деп атайтын болсақ, онда оған технологияның осы салаға арналған жиынтығы жатады. Жаңа педагогикалық технологиялар негізінде болашақ мұғалімдерінің даярлығын жоғары оқу орнының қабырғасында жетілдіру оқу үдерісін жобалау арқылы іске асырылады. Болашақ мұғалімдердің кәсіби-педагогикалық даярлығын қамтамасыз ететін барлық оқу пәндері үшін оқу үдерісін жобалаудың бірегей алгоритмі жаңа оқу мақсатын құрып, соған сәйкес оқу пәндерінің жаңа мазмұнын, оқытудың жаңа технологияларын жасауды көздейді.

#### **Жаңа технологиялардың негізгі қағидалары мен мақсаттары**

<b>Қағидалар</b>	<b>Мақсаттар</b>
<b>Орта қалыптастыру</b>	- Білімгер білім алуда өз әрекеттерінің жемісті екендігін сезінетін жағдайлар жасау, яғни білімнің қажеттілігін сезендіру; - Білімгерлер арасында шығармашылық қарым-қатынас орнату; - Білімгерлер білімді өз бетімен ізденуге бағыт-бағдар сілтеу.
<b>Дербес ізденіс арқылы білім алу</b>	- Білімгерлерге білімнің өзіндік әрекеттер арқылы ғана тиімді түрде меңгерілетіндігін дәлелдеу; - Білімгерлерді белсенді білім алуға баулып, олардың білім игеру әрекеттерін ұйымдастыру, тиімділігін ұғындыру;
<b>Теориялық білімді практикамен ұштастыру</b>	- Білімді игертуді практикалық әрекеттерге негіздеу;
<b>Дербестікке өзін-өзі дамытуға баулу</b>	- Білімгерлерді өзіндік пікір құрастыруға, мәселе шешуде дербес әрекет арқылы жауап табуға ынталандыру, пікір-талас арқылы шешімін табуға баулу; - білімгерлерде сыни және аналитикалық ойлау дағдыларын қалыптастыру.

Жаңа технологияны меңгеру үшін қағидалар мен мақсаттарды талапқа сай әр сабақта қолдану оқытушының интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік рухани, азаматтық, басқа да көптеген адами келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді. Өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін

тиімді ұйымдастыруға көмектеседі. Білім берудің қазіргі жаңа құрылымымен оқу-әдістемелік мазмұнының өзгеруі – оқытушының өз кәсіби шеберліктерін шыңдауды, жаңартуды талап етеді. Ел президенті Н.Назарбаев [2] «Қазіргі заманда жастарға ақпаратты техникамен байланысты әлемдік стандартқа сай мүдделі жаңа білім беру өте қажет» деп атап көрсеткеніндей инновациялық әдіс-тәсілдерді кеңінен қолдану жаңаша білім берудің бір шарты болып саналады.

Оқыту технологиясы ЖОО-да оқу үрдісіне қажетті әдіс, тәсіл, амал,  
*АХМЕТ ЯСАУИ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ, №1, 2014*

---

дидактикалық талап секілді психологиялық-педагогикалық іс-әрекеттердің жүйелі кешені ретінде пайдаланылады. Былайша айтқанда, педагогикалық технология оқу-тәрбие үдерісінің шығармашылықпен терең ойластырылған көптеген факторлардың үйлесімділігі оқыту мен тәрбиелеудің тиімділігін қамтамасыз ететін жанды құрамдас бөлігі.

Педагогикалық технологияның ерекшелігі - сабақтың талабы – білімгер арқылы, оның оқу іс-әрекетін ұйымдастыру арқылы, ойлау дағдыларын дамыта отырып мақсатқа жетуді қарастырады, яғни білімгерлерді оқудағы іс-әрекеті арқылы олардың ойлау дағдыларын жетілдіре отырып мақсат қою технологиясы.

Жаңа технологияға сәйкес оқыту моделі дамытушы модель, жеке тұлғаны дамытуға бағытталған ол оқу үдерісінде мұғалім мен оқушы арасында «субъект-субъект» қатынасын қалыптастырады. Мұндай оқытуда білімгер қызмет субъектісі, ал педагог оқушының танымдық қызметін ұйымдастырушы, яғни технология – белгілі педагогикалық жүйенің тәжірибеде жүзеге асатын жобасы.

Педагогикалық жүйе педагогикалық үрдістер, бір-бірімен байланысты әдістер, жеке тұлға қалыптастыруға атсалысатын бағыттағы педагогикалық бірізділік.

Жас ұрпақты қоғамдық маңызды істерді сапалылықпен игеретін бұған дейінгі адамзат жасаған игіліктерді жалғастыра алатын жан-жақты дамыған тұлға ретінде қалыптастырудың негізі мектеп жасында қаланатыны белгілі. Білім беру мазмұнын жаңарту, оқыту әдістерін жетілдіру білімгерлер мен оқытушының өзара қарым-қатынасын жоғары деңгейде ұйымдастыру секілді міндеттердің қай-қайсысы да әрекетсіз іске аспайды. Оқу – адамның саналы өміріндегі басты әрекет. Оқу әрекеті мұғалімнің басшылығы арқылы оқушының сана-сезімін дамытуға бағытталады. Оқу әрекетінде білімгердің субъект ретінде қалыптасу жолдарын баланың жас кезеңдеріне байланыстыра келе Г.И.Шукина былай дейді: «Оқу әрекеті дамуы оқушының сипатының өзгеруіне қарай оқушының жеке басының дамуына үлкен әсер етеді [3]. Мыс: бастауыш сыныптарда оқушы негізінен, тапсырманы орындаушы болса, орта сыныптарда ол жай орындаушы емес, белсенді орындаушы деңгейіне көтеріледі, осы кезеңде оның шығармашылық ізденісінің алғы шарттары қалыптаса бастайды да, жоғары сыныптарда оқушы өз бетінше шығармашылықпен жұмыс істей білетін, әрекет иесі ретінде танылуы тиіс, ал

жоғары оқу орнында білімгер дербес ізденіс арқылы білім алушы ретінде танылуы тиіс».

Білімгердің жеке тұлға ретінде қалыптасуы, бір жағынан оқу үрдісіндегі білімгердің белсенділігінің, өздік ізденіс жасай білуінің, қызығушылығының, т.б. өзгеруіне байланысты болса, екінші жағынан айналасындағы адамдармен қарым-қатынасына байланысты болады. Сондықтан оқытушы білімгер бойындағы өзгерісті назардан тыс қалдырмай нақтылы ситуацияларда оның белсенділігін, өз бетінше жұмыс істей білу қабілетін, танымдық қызығушылығын, **АХМЕТ ЯСАУИ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ, №1, 2014**

шығармашылық қабілетін дамытуға қажетті жағдай туғызып отыру керек. Ол үшін оқу-тәрбие үдерісінің құралы болар педагогикалық технологияларды сабақтың мазмұнына үйлестіріп таңдап, сабақта қолдана білу, оларды жүйелі үйрету оң нәтиже берері анық.

#### **ӘДЕБИЕТТЕР**

1. ҚР Білім туралы Заңы, 2007., 27 шілде, №319-III заңы // "Егемен Қазақстан". 2007 жылғы, 15 тамыз №254-2567.
2. Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы // Егемен Қазақстан. 2012. – №29, - Б. 2-6.: ил.
3. Щукина Г.И. Активизация познавательной деятельности учащихся в учебном процессе. – М.: Просвещение, 1979. – 160 с.

#### **РЕЗЮМЕ**

В статье рассматриваются системы, обеспечивающие требования современного общества в области высшего образования.

**(Рысбекова А.К., Токкулова Г., Пачанова Д.Н. Новейшие технологии современного мира)**

#### **SUMMARY**

This article deals with the systems providing the requirements of a modern society in the field of higher education.

**(Rysbekova A.K., Tokkulova G., Pachanova D.N. The Latest Technology of the Modern World)**

ӘОЖ 796

**Ә.К.ӘБДІЛЛАЕВ**

Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ-нің профессоры

**О.Қ.ДҮЙСЕНОВ**

педагогика ғылымдарының кандидаты,  
Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ-нің доценті

**ДЕНЕ МӘДЕНИЕТІ АРҚЫЛЫ БЕРІЛЕТІН ЖҮКТЕМЕ МЕН  
ДЕМАЛЫСТЫҢ ЖАТТЫҒУ ҮДЕРІСІНҢ ӨЗАРА БАЙЛАНЫСТАҒЫ  
КОМПОНЕНТТЕРІ РЕТІНДЕ ҚАРАСТЫРЫЛУЫ**

*Дене мәдениетінің құралдары мен әдістеріне сипаттама беру үшін белгілі ұғымдардың ішіндегі негізгілерінің бірі денеге берілетін «жүктеме» болып табылады. Бұл ұғым «жаттығу», «жұмыс» және т.б. сияқты ұғымдармен біршама сәйкес келгенімен, бара-бар емес. Ол шегіндегі, үлкен, орташа, аз және басқа дәрежедегі жүктеме дәрежесін, яғни орындалатын жаттығу үшін қандай да бір қарсы күшке шамасы келетін ағзаның қол жетімді сұраныстарының басым мөлшерін сипаттайды.*

*Бұл мақалада әр түрлі жаттығуларды орындаумен байланысты жүктеме туралы қорытылған мағлұматтарды құрастырып, олардың формалары мен мазмұндарының жекелеген ерекшеліктеріне, сол сияқты ағзадан олардың талап ететін сұраныстарының тұтастай дәрежесін бағалауға мүмкін болатынына назар аударылған.*

*Кілт сөздері:* дене мәдениеті, жүктеме, жүктеменің көлемі, жүктеменің қарқындылығы, жаттығу, ағза, компонент.

«Жүктеме» ұғымы кез келген дене жаттығуларын орындауда ағзаның функционалдық жағдайын тыныштық күйіндегіге қарағанда барынша жоғары белсенділік деңгейіне көтерумен байланысты және осы мағынада қызметтік жүйелерге жүктемені арттыру кезінде оның мөлшері аса жоғары болса, оның соңы шаршауға, қажуға ұласуы мүмкін [1].

Демек, бұл қатынаста жүктеме тыныштық күймен салыстырғанда ағзаның қосымша қызметтік белсенділігі, жаттығуларды орындауы, сонымен

бірге денеге түсетін күш дәрежесі болып табылады.

Дене жаттығуларының тиімділігі, олардың әсері түсетін жүктемелердің параметрлері заңдылықтағы байланыста болады. Осыдан келіп жүктемелерді мұқият талдау және бағалау, мөлшерлеу және ретке келтіру қажеттілігі туындайды.

Дене жаттығуларын орындау кезіндегі жүктемелердің көрсеткіштері, бірінші жағынан, атқарылатын жұмыстың сыртқы көрінетін жаттығудың созылу уақытына, физикалық-механикалық мағынадағы жұмыстың мөлшеріне, **АХМЕТ ЯСАУИ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ, №1, 2014**

жүгіріп өтетін қашықтыққа, қозғалыстың жылдамдығына және т.б. байланысты, басқа жағынан – жаттығудың әсерімен жүрек соғуы жиілігінің дәрежесі, өкпедегі ауаның тазаруы, оттегінің пайдаланылуы, қанның минуттық ағу көлемі және ағзадағы функционалдық өзгерістер болып табылады.

Мұндағы бірінші жағы, шартты түрде алғанда, жүктеменің «сыртқы» жағына, ал екіншісі жүктеменің «ішкі» жағына, яғни нақтылап айтқанда жүктеме реакциясына жатады. Жүктеменің бұл көрсеткіштерінің екеуі де дене мәдениеті үдерісіндегі жүктемелерді реттеуде және бағалауда маңызы зор. «Сыртқы» көрсеткіштерін жүктеменің қол жетімді және қажетті мөлшерін белгілеп, бағдар жасау үшін есепке алып, ағзаның жауап беру реакцияларын солармен салыстырып, соған сәйкес түсетін жүктемені нормаға сай мөлшерлейді. Жүктеменің «ішкі» көрсеткіштері жаттығуды орындау кезінде және соның нәтижесіндегі ағзаның функционалдық және бейімделушілік қабілеттерін жұмылдыру дәрежесі жайлы мағлұмат сол сияқты жүктеменің сәйкес немесе сәйкес емес екендігін терең бағалауға мүмкіндік береді және осылар есепке алынып, оның мақсатқа лайықты өлшемін анықтайды. Бұл көрсеткіштерде жүктеменің өзі ғана емес, сонымен бірге ағзаның оған жауап беру реакциясы да көрінеді, демек, жүктемені бара-бар бағалау және дене жаттығуларын орындау кезінде оның тиімділігін айқындау үшін оның «сыртқы», сол сияқты «ішкі» жақтарын да бірге есепке алу қажет.

Ағзаның бастапқы жағдайы бірдей болған қатынасында жүктемелердің «сыртқы» және «ішкі» жақтары арасында белгілі дәрежеде шамалас сәйкестік болады, яғни екеуінде де сыртқы параметрлері бойынша жүктемелердің функционалдық алға басушылық өзгерісі тең мөлшерде іс жүзінде бір-біріне байланысты болады. Өзінің сыртқы параметрлері бойынша жүктемелер неғұрлым үлкен болса, ағзада соншалықты функционалдық өзгерістер елеулі болады; біріншісінде қаншалықты аз болса, екіншісінде де соншалықты аз болады. Дегенмен, ағзаның бастапқы қалпы бірдей емес, алдын ала әртүрлі дайындық деңгейінде және ағзаның реакция туғызу қабілеттілігі әртүрлі болған жағдайда мұндай сәйкестік байқалмайды. Жүйелі жаттығу нәтижесінде жұмыс қабілеттілігінің өсу шамасы бойынша бірдей жүктемеде «сыртқы» жағы біртіндеп «ішкі» жағынан азая береді. Мысалы, бірдей жылдамдықпен және бірдей созылу ұзақтығымен жүгіру кезіндегі көп рет

қайталанатын жүктеме жүрек-қан тамыры жүйесінің қызметі бір шұғылданудан келесі шұғылдануға дейін аз күш жұмсаумен сүйемелденеді, яғни бұл қатынаста оған бейімделу қалыптасатын болғандықтан ағзада аз көлемде күштену жүреді.

Жүктеменің жалпы мөлшері орындалатын жаттығу үдерісіндегі оның көлемі мен қарқындылығына байланысты. «Жүктемелердің көлемі» ұғымы барынша кең мағынада оның уақыт бойынша созылу ұзақтығы мен атқарылған жұмыстың жиынтық санына жатады. Мұнда жұмыс тек механикалық

*АХМЕТ ЯСАУИ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ, №1, 2014*

емес, сонымен бірге физиологиялық және іс-әрекеттік мағынада ұғылады. «Жүктеменің қарқындылығы» ұғымы жұмыстың зорланып атқарылуымен және оның уақыт бойынша жинақталу дәрежесімен байланысты келеді. Бұл ұғымдардың нақтылы мәні, көлемі мен қарқындылығының параметрлері қолданылатын жаттығу түрлерімен нақтыланады, сол сияқты жүктемелер жеке жаттығулар немесе бірнеше жаттығулардың жиынтығында бағаланатындығына да байланысты болады.

Әрбір дене жаттығуын кейбір эсер етуші қозғаушы күш ретінде қарастыратын болсақ, онда көлем ұғымы, онымен байланысқан жүктемелер бәрінен бұрын эсер етілудің ұзақтығына, ал қарқындылықтар эсер ету күшіне жатады.

Мұнда олардың тәжірибеде есепке алынатын көрсеткіштері мына төмендегілер болып табылады:

Жүктеме көлемінің көрсеткіштері	Жүктеме қарқындылығының көрсеткіштері
«сыртқы» жағынан	
Жаттығуды орындауға кеткен уақытпен, жүгіріп өткен қашықтық метрмен немесе километрмен (циклдық және кешенді құрастырылған жаттығуларда)	Қозғалыс жылдамдығы, қашықтықты жүгіріп өту жылдамдығы
Ауырлықтың жалпы салмағы (мысалы, штангамен жаттығуда)	Ауырлықтың бір реттік салмағы (жеке кимылға есептелген) қозғалыс қарқыны
Қозғалыстың жалпы саны (циклдар, кимылдық әрекеттер, қайталаулар)	Жұмыс қарқындылығы (механика. өлшем бірлігімен, кгм/сек)
«ішкі» жағынан	
Бастапқы деңгейіне қатынастағы жаттығу кезіндегі ЖСЖ (жүрек соғуының созылу жиілігі, яғни жаттығудың жалпы тамыр соғуының бағалануы)	Жаттығудағы тамыр соғуының қарқындылығы (жаттығудағы тамыр соғуы бағалануының оның созылу ұзақтығына қатынасымен сипатталады)
Жаттығудың энергетикалық (қуаттық) бағалануы (бастапқы қалпымен қатынасындағы оттегіні қосымша пайдалану бойынша есептеу жолымен анықталатын жаттығу кезіндегі қуаттың жұмсалудың жиынтығы)	Жаттығудың қуаттық орындалу қарқындылығы


Механикалық жұмыстың және оның қуаттылығының дәл өлшем есебі еңбектенуді талап ететін ұзақ операция болып табылады, сондықтан дене тәрбиесінің іс-тәжірибесінде бұл көрсеткіштер әдетте шамамен есепке алынады.

Жүрек соғуы жиілігін (ЖСЖ) пальпаторлық анықтаумен (қолмен басып

көру) қатар соңғы жылдары іс тәжірибеде телеметрлік және басқа автоматтандырылған жүйелерді (аз көлемді кардиометрия және т.б.) ғылыми-тәжірибелік зерттеулерге ендірумен байланысты оның аппараттық үзіліссіз тікелей тіркелуіне мүмкіндіктер соңғы жылдары барынша жиі пайдаланылуда.

Ағзадағаз және қуат алмасуын қатаң анықтау арнайы ғылыми тәжірибелік зерттеу жағдайында қамтамасыздандырылады. Дене мәдениеті ***АХМЕТ ЯСАУИ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ, №1, 2014***

жүйесінің іс-тәжірибесінде бұл көрсеткіштер әдетте есептеу кестелерінің және жеңілдетілген тесттер жүйесі түрінде есептеледі.



Сурет 1. Жеке жаттығулардағы жүктеменің көлемі мен қарқындылығы параметрлерінің ара қатынасы

А-жүгіруден әлемдік рекордтар көрсеткіштері бойынша жылдамдық-уақыт байланыстылығы графигі (пунктирлық сызықшалармен қатынастық жұмыс қуаттылығы зонасы бөлініп көрсетілген, ал уақыт шкаласы логорифмдік өзгеруде көрсетілген); Б-«ауырлық көтеру мен шегіне дейін қайталау саны мөлшерінің» байланыстылық графигі (эксперименттік зерттеу тобындағы спортшылардың штанганың әр түрлі мөлшердегі салмағын сериясымен қайталап көтеруінің шегіндегі санымен орташа мәліметі статистикалық әдіспен тураланған қисық сызық). Жоғарыдағы дәйектеме көрнекті Ресей ғалымдары В.М.Зациорский, Н.Г.Кулик және Н.И.Волковтардың ғылыми зерттеулері бойынша дайындалды.

Дене жаттығуларын орындау кезіндегі жүктемелердің көлемі мен қарқындылығының ара қатынасы принципінде кері пропорциональды байланыстылығымен сипатталады, яғни жаттығуда берілетін жүктеменің көлемі үлкен болған сайын оның қарқындылығы да төмен, керісінше жүктеменің қарқыны үлкен болған сайын, оның көлемі де аз болады.

Бұл ара қатынас циклдық сипаттағы жаттығулардың жылдамдығы мен созылу ұзақтығы арасындағы байланысты көрсететін графикте жақсы көрсетілген (1- сурет, А) [2].

Сол сияқты, ауырлықпен және ауырлық мөлшерімен қозғалыстың



мүмкін болатын санымен арасындағы байланыс та жақсы көрсетілген (1 сурет, Б).

Жүктеме көлемі параметрлерінің заңды жинақталуы бойынша қарқындылығы шегіндегі мөлшерге жақындайды (немесе керісінше), әр түрлі ұзақтықтағы және қуаттылықтағы жұмыстың жекелеген физиологиялық және биохимиялық ерекшеліктерімен түсіндіріледі, яғни бұлар жаттығуларды

***АХМЕТ ЯСАУИ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ, №1, 2014***

«қатынастық қуаттылықтағы зоналар» бойынша топтастыру үшін негіздеме болады (В.С.Фарфель және т.б.).

#### **ӘДЕБИЕТТЕР**

1. *Матвеев Л.П.* Основы общей теории и спорта и системы подготовки спортсменов. – Киев: Наука, 1999. – 318 с.

2. *Годик М.А.* Контроль тренировочных и соревновательных нагрузок. – Москва: Просвещение, 1980. – 175 с.

#### **РЕЗЮМЕ**

В этой статье рассматривается взаимосвязь компонентов упражнений, предназначенных для нагрузок и отдыха через физическую культуру.

**(Абдиллаев А.К., Дуйсенов О.К. Взаимосвязь компонентов упражнений, предназначенных для нагрузок и отдыха через физическую культуру)**

#### **SUMMARY**

This article deals with problems of through body culture and exercise process are considered as components of day off connection.

**(Abdillaev A.K., Duyisenov O.K. Problems of Through Body Culture and Exercise Process are Considered as Components of Day off Connection)**

ӘОЖ 646. 19: 378.52

**Қ.ЕРАЛИН**

педагогика ғылымдарының докторы, профессор  
Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ

**Н.АУЕЛБЕКОВ**

Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ-нің магистранты

**Т.СУЛТАНОВ**

Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ-нің магистранты

**БОЛАШАҚ БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІ МҰҒАЛІМДЕРІНЕ ЭТНОДИЗАЙН  
КОМПОЗИЦИЯСЫН ҮЙРЕТУДІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ**

*Болашақ бейнелеу өнері мұғалімдерін даярлауда қазіргі педагогикалық біліктілікті арттыру, кәсіби құзіреттіліктерді қалыптастыру міндеттерін шешу қажет. Сондай ауқымды міндеттердің бірі – оларды этнодизайндық біліммен қаруландыру болып табылады, себебі қоғамдық сұраныс пен қажеттілік осыны анықтай түсуде. Бейнелеу өнеріндегі этнодизайн көлемді шығармашылық іс-әрекетке, ұлттық өнертанушылық білімге, жаңа композициялық идеялар мен шешімдер табу іскерліктеріне негізделеді. Осыған сәйкес, болашақ бейнелеу өнері мұғалімдерінің этнодизайнерлік дайындығын күшейтуде жаңа формалар, бұйымдардың жаңа композициялық жобаларын жасауды әдістемелік тұрғыдан жандандырудың маңызы зор.*

*Кілт сөздері:* этнодизайн, композиция, этнодизайнерлік дайындық.

Елімізде терең білім беру мен өнегелі тәрбиені мазмұндық жағынан байытудың келешектегі міндеттерін межелеу, оларды орындау жолдарын іздестірудің жаңа сатысына өту тенденциясы үдей түсуде. Бұл әлемдік жаһандану заманының, қазіргі интеграциялық қатынастардың дамуға бағытталған қиын да күрделі жолы болып саналады. Келешек қоғам мүшелерін қазіргі мектеп оқушылары, студенттер құрайтындығы белгілі, сондықтан оларды қоғамдық сұранысқа жауап беретін білім-біліктермен қаруландырып, сапалы өнім жасайтын маман етіп даярлаудың маңыздылығы да түсінікті.

Осындай маңызды міндеттердің ішінде болашақ бейнелеу өнері

мұғалімдерінің этнодизайндық білімдер негізінде кәсіби шеберліктерін арттыру міндеті ерекше орынға ие болып отыр. Себебі, ұлттық мәдениет пен өнер – еш уақытта өз қадірі мен маңыздылығын жоймайтын құндылықтар кешені болып табылады. Яғни, мәдениет пен өнердің асыл құпиялары мен сырларын игерген педагог мамандардың қоғамның дамуына әрдайым қажеттілігі артпаса, кемімеген.

*АХМЕТ ЯСАУИ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ, №1, 2014*

Қазіргі кезде этнодизайнның дамуында бейнелеу заңдылықтарын этнодизайнды үйретуде қолдану мүмкіндіктерін зерттеуге көңіл бөлінуде. Өлемдік бейнелеу тәжірибесін сараптау негізінде этнодизайнерлік жобалауға қажетті заңдылықтарды тануға болады. Мысалы, этнодизайндық бұйымға динамикалық көрініс беру үшін оның формасын ырғақты ұйымдастырудың үлкен мәнділігі бар, бірдей элементтердің бірқалыпты алмасып отыруы композицияға тұрақты қалыптылық қозғалыс сипатын береді. Ең бастысы, этнодизайн бұйымының формалық мөлшерлеу динамикасын білген абзал. Бұйымның, оның бөліктерінің, бөлшектерінің контурларын конструкциялық, сәндік және безендірулік-конструкциялық сызықтар ретінде қарастыруға болады. Бұйымды белгілі формаға келтіру сызықтарының ырғақтық негізі оның созылымды құрылымының сипатын айқындайды. Форманың созылымдылық құрылымы эскизде кезеңінде жүзеге асады. Эскизде форманың созылымдылық дамуының сипаттамасы, яғни бір форма бөлігінің екіншісіне ауысу сипаттамасы ескеріледі. Әрбір сызықты өңдеу, олардың өзара силуэттік байланысын анықтауға көмектеседі [1].

Форманың бірінші түрі – бастапқы форма, екіншісі – сәндік бұйымдық форма деп аталады. Сәндік бұйымдық форма жеке өзі қызмет ете алмайды. Сонымен, бұйым компоненттеріне форма, силуэт, конструкциялық және декорациялық сызықтар, түс, бұйымның жеке бөліктері, декор жатқызылады. Этнодизайн бұйымының формасын жасауда композициялық әдіс көп қолданылады. Композициялық әдістерге, ассиметрия, ырғақ, қарама-қайшылық тәсілдері кіреді. Бұйым формасын қабылдау нәтижесінде оның жеке бөлшектерін басқа бөліктермен салыстыруға болады. Салыстыру немесе өлшеу арқылы сызықтың шамасын, көлемін, ауданын, материалдың фактуралық ерекшелігін, түстік таңба шамасын табуға болады. Екі шаманы салыстыруда оны дұрыс қабылдау қатынасы олардың үйлесімділігі мен мөлшерін тануға көмектеседі. Бұйым формасына кеңістіктегі көлемді объекті ретінде қараған дұрыс. Негізгі бұйым формасын бұйым силуэті айқындап, сол бұйымның ерекшеліктерін айқын көрсетеді. Форма элементтерінің өлшемділік арақатынасы – ол бүтін композиция құрылымының негізін құрайды. Пропорция ұғымы – күрделі бүтіннің ішіндегі құрама бөліктердің байланысы, яғни бір өлшемнен екінші өлшемге қозғалыс қатынастары деп түсіндіріледі. Сонымен, үйлесімді пропорционалды қатынастар пропорциялық тепе-теңдікке негізделеді. Бұйымды модельдеуде пропорционалды қатынастар интуициялық сезім арқылы анықталады немесе соған қатысты сәннің даму бағытымен шешіледі. Әрбір сән бағыты бұйымның пропорционалды шешімін шығаруды бағыттап береді.

Этнодизайндық бұйым композициясының негізін бұйым бөліктерінің жиынтығы, көлемдердің арақатынасы, бұйымның жалпы шамалары, оның

силуэтi құрайды. Форманың мәнерлік деңгейi осы негiзгi көлемдердiң өзара үйлесiмдiлiгiне, құрылымы және бұйымдағы табылған жалпы пропорцияға байланысты болып келедi. Композиция – элементтердiң жазықтықта немесе кеңiстiкте бiрiгуi мен байланысынан құрылған жүйе [2]. Композиция көркемдiк форманың ең басты элементi ретiнде этнодизайндық бұйымға бiрлiк пен тұтастық бередi, оның компоненттерiн өзара байланысқа және тұтастыққа *АХМЕТ ЯСАУИ УНИВЕРСИТЕТIНIң ХАБАРШЫСЫ, №1, 2014*

келтiредi.

Этнодизайнда композиция форма құрылымының жалпы заңдылықтарын айқындайды. Композицияның мақсаты конструктивтi, функционалды, эстетикалық құндылығы бар аяқталған заттың формасын жасау болып табылады. Бұйым композициясы бұйым бөлiктерiнiң бейнелi, көркем-идеялық мағынасын аша отырып, тұтастықта бiрiктiрудi бiлдiредi. Бұйым құрастыру өнерiн сәулет өнерiмен теңдестiруге болады. Сәулет өнерiнде түрлi сәндiк элементтерге жарты калонна, пилястр, ою-өрнектi фризер жатады. Ал бұйымда көркемдеу материалы ретiнде ою-өрнектер, нүкте, сызықтар, т.б. жатады. Бұйымда тiк формалар сымбаттылық пен жеңiлдiктi көрсетсе, көлденең сызықтар форма бiтiмiн аласартуға немесе салмақты етуге көмектеседi.

Этнодизайн және ондағы композиция бойынша зерттеу жұмыстарын қарастырып өтсек, этнодизайнның композициясын зерттеу мәселелерi әсiресе Е.В.Шорохов еңбектерiнде көрiнiс тапқан. Сол сияқты, сәулет этнодизайны Е.С.Асылханов еңбектерiнде қаралған. Н.Анисимов, Н.Н.Ростовцев, т.б. этнодизайндағы форма мәселелерiн қарастырса, ал этнодизайн терминдерi мен ұғымдарының түсiнiктемелерi Қ.Ералиннiң еңбектерiнде қарастырылған. О.И.Нестеренконың «Көркемдiк конструкциялаудың қысқаша энциклопедиясы» атты еңбегiнде этнодизайнның көркем конструкциялау, жобалау, формақұрау ұғымдарына түсiнiктер берiлген. «Дизайнның теориялық негiздерi мен әдiснамасы» атты В.Ф.Рунгенiң еңбегiнде жобалау, көркем конструкциялау, өндiрiс, орта дизайны, өндiрiстiк дизайн, дизайн ұстанымдары, форма құрау ұғымдары анықталып, форма жасау әдiстерi берiлген. Ғалым С.Асанованың «Қазақтың ұлттық киiмдерi және көлөнер тарихы» атты оқулығында, Т.В.Ильинаның «Өнер тарихы», С.А.Жолдасбекованың «Бұйым тарихы», Ф.Ф.Комисаржевскийдiң «Киiм тарихы», А.Дмитриевтiң «Өнердiң қысқаша тарихы», В.Рывкиннiң «Өнердiң ықшам тарихы» атты еңбектерiнде дизайнның шығу тарихына, дамуы мен қалыптасу кезеңдерi туралы шағын мәлiметтер кездеседi [1, 53 б.].

Этнодизайнда да композиция заңдылығына сәйкес, бұйымның формасы жалықтырмайтын болуы тиiс. Заттың ұсақ формалары, бiр-бiрiне ұқсас болуы қызғылықты болып көрiне бермейдi. Сондықтан мүмкiндiгiнше олардың формаларының қайталануына жол бере бермеуi қажет. Зат формасын жобалауға, заттың қызметтiк мiндетiне мән беру орынды. Мысалы, торсық пен местiң мiндетi оған құю, оны сақтау және оны тасымалдау болып табылады. Кейде ол тек қана бiр функцияны атқаруға лайықты. Соған сәйкес оның формасы мен материалы таңдап алынады, безендiрiлуi ойластырылады т.с.с.

Болашақ мұғалiмдердiң этнодизайнерлiк дайындығын қалыптастыруда iс-тәжiрибелiк жаттығуларды орындаудың маңызы ерекше. Бұл бағытта болашақ

бейнелеу өнері мұғалімдеріне қарапайым заттардың этнодизайнерлік жаңа жобасын жасап үйрену орынды. Ол үшін шығармашылық және әдістемелік тұрғыдан ізденіс жұмыстары қажет. Жасалатын жаңа заттың бұрынғы дәстүрлі заттардан айырмашылығына мән беріледі. Ол заттың формасының түр-түсінің немесе безендірілуінің, қолданылған материалының жаңашылық сипаты ескеріледі. Болашақ бейнелеу өнері мұғалімдерінің этнодизайнерлік жобалаудың

***АХМЕТ ЯСАУИ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ, №1, 2014***

тәжірибелік дайындығын қалыптастыруда оларға торсық, күбі, бесік, ер-тұрман бұйымдарының жаңа модельдерінің суретін салудан басталады. Мұнан соң сырға, білезік, шашбау, бас киім, көйлек, т.б. тұрмыстық заттардың этнодизайнерлік эскиздері салынады. Бұл заттардың жаңа формасын іздеу болашақ маманның этнодизайнерлік шығармашылық іс-әрекеттерін дамытады.

Болашақ бейнелеу өнері мұғалімдерінің этнодизайнерлік дайындығын қалыптастырудың келесі кезеңі қоршаған орта мен жаңа бұйым жобасын жасау бағытында жалғастырылады. Бұл кезеңде ұлттық бұйымдардың жаңа формаларын табу барысында ізденістер жасалады. Сонымен қатар киіз үйдің этнодизайнерлік эскизін жасауға көңіл бөлінеді. Студенттер этнодизайнерлік киіз үй интерьерінің жобасын жасау тапсырмасын орындау көзделеді.

Этнодизайнерлік дайындықтың ерекше бір саласы – белгілі бір нысанның жобасын жасау әдістемесін үйрену болып табылады. Мұндағы іс-әрекеттің мақсаты – болашақ бейнелеу өнері мұғалімдерін мектепте этнодизайннан сабақ беруге қажетті дайындықты меңгерту. Яғни, белгілі бір нысанның жобасын жасауды балаларға үйрету үшін, сол жобаны өзі жасауға үйренуі тиіс. Болашақ мұғалім балаға этнодизайнерлік жоба жасауды түсіндіру әдістерін өзі жақсы меңгеру үшін, ол сол жоба жасау технологиясын жақсы меңгеруі тиіс, сонда ғана ол оқушыларға этнодизайнерлік жоба жасау туралы тыңғылықты түсініктер бере алады. Әсіресе, соңғы технологияларды пайдалана отырып, компьютерлік бағдарламаларды қолдана білудің маңызы зор. Бұл мектеп оқушыларының этнодизайн өнеріне деген қызығушылықтарын арттыра түсетіндігі анық.

Қорыта келгенде, мектепте педагогикалық іс-әрекетпен шұғылданатын болашақ бейнелеу өнері мұғалімдерінің этнодизайн дайындығындағы этнодизайн теориясы мен практикасын тыңғылықты меңгеруі - оқушыларға ұлттық қолөнер негізінде этнодизайн бұйымдарын модельдеуге, құрастыруға, шығармашылық қабілеттерін шыңдауға әдістемелік жағынан үлкен ықпал жасайтындығының кепілі. Сондықтан болашақ бейнелеу өнері пәні мұғаліміне қажетті этнодизайнерлік білім мен іс-тәжірибенің ұтымдылығы мен маңыздылығы туралы әдістемелік жұмыстарды жандандыру қажет.

#### **ӘДЕБИЕТТЕР**

1. *Ералин Қ.* Этнодизайн. Оқу құралы. – Түркістан: Тұран, 2013. – 60 б.
2. *Оспанов Б.* Формирование способности по композиции у студентов. – Алматы, 2009. – 224 б.
3. *Нестеренко О.И.* Краткая энциклопедия дизайна. – М., 1994. – 425 с.

#### **РЕЗЮМЕ**

В данной статье рассматриваются вопросы обучения будущих учителей изобразительного искусства этнодизайну и о его значении в подготовке квалифицированных специалистов.

(Ералин К., Ауелбеков Н., Султанов Т. Значимость обучения композиции этнодизайна будущих преподавателей изобразительного искусства)

#### SUMMARY

This article deals with the issues of teaching ethnodesign to future teachers of visual arts and their role in preparation highly qualified specialists.

(Eralin K., Auelbekov N., Sultanov T. The Importance of Teaching Ethnodesign Composition to Future Teachers of Visual Arts)

*АХМЕТ ЯСАУИ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ, №1, 2014*

---

ӘОЖ 372. 652.1

#### Ұ.МҰҢСЫЗБАЕВА

Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ-нің магистранты

### АҒЫЛШЫН ТІЛІН ҮЙРЕТУДЕ ОҚЫТУДЫҢ ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫНЫҢ МАҢЫЗЫ

*Мақалада білім беру үрдісінде жаңа ақпараттық технологияларды қолдану мәселесі өзекті мәселелердің қатарынан орын алуы жайында қарастырылады. Шетел тілін оқытудың мақсаты субъектінің мәдениетаралық қарым-қатынас біліктілігін қалыптастыру десек, онда сол шетел тілін оқытуда жаңа ақпараттық технологияларды қолдану шетел тілін оқытудың мақсатынан туындап отырған қажеттілік болмақ.*

*Кілт сөздер:* технология, педагогика, оқыту, мұғалім, жобалап оқыту.

«Технология» гректің «teche»- өнер, шеберлік және «logos» – ғылым деген сөзінен шыққан, яғни «шеберлік туралы ғылым» деген мағынаны білдіреді.

Оқыту технологиясы мен әдістеме ғылымы бір-бірімен тығыз байланысты әдістеме ғылымы «Нені оқыту керек?», «Не үшін оқыту керек?», «Қалай оқыту керек?» деген сұрақтарға жауап іздесе, оқыту технологиясы «Қалай нәтижелі оқытуға болады?» деген мәселенің шешімін іздейді. Олардың мақсаты бір, яғни оқытудың тиімді жолдарын қарастыру. Оқытудың тиімді жолдары оқытудың әр түрлі әдістері арқылы анықталады.

Бүгінгі таңда оқу үрдісінде оқытудың қалыптасқан негізгі әдістерімен қатар оқытудың жаңа әдістері, яғни инновациялық әдістері де жиі қолданылады.

Мысалы: қалыптасқан әдістер:

- а) сұрақ-жауап;
- б) суретті немесе көрнекілікті пайдалану;
- в) аударма;
- г) сөйлем және сөзді толықтыру;
- д) мәтін бойынша әңгімелесу;
- е) тест сауалдарымен жұмыс;
- ж) мақал-мәтелдер жарысы;

з) өлең, тақпақтар жарысы, т.б.  
Жанама жаңғыртып оқыту әдістері

- а) пікірсайыс (дебат) әдісі;
- б) коммуникативтік әдісі;
- в) драматизация әдісі;
- г) іскерлік әдіс;

---

*АХМЕТ ЯСАУИ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ, №1, 2014*

---

- д) видео (бейне) арқылы сабақ беру әдісі;
- е) жобалы сабақ өту әдісі;
- ж) саралап оқыту әдісі, т.б.

Оқу үрдісінде оқытудың озық технологиясын қолдану бүгінгі күннің өзекті мәселесі. Сондықтан да мұғалімдер үнемі ізденіс үстінде. Олар заман талабына сай, оқушылардың білімін тереңдету үшін, тілге деген қызығушылығын арттыру үшін көп еңбек етуде, әр сабақта олар тест сауалдарымен жұмыс істейді [1].

Қазіргі таңда оқытудың жаңа технологиялары ағылшын тілі сабақтарында да кеңінен қолданылып келеді. Атап айтсақ: дамыта оқыту технологиясы, модульдік оқыту технологиясы, жобалап оқыту технологиясы, даралап оқыту технологиясы, деңгейлеп оқыту технологиясы, оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлау технологиясы және т.б.

Жоғарыда айтылғандай әр технология мұғалімдердің шығармашылықпен жұмыс істеп, жаңалықтарды дер кезінде қабылдап, өңдеп, оны өз ісінде тиімді қолдана білуін айрықша талап етеді.

Әрбір технология өзіндік жана әдіс-тәсілдермен ерекшеленеді. Әдіс-тәсілдерді мұғалімдердің ізденісі арқылы оқушы қабілетіне қабылдау деңгейіне қарай іріктеліп қолданады. Технологияларды күнделікті сабақ үрдісіне пайдалану үшін оқытушы оқушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, педагогтік мақсат-мүддеге сай таңдап алуы қажет.

Ұстаз тұлғаның танымдық қабілеттерін дамытып, өздеріне деген сенімін арттырып, істеген іс-әрекеттерінен жағымды эмоциялар алатындай дәрежеге жеткізуі керек. К.Роджерстің пікірінше, мұғалім:

- Оқушыға сенім көрсету;
- Оқушыға мақсаты мен міндетін белгілеуге көмектесу;
- Оқушының шет тілін оқуға деген ішкі қызығушылығына мән беру;
- Оқушы қиындыққа кездескенде кеңес беретіндей тұлға болу;
- Оқушыға ұялмай өз пікірін айта алуға көмектесу;

Әрбір оқушының сезімі мен көңіл толқуларын түсініп, ыңғайлы жағдай жасау сияқты қағидаларды басшылыққа алуы тиіс.[1]

Оқушының дарындылығының дамуы, қабілетінің ашылуы көбінесе мұғалімнің кәсіби біліктілігіне және оның тұлғалық қасиетіне байланысты. Оқушымен жұмыстың негізгі мақсаты – оқушының шығармашылық, дарындылық қабілетін дамыту, жеке тұлғаны жетілдіру. Ал мақсатқа жету оқу бағдарламасын тереңдетіп оқыту және оқушының танымдық белсенділігін дамыту арқылы жүзеге асады. Оқушының болашақтағы мамандығына байланысты, яғни кәсіби тағдыры тек қана жақсы мұғалімге байланысты.

Жаңашыл педагогтар оқушының жеке тұлғалық қасиетін барынша

құрметтеп, оның шығармашылық қабілеттер мен бейімділіктерін, өздігімен ойлау қабілетін дамыта отырып, ағылшын тілін жетік меңгертуде.

Қазіргі таңда «Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлау» технологиясының стратегиялары сабақтарда кеңінен қолданыла бастады. Сын тұрғысынан ойлау дегеніміз – ақпаратты қабылдаудан басталып шешім қабылдаумен аяқталатын ойлаудың күрделі процесі. Мақсаты: барлық жастағы оқушыға кез келген мазмұнға сәйкес сыни тұрғыдан қарап екі ұйғарым бір **АХМЕТ ЯСАУИ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ, №1, 2014**

пікірдің біреуін таңдап сапалы шешім қабылдап отыру. СТО – оқушылардың мәтінмен жұмыс дағдыларын дамытуға ауызша және жазбаша тілдің барлық түрін қарым-қатынас дағдыларын меңгертуге бағытталған технология.

Мақсатқа жету оқушылар арқылы жүзеге асады. Оқушы басты тұлғаға айналады, ал мұғалім білімді беруші ғана емес, танымдық іс-әрекеттерді ұйымдастырушы, баланың қабілетін, көзін ашушы тұлға. Тілді үйретудегі негізгі мақсаты – ағылшын тілінің әлемдік тіл екенін ескере отырып, оқушыларды осы тілде еркін ойлап-сөйлеуге үйрету; оқушылардың сөйлеу қабілетін жаңа технологияларды пайдалана отырып дамыту; оқушыларды өзге ұлттың мәдениетімен таныстыра отырып сөйлеу мәдениетін қалыптастыру. Оқушыларды сабақтағы белсенді іс-әрекеттерін ұйымдастыру, ойлау, шығармашылық, ізденіс қабілеттерін дамыту арқылы білім сапасын көтеруде жаңа технологияларды пайдаланудың мәні зор. Жаңа технологияны сабақта дұрыс қолдана білу керек. Санына емес сапасына назар аударған жөн. Ағылшын тілі сабағында жаңа технологияны пайдалану арқылы оқушының құзыреттілігі дамиды. Құзыреттілік - оқу нәтижесінде өзгермелі жағдайда меңгерген білім, дағдыны тәжірибеде қолдана білу, мәселені шешу, дайындық сапасының құрылымдық сипатын анықтайтын жаңа сапа. Жаңа білім жүйесіндегі басты назар аударылатын мәселелердің бірі – әр оқушының құзыреттіліктер жиынтығы білім нәтижелері ретінде игеруіне бағдарланған. Тиімді қолданылған кез келген технология білім сапасын арттыратыны ақиқат.

Жоғарыда аталған технология стратегияларының бірнешеуіне тоқталайық:

Ағылшын тіліндегі жаңа сөздермен жұмыс: patient, hard-working, worthy, winning. «Сықырлы таяқша» әдісі бойынша білімгерлер бір-бірден берілген сөздерді қатыстырып сөйлем құрайды.

Сын тұрғысынан ойлау технологиясы бойынша «Бес жолды өлең әдісін» қолданамыз:

Industrious  
Pupil, student  
To learn, to study, to repeat  
He is an industrious student  
Diligent

«T-table» әдісі бойынша кестенің бір жағына сөздің синонимдерін, екінші жағына антонимдерін жазу керек.

Synonyms:	Antonyms:
Diligent	inactive
Laborious	idle
Zealous	indolent



Indefatigable  
Active

slothful  
remiss

«A picture gallery» әдісін сабақты бекіту мақсатында қолданамыз. Әрбір білімгер жаңа сабаққа қатысты есте қалған мәліметті қағазға жазып, қабырғаға іледі, барлығы оған саяхат жасайды.

T-table, a three – staged conversation, a five-lined poem әдістерінен соң,

***АХМЕТ ЯСАУИ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ, №1, 2014***

---

сабақтың қорытынды бөлімінде I know, I do not know, I want to know кестесімен жұмыс жасау оң нәтиже береді.

Ағылшын тілін оқытудың ұтымды әдістерін қолдану нақ бір ғана технологияны бастан-аяқ қолдану деп түсінген дұрыс емес. Әр технологияны немесе сол технологияның қандай-да бір элементтерін сабақтың кез-келген бір этапында тиімді қолдану, жандандыру нәтижеге жеткізеді деп ойлаймын.

Оқу процесін, оның білімділік жағын жетілдіру коммуникативтік принципін енгізу мәселелеріне байланысты. Оқу орыс тілінде жүргізілетін мемлекеттердегі қазақ тілі сабақтарында белгілі бір тақырыптардан кейін алған білімдерін бақылау негізінде лингводидактикалық тест тапсырмалары берілгені тиімді. Қазір тестік бақылаудың бірнеше түрі таратылып жүр. Ашық, тұйық (жабық) сәйкестікті табу, қосымшалық тест, жұмбақтық тест, т.б. [2].

Жаңа технология жүйесінде проблемалық және іскерлік ойын арқылы оқытудың да маңызы аса зор. Оқушылар әр түрлі мәселелерді талдайды, оның шешу жолдарын іздестіреді. Мұндай сабақтар оқушылардың логикалық ойлау қабілетін дамытады, пәнге қызығуын арттырады, өмірде кездесетін түрлі қиындықтарды жеңуге тәрбиелейді. Іскерлік ойын сабақтарын өткізу технологиясы 3 кезеңнен тұрады.

1-кезең. Дайындық (рөлдерді бөліп беру, оқушыларды топтарға бөлу, мәселелерін алдын-ала таныстыру, қажетті материалдарды жинау).

2-кезең. Ойын кезеңі (оқушылар жасаған хабарламаларды тыңдау, пікірталас жасау, қабылданатын шешімді талқылау және оны бақылау, талқыланған шешімді қабылдау).

3-кезең. Қорытындылау (мәселелерді шешудің тиімді жолдарын іздестіру).

Іскерлік ойындардың дидактикалық, тәрбиелік, дамытушылық, (әлеуметтендірушілік) маңызы зор екенін ескерсек, ретіне қарай әр түрлі пәндерден дәстүрлі емес сабақ түрлерін көбірек өткізу қажет. Дәстүрлі емес сабақтардың психологиялық, педагогикалық ұйымдастыру және өткізу жолдарын жан-жақты зерттеп, колледж, жоғары оқу орындары оқушылармен өткізілетін сабақтар жүйесі жасалуы қажет. Ал соңғы жылдары оқытудың модульдік технологиясы мен В.М.Монаховтың, В.К.Дьяченконың [3] оқытудың ұжымдық тәсілі, сондай-ақ, профессор Ж.Қараевтың оқытуды дербестендіру мен ізгілендіру ұстанымдарына негізделген жаңа педагогикалық компьютерлік технологиясы мектептерде қолданылып отыр. Егер осы жұмыстарда қарастырылған оқытудың педагогикалық технологиясын оқу-тәрбие үрдісіне оқытудың жаңартылған жүйесінің жобасы ретінде енгізетін болсақ, онда білімді демократияландыруға және ізгілендіруге оқыту сапасын арттыруға; басқару сапасын жетілдіруге; оқушылардың дамуына бақылау жасауға; соған сәйкес

бағалауға болатыны ғылыми негізде дәлелденіп отырғаны ақиқат. Мектептерде жүргізіліп жатқан қазіргі тәжірибелік – сынақ жұмыстардың басты міндеті жаңаша оқытудың педагогикалық технологиясын оқыту үрдісіне енгізу болып табылады.

Л.В.Занковтың оқыту жүйесінде оқушы өзін емін-еркін сезінеді, оның әлеуметтік мүмкіндігі мен дербестігінің дамуына жағдай жасалады. Осы жүйеде оқушы мен мұғалімнің арасындағы жаңаша қарым-қатынастың іргетасы **АХМЕТ ЯСАУИ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ, №1, 2014**

қаланады. Мұғалім түсіндіруші, оқытушы тұрғысында емес, оқушының оқу әрекетін ұйымдастырушы, бағыттаушы ретінде көрінеді.

Д.Б.Элконин мен В.В.Давыдовтың [4] зерттеулері оқу әрекеті және оның субъектісін қалыптастыруға бағытталған. Оның құрылымы мынадай: оқу-танымдық мотивтер, оқу тапсырмалары, оқу амалдары, оқу операциялары.

Оқушылардың өзіндік іздену іс-әрекетінің әдістерін меңгеру талап етіледі. Өйткені, бұл әдістердің күнделікті пайдаланып жүрген оқыту әдістерінен айырмашылығы бар. Яғни, жаңа жағдайдағы «оқыту әдістемесі» деп отырғанымыз: «оқушы-мұғалім» ұстанымының өзара тығыз байланыстығы. Демек, мұнда бірінші орында оқушы тұрады және оның өз бетімен білім алудағы белсенділігіне баса назар аударылады.

Жаңаша оқытудың негізгі түрлері: оқытудың дербес және топтық түрлері табылады. Бұл жерде алға қойылатын басты мақсат – оқушыға деген сенім, оның өз ісіне жауап беру мүмкіндігіне сүйеніп беделі мен қадір-қасиет сезімін дамыту. Ал оқытудың фронталды түрі, көбінесе, бағыт беру, талқылау және түзету енгізуде ғана пайдаланылады.

Жаңа технологияның мақсаты бойынша «оқытуды ізгілендіру» қажет. Бұл үшін оқу құралдары оқушылардың өздігінен танымдық іс-әрекетін жүргізе алатындай болуы керек. Бұрынғы дәстүрлі оқулықтар мұндай талапты қанағаттандыра алмайды, сондықтан оқушылардың өз бетімен білім алуына аса бейімделген жаңа типтегі оқулықтармен жұмыс жасау – кезек күттірмейтін мәселе.

## ӘДЕБИЕТТЕР

1. Оқытудың жаңа технологиялары. – Алматы: //Халық тәлімі арнайы басылым. – №1, 2002. – 3-5 б.
2. *Жанпейісова М.* Модульдік оқыту технологиясы. – Алматы: Мектеп, 2005. – 8-13 б.
3. *Дьяченко В.К.* Новая педагогическая технология. – Москва: Педагогика., 1989. – 182 б.
4. *Ляудис В.Я.* Инновационное обучение. Стратегия и практика. – Москва, 1994. – 91б.

## РЕЗЮМЕ

В этой статье рассматриваются использования новых технологий в обучении английского языка.

(**Мунсызбаева У. Особенности новых технологии в обучении английского языка**)

## SUMMARY

This article deals with the problem of using new technologies in teaching English.  
(Munsyzbayeva U. The Importance of Using New Technologies in Teaching English)

---

АХМЕТ ЯСАУИ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ, №1, 2014

---

ӘОЖ 370.15

**М.М.ДҮЙСЕНОВА**

Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ-нің PhD докторанты

### **ҚАТЫСЫМДЫҚ ҚҰЗІРЕТТІЛІКТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ТӘРБИЕЛІК НЕГІЗДЕРІ**

*Бастауыш сыныптарда оқушының жеке тұлғасының қалыптасуы мен дамуы айрықша жүреді. Себебі, бүгінгі күні жас өскелең ұрпақты білім беру процесінің объектісі емес, сол процеске қатысушы маңызды субъект деп санап, сол субъектінің теориялық ойлауы мен шығармашылық қабілетін дамыту. Оқыту барысында қалыптастырылған дағдылары мен біліктерін, алған білімін практикада қолдана алатын дәрежеге жеткізетін білім берудің жаңа әдістерін қолдану заман талабы. Сондықтан баланы интеллектуалдық, икемділік, қатысымдық жағынан өзін қоршаған ортамен белсенді қарым-қатынасқа жетуге дайындауда құзіреттілікті қалыптастырудың тәрбиелік негіздері айқындалады. Оқушының ой-өрісін дамытып, алған білімдерін өз тәжірибесінде жаңа жағдайларда қолдану біліктілігін, ізденімпаз, шығармашыл тұлға қалыптастырудың жолдары қарастырылады.*

*Кілт сөздер:* қатысымдық құзіреттілік, этномәдениеттілік, толеранттылық идея, интерпротация, әлеуметтік.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім беру үшін қажетті жағдайлар жасау керек», – деген сөзіне орай мемлекеттік тілді оқыту үдерісінде де бастауыш мектеп оқушы тұлғасын дамытуға мүмкіндік беретін жолдарды саралау күн тәртібіне өткір қойылып отырған мәселелердің бірі [1]. Себебі, бүгінгі күні жас өскелең ұрпақты білім беру процесінің объектісі емес, сол процеске қатысушы маңызды субъект деп санап, сол субъектінің теориялық ойлауы мен шығармашылық қабілетін дамытып, оқыту барысында қалыптастырылған дағдылары мен біліктерін, алған білімін практикада қолдана алатын дәрежеге жеткізетін білім берудің жаңа әдістерін қолдану заман талабы.

Бастауыш мектеп оқушыларының қатысымдық құзіреттілігін қалыптастыру мәселесіне Ы.Алтынсарин, А.Байтұрсынов, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, Т.Шонанов, Ғ.Бегалиев, Ә.Садуақасов, С.Жиенбаев, И.Ұйықбаев, Ш.Сарыбаев, К.Бозжанова, М.Жұбанова, т.б. қазақ тілін оқыту әдістемесін қалыптастырған әдіскер-ғалымдар өз кезінде ерекше көңіл бөлген болатын.

*АХМЕТ ЯСАУИ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ, №1, 2014*

---

Оқушының ой-өрісін дамытып, алған білімдерін өз тәжірибесінде жаңа жағдайларда қолдану біліктілігін, ізденімпаз, шығармашыл тұлға қалыптастырудың бірден-бір жолы 12 жылдық білім беруге көшу екенін әлемдік тәжірибе дәлелдеуде. Бүгінгі күні республикамызда 12 жылдық білім беруге көшуге дайындық жұмыстары жан-жақты талқылануда. 12 жылдық білім беру жүйесіне көшу – қоғамдағы елеулі өзгерістер мен адамдар арасындағы қарым-қатынас құралдарының қарыштап дамуына байланысты жаңа адамды қалыптастыруды көздеген заман талабы. Әлемдік білім кеңістігіндегі оқытудың озық технологияларын қамтитын жаңа білім мазмұны шынайы жарыс, адал бәсекеге қабілетті адам тәрбиелеуді қамтамасыз етуге тиіс.

Қазақстан Республикасының 12 жылдық білім беру тұжырымдамасында оқушылардың жеке тұлғалық құзіреттілігін қалыптастыру басты мақсат екендігін атай келе, 12 жылдық білім беруде педагог төмендегідей құзіреттіліктерді игеруі міндетті деп көрсетілген.

**Құндылықты-бағдарлы құзіреттілік** – жалпы адамзаттық мәдениет жетістіктері негізіндегі іс-әрекет тәжірибесін және қоғамдағы дәстүрлер мен жеке, отбасылық және әлеуметтік өмірдің мәдениет негіздерін, этномәдениеттілік құбылыстарды игеруге мүмкіндік беретін ұлттық ерекшеліктерін, адам мен қоғамның дамуындағы ғылымның рөлін түсіну. Өзі халқының мәдениеті мен әлемін мәдени көп түрлілігін түсіну және бағалауға мүмкіндік беретін мәдени-демалыс қызметін тиімді ұйымдастыру тәсілдерін игеру; рухани келісім мен толеранттылық идеяларына бейім болу.

**Когнитивтік құзіреттілік** – оқушының зерттеу әрекеті мен өзіндік оқу-танымдық үдерісін қамтамасыз ететін кешенді құзырлық. Бұл құзірет өзінің білімділік қызметін ұйымдастыра білуді, сәйкес функционалдық сауаттылық талаптары негізіндегі білімді игеруде әлемнің ғылыми бағытын түсінуге ізденушілік-зерттеушілік әрекет дағдыларын игеруге мүмкіндік беретін өзінің әрекетіне талдау және қорытынды жасау тәсілдерін қарастырады.

**Ақпараттық-технологиялық құзіреттілік** – бағдарлай білу, өз бетінше іздей білу, талдай, таңдай білу, өзгерте білу, сақтай білу, білім мен ақпаратты, ақпараттық технологиялар мен техникалық объектілердің көмегімен жеткізуді жүзеге асыра білу және интерпротациялау білігі.

**Әлеуметтік өзара қарым-қатынас құзіреттілігі** – отбасылық, еңбек, экономикалық саяси қоғамдық қатынастар саласындағы белсенді азаматтық-қоғамдық тәжірибе мен білімге ие болуды білдіреді. Бұл құзірет әлеуметтік-

қоғамдық жағдаяттарда нақты жағдай жасай білуді, шешім қабылдай білуді, түрлі өмірлік жағдаяттарда жеке басына және қоғам мүддесіне сәйкес ықпал ете білуді, өз бағыт-бағдарын саналы таңдай алуды қарастырады.

**Тұлғалық өзін-өзі дамыту құзіреттілігі.** Бұл құзіреттілік еңбек, экономикалық және саяси қоғамдық қатынастарды белсенді азаматтық, қоғамдық қызмет білімін қолдануын білдіреді [2].

***АХМЕТ ЯСАУИ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ, №1, 2014***

Е.А.Ракитина құзіреттіліктердің түрлерін төмендегіше жіктейді:

*1. Ақпараттық-аналитикалық қызмет саласындағы құзіреттілік:* қоғам мен жеке тұлға өміріндегі ақпарат рөлін түсіну, ақпарат феномені негізіндегі теориялар мен олардың қазіргі әлем картинасының қалыптасуына ықпалы туралы білімдер; өз қызметіне ақпараттық үдерістердің ағымын заңдылықтарын ескеру біліктілігі; практикалық және тұлғалық мәні, қасиеттері тұрғысынан ақпаратты бағалау және талдау дағдыларын меңгеру.

*2. Танымдық қызмет саласындағы құзіреттілік:* түрлі табиғи объектілерді зерттеуде ақпараттық тәсілдің мәнін түсіну; жүйелік-ақпараттық талдаудың негізгі сатылары туралы білім; талдау, теңестіру, жалпылау ақпаратты формалдау, себеп-салдарлық байланыстар мен т.б. айқындау; ойлаудың жүйелік-аналитикалық, логикалық-аралас және алгоритмдік стильдерінің анықталған деңгейде қалыптастырылуы; ойларды генерациялау және оны іске асыруға қажетті құралдарды анықтау біліктілігі.

*3. Қарым-қатынастық қызмет саласындағы құзіреттілік:* қарым-қатынас құралы ретінде тілмен қарым-қатынас (табиғи, формалданған және формальды) формальды тілдерді пайдалану ерекшеліктерін түсіну; қарым-қатынастың қазіргі заманғы құралдары мен байланыс каналдарының маңызды сипаттары туралы білім; телекоммуникацияның негізгі құралдарын игеру; құқықтық информатиканың негізгі жағдайлары мен қарым-қатынастың этикалық нормалары туралы білім.

*4. Технологиялық құзіреттілік:* қызметті ұйымдастырудың технологиялық тәсілінің мәнін түсіну; ақпараттық қызметтің автоматтандырылған технологияларының ерекшеліктері туралы білімі; есептерді шешу операцияларының технологиялары мен негізгі сатыларын айқындау, дербес жағдайда автоматтандыру құралдарының көмегімен түрлі ақпараттық технологиялардың негізін құрайтын унифицирлік операциялардың орындалу дағдыларын меңгеру.

*5. Техникалық білім аймағындағы құзіреттілік: (технологиялық құзіреттілік):* ақпаратты автоматты түрде өңдеуге арналған техникалық құрылғыларды пайдаланудың шегі мен мүмкіндіктерін, жұмыс істеу принциптерін түсіну; ақпараттық үдерістердің автоматты орындалуы мен автоматтандырылуының айырмашылықтары туралы білім; нақты техникалық құрылғының негізгі сипаттарын пайдаланып шешілетін есептер класын бағалау біліктілігі.

*6. Әлеуметтік қызметтер мен ұрпақтар сабақтастығы саласындағы құзіреттілік:* қоғамның ақпараттық ресурстарының көбеюі мен сақталуына

қамқорлықтың қажеттілігін түсіну; таратылатын ақпараттың сенімділігіне жеке жауапкершілікте болу қабілеттілігі мен дайындығы; тұлғаның ақпараттық қауіпсіздігі мәселелерінде өзі мен өзгелердің құқықтарын құрметтеу.

7. *Кәсіптік іс-әрекеттің ақпараттық түрлеріндегі құзіреттілік:* кәсіптік қызметтегі ақпараттық үдерістердің ағысының ерекшеліктері мен **АХМЕТ ЯСАУИ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ, №1, 2014**

заңдылықтарын түсіну; кәсіби маңызды ақпараттың сипаты мен қасиеттері туралы білім; кәсіптік қызметте пайдаланылатын ақпараттық жүйелердің негізгі түрлері және осы жүйемен жұмыс істеу дағдыларын игеру білімі; автоматтандыру орталары мен өзара әрекеттесудің технологиялық дағдылар мен ақпараттық технологияларды меңгеруге негізделетін ақпараттық есептеу техникалары орталарын кәсіптік есептерді шешуде пайдалануға қалыптастырылған қажеттілік [3].

Қ.Молдабек: «Бастауыш мектеп оқушыларының қатысымдық құзіреттілігін қалыптастыруда басқа да құзіреттіліктерге назар аударған жөн. Бұл оқыту үдерісінде оқушыларды әлеуметтендіруге, олардың танымдық қабілеттерінің даму жолдарын, оқушының өмірлік жағдаяттарда тілдік қатысымға түсу уәждері мен қажеттіліктерін түсінуге жәрдемдеседі. Алайда, бастауыш мектеп оқушыларының әлеуметтік, когнитивті, ақпараттық-технологиялық және т.б. құзіреттіліктерін қалыптастыру жолдары туралы мәселе өз алдына бөлек зерттеуді қажет етеді»-, деп, оқушылардың қатысымдық құзіреттілігін қалыптастыру мәселесі өте маңызды екенін атап көрсетеді [4].

Кесте 2. – Қатысымдық құзіреттілік сипаттамасы.

Құзіреттілік	Құзіреттіліктің сипаттамасы	Оқушылардың жеке тұлғалық қасиеттеріне әсер етуі
1	2	3
Қатысымдық құзіреттілік	Қатысымдық құзіреттілік тілдік қатынас кезінде кездесетін түрлі жағдаяттарда оқушылардың қатысымдық міндеттерді шешу қабілеті (Г.Селевко).	Тілдік қатынас кезінде ақпараттармен алмасу; өзіндік пікір білдіру; тілдесу біліктері
	Қатысымдық құзіреттілік - оқушылар және қоғам үшін күнделікті оқуда, өндірістік және мәдени өмірде қатысымдық міндеттердің шеше білу қабілеттілігі, қатысымдық мақсатты іске асыруда оқушылардың тіл және сөз құралдарын пайдалана алуы (Э.Г.Азимов, А.Н.Щукин).	Оқушының әлеуметтенуі; Тілді күнделікті өмірде қолдануы; Тілдесу дағдылары мен икемділіктерінің дамуы
	Қатысымдық құзіреттілігі қалыптасқан оқушы екінші адаммен, сыныптасымен	Оқушыларды әлеуметтенуі; олардың танымдық қабілеттерінің дамуы;

	<p>белгілі бір ақпаратты жеткізіп қана қоймайды, сонымен қатар екінші адамға немесе ортаға өз ойын түсіндіреді, олардың пікірін ұғады (Қ.Молдабек).</p>	<p>оқушының өмірлік жағдаяттарда тілдік қатысымға түсу уәждері мен қажеттіліктерін түсінуі.</p>
--	---	---

---

**АХМЕТ ЯСАУИ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ, №1, 2014**

---

Осындай қарама-қайшылықтар болғанымен, көптеген ғалымдар қатысымдық құзіреттілікке оқушылардың түрлі жағдаяттарға өз ойын екінші адамға жеткізу, екінші адаммен немесе қоршаған ортамен еркін тілдік қатынасқа түсу, қатысымдық қажеттіліктері мен міндеттерді орындау секілді қабілеттерді жатқызады.

Сондықтан, бастауыш сыныптарда сөз тіркесін оқыту барысында оқушылардың қатысымдық құзіреттілігін қалыптастыру мәселесі – тілдің қатысымдық және когнитивтік салаларының өзара ортақ бағыттары мен ұстанымдарынан туындаған жаңа бағыт. Сондықтан да бұл терминнің мән-мағынасына түсініктеме бергенде, ең алдымен қатысымдық құзіреттілік өз пікірін дәлелдейтін, тілдік қарым-қатынаста айтылым, тыңдалым, оқылтым, жазылтым, және тілдесім үдерістерін жүзеге асыратын, өзіндік пікірі бар жеке тұлғаның бойында қалыптасатын қабілет екендігіне назар аударған жөн.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы заңы» //Қазақстан мұғалімі, 1992, №2.
2. Қазақстан Республикасындағы 12 жылдық жалпы орта білім беру Тұжырымдамасы. Астана: 2006.-23 б.
3. *Ракитина Е.А.* "Построение методической системы обучения информатике на деятельностной основе" Автореф. дисс. на соиск. уч. степени докт. пед. наук. — М., 2004.
4. *Молдабек Қ.* «Бастауыш сыныпта қазақ тілін қатысым әдісі арқылы оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері» П.ғ.д., ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. Алматы, 2010, 273 б.

#### РЕЗЮМЕ

В данной работе рассматриваются воспитательные особенности формирования компетентности при подготовке ребенка к достижению активного взаимодействия с окружающей средой с интеллектуальной, адаптационной и коммуникативной точки зрения.  
(**Дуйсенова М.М. Воспитательные основы формирования коммуникативной компетенции**)

#### SUMMARY

In this article we consider the educational features of the formation of competence in preparing the child to achieve an active interaction with the environment with intellectual, adaptive and communicative point of view.

(**Duisenova M.M. Bases of Forming Educational of Communicative Competence**)

ӘОЖ 301.1 584.5

**О.НҰСҚАБАЕВ**

Социология ғылымдарының докторы, профессор

**С.МЫРЗАХМЕТОВ**

Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ-нің магистранты

### **ХАЛЫҚ САНЫ ӨСУІНЕ ЫҚПАЛ ЕТУШІ ФАКТОРЛАР**

*Бұл мақалада Қазақстан Республикасының демографиялық жағдайы сипатталады. Халықтың әлеуметтік-демографиялық дамуы зерттеліп, халық санының өсуіне ықпал етуші факторлар қарастырылған. Қазақстан Республикасындағы әлеуметтік-демографиялық құрылым, оның ерекшеліктері мен даму динамикасына талдау жасалған. Демографиялық факторлардың қоғамның саяси, әлеуметтік-экономикалық саласына ықпалы, жұмыс күшінің тапшылығы, халықтың қартаю тенденциясы сияқты, т.б. мәселелер көрсетілген, демографиялық болжамдар жасалған.*

*Кілт сөздері:* демография, фактор, мигрант, генетика, халық өсімі, этника.

Жаһандық демографиялық теңгермесіздік күн өткен сайын күшейе түсуде. Жалпыәлемдік тренд – адамзаттың қартаюы. Енді 40 жылдан кейін алпыс жастан асқан адамдардың саны 15-ке толмағандардан асып түседі. Туудың азаюы және адамзаттың қартаюы көптеген елдерде еңбек нарығындағы мәселелерге, атап айтқанда, еңбек ресурстарының жетіспеушілігіне сөзсіз әкеледі.

Күрделене түскен демографиялық теңгерімсіздік жаңа көш-қон толқындарын туғызып, күллі әлемде әлеуметтік шиеленісті күшейте түсуде.

Біз, Қазақстанда бүгінгі күннің өзінде-ақ, заңсыз еңбек мигранттары жергілікті еңбек нарықтарын тұрақсыздыққа әкелген елдің жекелеген өңірлеріндегі көші-қон қысымымен бетпе-бет келіп отырмыз.

Біз жас ұлтпыз. Еліміздегі орташа жас – 35. Бұл біздің адамдық әлеуетімізді сақтауға, әлемде өзіміздің дұрыс орнығуымызға зор мүмкіндік береді. Қазақстан халқының әлеуметтік жағдайының түбегейлі жақсы жаққа қарап өзгеруі, әл-ауқатының артуы, өмір сүру жағдайының жақсаруы



туылымды да күрт көтеріп отыр.

Соңғы 15 жылда Қазақстан халқының саны 14 миллионнан – 17 млн. адамға дейін өсті. Өмір сүру ұзақтығы 70 жасқа дейін өсті.

Десек те, табиғи өсім бойынша Қазақстан Орталық Азия мемлекеттеріндегі табиғи өсіммен салыстырғанда әлі де болса төменгі

*АХМЕТ ЯСАУИ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ, №1, 2014*

көрсеткішке ие. Ал, ел экономикасының қарыштап дамуы өндіріс саласында еңбек етуге қабілетті адамдар санының алдағы жылдары жеткілікті деңгейде болғанын қалайды. Демек, Қазақстанға ел халқы санының өсімділігі ауадай қажетті жағдай.

Оның үстіне Қазақстанда халық санының өсуіне барлық жағдай жасалған. Ел халқының әл-ауқаты жоғары. Сапалы және қол жетімді медициналық қызметтер көрсетумен республика халқы толық қамтамасыз етілген. Аурулар түрінің барынша алдын-алу, диагностикалау және емдеу шаралары дұрыс жолға қойылған. Туу мен көп балалы болуға ынталандыру жүйесі жасақталған [1].

Ол аз дегендей, кешегі, яғни өткен ғасырдың 90-жылдары орын алған дағдарысты жылдардың өзінде Қазақстан халқы қиын жағдайларға қарамастан өзінің демографиялық көрсеткішін алға қарай дамытпаса да, жеткілікті деңгейде сақтай білді.

Оған себеп:

– жергілікті халықтың генетикалық қорының өте бай екендігінде, қанының тазалығында. Бұл қасиет Қазақстан сонау бағзы заманнан бері небір қасіретті жағдайлардан, қолдан жасалған жасанды зұлматтардан сақтап қалды.

– Қазақстан халқының демографиялық күш-қуаты жас, бар-жоғы – 35 жас. Демек, туылым күш-қуаты жоғары. Ал, керісінше Еуропа халықтары, мысалы, Германия, Швеция, Норвегия және басқа да батыстық елдерде егде адамдар саны өте жоғары. Бұл Еуропа мемлекеттерінің қол күші еңбегінде көп дамушы елдерден жалданып жұмыс істейтін мигранттардың еңбегіне тәуелділікті тудырып отыр. Елімізде мұндай ахуалдың орын алмауы үшін халық санының болжанғандай деңгейде өсіп отыруы мәні зор қажеттілік. Бүгінгі таңның өзінде Қазақстанға көрші Өзбекстаннан, Қырғызстаннан, Тәжікстаннан ағылып келіп, нәпақасын тауып жүргендер жетерлік. Әрі бұл құбылыс жылдан жылға арта түседі деп болжамдалуда.

Халық санының өсуі негізінен екі факторға – табиғи өсу мен механикалық өсуге байланысты. Табиғи өсім халықтың көбеюінің негізгі көзі болып табылады. Табиғи өсім республикада қазақ халқы арасында біршама жоғары болғанымен, басқа тұрғындар арасында әркелкі. Мысалы, бұл көрсеткіш өзбектер арасындағы әрбір 1000 адамға шаққанда 24,7 пайызды құрағанымен, басқалар арасында 18,6 пайыздан аспайды. Ал, кейбір халықтардың, мысалы, орыстардың, украиндардың және белорустардың соңғы жылдары табиғи азаюы байқалуда. Бұл көрсеткіш олардың барлығын қоса есептегенде 14-15 мың адамға жетіп жығылады.

Сонымен қатар, соңғы жылдары әлемдік деңгейде орын алып отырған қаржылық дағдарыс көп отбасылардың кіріс-шығысына тікелей әсер етуде. Айталық, қалалық тұрғындар арасында жүргізілген сауалнама сұрақтарына қайтарылған жауаптар сұралғандардың 50 пайызға жуығының тек жалақымен күн көретіндігін паш етсе, 15 пайыздайы зейнетақы мен жәрдемақыға ***АХМЕТ ЯСАУИ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ, №1, 2014***

---

сүйенетіндігін білдірді.

Қазіргі кезде жастардың отбасын құру жасы бұрынғы уақыттарға қарағанда шамамен 10-15 жасқа дейін ұлғайып, шамамен 34-35 жас аралығына деңгейлес келіп отыр. Бұл түсінікті жағдай. Бүгінгі жастар он-солын толық танып, алдымен қоғамдық қатынастар жүйесінен өз орнын иеленіп барып, материалдық жағдайы отбасын құруға мүмкіндік беретін деңгейде отбасы құрғысы келеді. Бұл дұрыс та болар.

Бірақ, жас отбасылардың ажырасып кету фактілерінің жоғары екендігін де жасыра алмаймыз. Бұл көрсеткіш жаңадан үйленгендердің арасында 27 пайыздан ары барып жығылады.

Туу үрдісін сөз етсек, бүгінгі күні әрбір жас әйелдің 4 бала табуы ерлікке саналады. Көбісі 1 немесе 2 баламен шектеліп қалуда. Ал, әрбір қазақстандық отбасында шамамен 3 баладан келгеннің өзінде 16-17 жылдан кейін халық саны 25 млн-нан асып жығылуы мүмкін деп болжамдалуда.

Осыған байланысты туылымның көтерілуі үшін бұрыннан бар материалдық игіліктермен ынталандыру саясатын арттырып, дүниеге жаңадан келген әрбір бала үшін 50 мыңға дейін сыйақы төленетін болса нұр үстіне нұр жауар ма еді.

Халық санының артуына белсенді иммиграциялық саясат та, шетелдердегі қазақ азаматтарының елге жаппай қоныс аударуы да өз көмегін тигізери анық.

Халық санының өсуіне ықпал ететін басты фактор, әрине, бұл халықтың табиғи өсімі [2].

Ол үшін халықтың әл-ауқаты байып, денсаулығы зор болуы керек. Бұл біріншіден, ал екіншіден, халық арасында өлім-жетімді барынша азайту қажет. Туылымды көбейту үшін оған ынталандыру тетіктерін күшейте түсу лазым. Мұндай шаралар барлық дамыған елдерде тәжірибеден өтіп, өзін ақтаған жағдаяттар. Мысалы, Жапонияда тууды ынталандыру 4 балаға дейін қоса санағанда, прогрессивті өсу жүйесі бойынша сыйақыланады. Бала дүниеге келген кездегі бір жолғы, сонымен қатар ай сайынғы төлемдер (мысалы, жүктілік уақыты, баланы туу, күтіп-бағу, т.с. мемлекет есебінен төленетін жәрдемақы және кәсіпорын қосымша сыйақылайтын еңбек ақысы) төленеді.

Үйсіз жүрген жас отбасылар тұрғын үймен қамтамасыз етілуі тиіс. Бұл да өркениетті елдерде тәжірибеден өткен игілікті үдеріс.

Сонымен қатар, тұрғын халықтың денсаулығы мен өмірге жаңадан келіп, өсіп, өніп келе жатқан жеткіншек ұрпақтың денсаулығын жоғары деңгейде сақтау – атқарылуы тиісті іс-шаралардың ең өзектісі болуы тиіс. Жаңадан

өмірге келген сәби денсаулығының жай-күйі ана денсаулығының жай-күйіне байланысты. Жаңа тіршілік иесінен айрылып қалмау үшін біз ананың денсаулығын қорғау жөніндегі күллі шараларды қамтамасыз етуге тиіспіз. Осы орайда, жүкті әйелді гинеколог дәрігердің тұрақты медициналық бақылауы міндетті болып есептеледі. Алайда, бұл ретте жүкті әйелдердің

---

**АХМЕТ ЯСАУИ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ, №1, 2014**

барлығы бірдей тәртіпті сақтай бермейді, сондықтан да жүкті әйелдердің мамандарға ертерек қаралуын ынталандыру қажет.

Көші-қон процестерін реттеудің де берері көп. Халық өсімінің мәселелерін көптеген елдерде көші-қон ағынын реттеу жолымен шешті. Мысалы, Австралия, Канада, Израиль және АҚШ тәрізді елдер елді жалпы дамыту мақсатында иммиграцияны көтермелесе, ал Бельгия, Франция және Нидерланды сияқты елдер еңбекке қабілетті халықтың іріктеліп көшіп келуін қолдады. Бүгінгі күні иммиграция кейбір елдерде, мысалы, Австралияда, Бельгияда, Канадада, Израильде, Германияда және АҚШ-та халықты толықтырудың негізгі көзі болып саналады. Әрине, көшіп келудің барлық елдерде этникалық реңкі бар. Батыс Еуропада да оңтүстіктен солтүстікке, неғұрлым дамыған индустриалды аймақтарға көш-қон ағыны байқалады. Еңбекке қабілетті халықтың тиісінше табыс табуына мүмкіндік беретін жағдайлармен қамтамасыз ету жөніндегі шаралар эмиграциялық процестерді тежеу ісінде өзекті шаралар болып есептеледі. Кәсіпкерлікті қолдау жөніндегі, шағын кредит беруді қоса алғанда, кредит беру жүйесінің әр түрлі нысандарын дамыту жөніндегі арнайы бағдарламалар кеңейтілуге және тиімді іске асырылуы тиіс. Иммиграциялық саясатта көшіп келушілердің әлеуметтік және тұрғын үй-тұрмыстық мәселелерін шешу, көшіп келушілердің Қазақстанның әлеуметтік және экономикалық жүйесіне тезірек кірігуі үшін жағдай жасау жөнінде нақты қолдау көрсету жөнінде шаралар қолдану қажет.

Десек те халық өсімінің табиғи өсімі негізінен жергілікті, сонда да, ең алдымен, ауыл халқының әл-ауқатын көтеріп, денсаулығын арттыруға тікелей тәуелді. Осыны терең түсінген ел басшылығы, қаржылық дағдарыстың қиыншылығына қарамастан, 2011 жылы «Жұмыспен қамту – 2020» бағдарламасын қабылдады. Ондағы мақсат – тұрақты және өнімді жұмыспен қамту арқылы халық кірісін арттыру. Бағдарлама негізгі төрт бағыттан тұрады. Біріншісі, білім беру және жұмысқа орналастыруға жәрдемдесу, жалақы төлемдерін субсидиялау арқылы жұмысқа қабылдауды ынталандыру. Екінші – ауыл тұрғындарын шағын несиенен қамтамасыз ете отырып, ауыл ішінде кәсіпкерлікті дамытуға жәрдемдесу. Үшінші бағыт еңбек ресурстарының тиімділігін арттыру. Төртіншісі – инфрақұрылымды дамыту арқылы халық көп шоғырланған ауылдарды дамыту. Бағдарламаның негізгі қатысушыларын жұмыссыздар, оқу орындарының түлектері, еңбекке қабілеттігін жоғалтпаған мүгедектер, балалар үйінің тәрбиеленушілері, ата-анасының қарауынсыз қалған балалар, 23-жасқа дейінгілер, зейнеткерлер, жалпыға ортақ жаста зейнетке шыққандар, этностық мигранттар және

басқалар құрады.

Алдын ала есептелген қорытындының бірінші бағыты бойынша кәсіптік білім беру аясында 95,7 мың адам білім алды. Әлеуметтік жұмыс орындарында 58,7 мың адам жұмысқа орналасып, 31 мың адам халықаралық тәжірибеден өтті. Айталық, Ақтөбе облысы, Жем қаласының тұрғыны Елдос **АХМЕТ ЯСАУИ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ, №1, 2014**

Есниязов орта білімі бар азамат еді. Екі қолға бір күрек іздеген Елдос өткен жылдың тамыз айында жұмыспен қамту орталығының көмегіне жүгінген. Ол техникалық колледжде «Жөндеу және қызмет көрсету бойыншы (газдық отындықтың операторы)» мамандығы бойынша курсты оқып, бітірген соң «ЖемЖылу» мемлекеттік коммуналдық отындығы кәсіпорнына тұрақты жұмысқа тұрды.

Екінші бағыт бойынша 11 мың адам кәсіпкерліктің негізі бойынша білім алып, 8,2 мың адам шағын несиелемен қамтамасыз етілді. Бұл азаматтар 3 млн. теңгеге дейін несие алып, бүгінде өз ісін дөңгелетіп отыр.

Үшінші бағыт бойынша 2011-2013 жылдары бағдарламаға бөлінген қаражат есебінен 4516 пәтерден тұратын 1211 тұрғын үйдің құрылысы жоспарланған болатын. Бүгінде 789 тұрғын үй, яғни 2864 пәтер (65,2 пайыз) тапсырылды. Бұл бағыттың да қызығын көптеген қазақстандықтар көрді. Мысал келтіре кетейік. Олжас Қалқатаев ШҚО Күршім ауданының Жылытау ауылында өскен. Оның жұбайы Ақмарал Қасымханова мамандығы бойынша мұғалім. Өз мамандығы бойынша ауыл ішінде жұмыс таппаған. Зырян және Күршім аудандарының жұмыспен қамту орталықтарының қызметкерлері ұйымдастырған ауыл жиналысында бағдарлама аясында мекен-жайды ауыстыру мүмкіндігі туралы естиді [3].

Сөйтіп, өткен жылдың 17 қазанында өтініш жазып, Зырян қаласына отбасы, әйелі, ата-анасымен көшіп келген. Орналасқан бойда отбасына 3 бөлмелі пәтер берілді. Олжасты жаңа мекен-жайы бойынша «Өскемен пласт» ЖШС «өңдеуші» мамандығы бойынша жұмысқа алып, 65000 теңге жалақы тағайындады. Ал зайыбы Ақмарал мамандығы бойынша кішігірім орталыққа тәрбиеші болып жұмысқа тұрған. Бүгінде ай сайын тұрақты түрде 40000 теңге көлемінде жалақы алады.

Жалпы бағдарламаның төртінші бағыты бойынша 2700 отбасы (9,8 мың адам) әлеуметтік ахуалы төмен ауылдардан дамуы жоғары елді мекендерге қоныс аударған.

Бытыр төртінші бағыт бойынша «Халық көп қоныстанған ауылдарды дамыту» бағдарламасының іске асыру кезеңі басталды. Оның мақсаты инфрақұрылымдық жоспарларын жүзеге асыруда орташа немесе жоғары керсеткіштерге ие әлеуметтік-экономикалық даму жолындағы ауыл халқын жұмыспен қамту. Жалпы 565 жоба жүзеге асырылып, ауылды жерлерде 7,3 мың жұмыс орындары ашылды. Жұмыспен қамту бағдарламасын іске асыруда 1,1 млрд. доллар (169,4 млрд. теңге), оның 360,9 млн. доллар (54,5 млрд. теңге) кәсіптік білім беру ұйымдары мен жұмысқа орналастыруға, 217,9 млн. доллар (32,9 млрд. теңге) кәсіпкерлікті дамытуға, 178,1 млн.

доллар (26,9 млрд. теңге) еңбек ресурстарының тиімділігін арттыруға, 280,1 млн. доллар (42,3 млрд. теңге) халық көп шоғырланған ауылдарды дамытуға бөлінді.

Еңбек нарығын дамытуда жеке секторларды тарату саясатын ұсыну мақсатында кәсіпкерлікті қолдау шараларымен қамтамасыз ету, банктерден

***АХМЕТ ЯСАУИ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ, №1, 2014***

несие алар кезде пайыздық құнын субсидиялау, қажетті құрылғыларды жеңілдетілген шарттармен лизингке алу, технологиялар трансферті, несиенің белгілі бір бөлігін қайтарып беру кепілділігі, дамымай жатқан инженерлік инфрақұрылымды мемлекет есебінен дамыту, гранттар қарастыру, экспортталған ұйымдарды қаржылық және техникалық жағынан қолдау, сервистік қолдау, мамандарды шетелдерде оқыту және шетелдік инвестицияларды ынталандыру шаралары жүзеге асырылды.

Жалпы «Жұмыспен қамту – 2020» бағдарламасы өз кезегінде бұрынғы бағдарламалар легін толықтырды. Ел экономикасын алға сүйреп, халықтың тұрмысын жақсартты. Мемлекеттің негізін күшейтіп, қазақ елін әлемдік қауымдастық алдында айбынды мемлекет болып қалыптасуына әсер етті. Бағдарламаны іске асыру кезеңінен бері 161418 адаммен әлеуметтік шарт жасалған. Оның 130 мыңы (80,5 пайыз) жұмыссыздар, 55700-ден астамы (34,5 пайыз) өзін-өзі қамтығандар, сондай-ақ шамамен 11 мыңы (5,6 пайыз) аз қамтылған адамдар болды [3].

Жалпы, экономикалық белсенді халық саны 1991 жылы 7,7 млн. адамды құраса, 2013 жылы шамамен 9 млн. адамға жетіп жығылып отыр. Бүгінгі таңда жұмыспен қамтылған халық саны 8,5 млн. адамды құрайды.

Осындай игілікті істердің арқасында халықтың әл-ауқаты жақсарып, денсаулығының жоғары деңгейде болу көрсеткіші жоғарылап келеді. Ал, мұның өзі елімізде туылымның көбейіп, халық санының артуына ықпалды әсерін тигізеді.

#### **ӘДЕБИЕТТЕР**

1. «Қазақстан – 2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. Қазақстан Республикасының Президенті. Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. – Алматы: ЮРИСТ, 2013. – 44 б.

2. Нұсқабаев О., Мүсірепова Н. Жаһандану жағдайындағы ұлттық қауіпсіздік қағидаттары // Ақиқат. – 2013. – №5, 99-101 б.б.

3. Егемберді Е. «Жұмыспен қамту – 2020» бағдарламасы бізге не берді? // Егемен Қазақстан. – 2013, 12 шілде.

#### **РЕЗЮМЕ**

В этой статье рассматриваются основные влияющие факторы на рост населения и анализируется демографическая ситуация в Республике Казахстан.

**(Нұсқабаев О., Мирзахметов С. Влияющие факторы на рост населения)**

#### **SUMMARY**

This article discusses the main influencing factors on population growth and analyzes the demographic situation in the Republic of Kazakhstan.

ӘОЖ 94(574):904

**Н.А.АБДУРАХМАНОВ**

тарих ғылымдарының кандидаты,  
Академиялық инновациялық институтының доценті

**А.Ж.ИБРАИМОВА**

Академиялық инновациялық институтының магистранты

**АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЕСКЕРТКІШТЕРДІ ЭТНОСТАРМЕН ЖӘНЕ  
ОЛАРДЫҢ МӘДЕНИЕТТЕРІМЕН ИДЕНТИФИКАЦИЯЛАУДАҒЫ  
КЕЙБІР ӘДІСТЕМЕЛІК МӘСЕЛЕЛЕР**

*Ғылыми мақалада археологиялық ескерткіштердің этникалық және мәдени шендестірудің әдістері туралы жазылған. Археологиялық материалдар негізінде оларды қалдырған этностарды анықтаудың екі түрлі әдістері бар. Бұл әдістердің біріншісі, белгілі бір археологиялық мәдениетті немесе ескерткіштердің белгілі бір категориясын атауы және таралған аумағы жазба деректерден белгілі этникалық бірлестіктермен шендестіру. Екінші, тарихи және этнографиялық материалдармен сенімді түрде байланыстыратын археологиялық ескерткіштерді, қандай да бір этноспен, олардың алдында болған археологиялық мәдениетпен шендестіруді мақсат тұтқан ретроспективті әдіс.*

*Кілт сөздері:* археологиялық ескерткіштер, этнос, шендестіру, топонимия, этнография, этнопоним, әдіс, этнолингвистика.

Археологиялық ескерткіштерді белгілі бір этностармен және олардың мәдениеттерімен идентификация жасау, археологияның бұрыннан келе жатқан ескі, әрі толық шешімін таппай келе жатқан мәселелерінің бірі болып табылады. Идентификация, яғни шендестіру, тек археологтар үшін ғана емес, сондай-ақ этногенез бен глоттогенез мәселелерімен байланысты болып келетін әртүрлі ғылыми пән мамандары, яғни антропологтар, лингвистер, этнологтар, көне дәуірді зерттейтін тарихшылар, тарихнамашылар және деректанушылар үшін де маңызды. Бұл мамандардың қай қайсысы болсын өз зерттеулерінде тікелей немесе жанама түрде болсын сәйкес келетін археологиялық материалдар мен оларды этникалық тұрғыда түсіндіру

мәселесіне соқпай өте алмайды. Осындай маңыздылығына қарамастан бұл мәселе, методикалық тұрғыдан да, практикалық тұрғыдан да әлі өз шешімін тапқан жоқ.

Кейбір археологтар, бұрынғыша археологиялық жүйелердің белгілі бір структуралық бірліктерін этностармен олардың әртүрлі таксономиялық

---

*АХМЕТ ЯСАУИ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ, №1, 2014*

---

бөліктерімен тікелей шендестіру мүмкіншілігін жоққа шығармайды. Қазақстан археологиясында археологиялық ескерткіштерді, сәйкес келетін этностармен және олардың мәдениеттерімен идентификация жасаудың теориялық және методологиялық мәселелерімен айналысқан археологтар жоқ болғандықтан мысал ретінде бұрынғы Кеңес Одағының археологиясында осы мәселемен айналысқан ғалымдардың пікірлерін келтіреміз. Мысалы, славян этногенезін кешенді зерттеу саласынан жемісті де көп еңбек еткен В.В.Седов: «археологические культуры, если они выделены на основе достаточных фактов как правило этничны... Исследователи почти всегда могут определить, этнична или многоэтнична та или иная археологическая культура, и выявить племенные компоненты многоэтничных культур», дейтін пікір білдіреді [1]. Қазақстан мен Орта Азиядағы андрон мәдениетін зерттеген белгілі археолог Е.Е.Кузьмина: «археологтар мен этнографтар, әдетте археологиялық мәдениетпен этнос бір-бірімен барабар тең келіп, сәйкеседі, деп шамалайды; мәдениеттен – тайпаларды ал, археологиялық қауымдастықтан – туысқан тайпалардың одағын көреді» [2] – деп, есептейді. Этнограф-этнологтардың барлығына бірдей мұндай көзқарасты телу, әрине дұрыс емес. Бұл көзқарас, сондай-ақ көптеген археологтар тарапынан да қарсылыққа ұшыраған.

Седов пен Кузьминаның жоғарыдағы пікірі, этноайқындағыш артефактілері және этникалық ерекшелігін білдіретін жерлеу қабірі мен салты бар ескерткіштер мен мәдениеттерге қатысты болса дұрыс, ал бірақ, этноайқындаушы артефакталары, этноспецификалық, яғни белгілі бір этносқа тән жерлеу салты мен әдет-ғұрпы бойынша жасалатын жерлеу қабірі мен салты жоқ синкретті мәдениетке қатысты болса, дұрыс емес болып шығады. Қару мен аттың ер-тұрманы, әбзел-сайманы секілді этноайқындаушы артефактілері, бейнелеу өнеріндегі «аң стилі», синкретті жерлеу қабірі мен салты, этноспецификалық жерлеу инвентары, ауыр салт атты-катафрактариймен байланысты этноайқындағыш артефактілері, яғни күрделі құрамды садақ пен құрамды белбеу, аттың ер-тұрманы секілді этноайқындаушы артефактілері мен өлікті атпен бірге жерлеу салты бар ескерткіштер мен мәдениеттің этникалығын немесе қандай этностарға тиесілі екендігін бұл ескерткіштермен мәдениетті, сақ-скиф, саурама-сармат, хун, тугю-түрік мәдениеттерімен салыстыра осыларға тікелей (прямолинейно) шендестіру арқылы анықтауға болады.

Бұрынғы Кеңес Одағының С.А.Арутюнов, А.М.Хазанов секілді археолог-этнологтары, археологиялық материал негізінде этникалық

спецификаны, яғни материалдық және рухани мәдениеттеріндегі белгілі бір этносқа тән белгілер мен ерекшеліктерді бөліп көрсету, сондай-ақ, археологиялық материалды нақты этносқа немесе этникалық топтарға шендестіру, яғни шендестіру әдістері туралы мәселе, әлеуметтік жағынан алғанда ерте таптық қоғамға сәйкес келетін кейінгі тарихи кезеңдерге қатысты болса ғана ұтымды болмақ, деп есептейді [3]. Олардың пікірінше *АХМЕТ ЯСАУИ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ, №1, 2014*

зерттеуші, жазба дерек көздерінің сипатынан туындайтын қиындықтармен қатар археологиялық дерек көзінің сипатымен байланысты болып келетін басқа да қиындықтарға кезігеді. Бәрінен бұрын белгілі бір этностың сәйкес келетін археологиялық мәдениетпен сәйкесетіндігіне сенімділіктің жоқтығы. Бұдан ары олар, мұндай қиындықтардың іс жүзінде неге алып келетіндігіне мысал келтіреді.

Рим авторлары, герман тайпаларының әрбірінің қай жерде орналасқандығын егжей-тегжейлі жазып, олардың таралған жалпы территориясын сызып көрсеткен. Ежелгі герман тайпаларының тарала қоныстанған территориясы, археологиялық жағынан алғанда жақсы зерттелген. Осы территорияда әртүрлі археологиялық мәдениеттер немесе олардың локальды варианттары анықталған. Осыған қарамастан жазба дерек көздеріндегі мәліметтерді, археологиялық материалдармен байланыстыруға талпынған іс-әрекеттер, осы күнге дейін (XXғ. 70 жылдарының аяғына дейін) сәтсіздікке ұшырап келеді. Тіпті, нық сеніммен анықталғандай болған азғана фактілердің өзі, осы күні негізді күдік тудыра бастады. Осы күнге дейін германдықтар мен кельттер арасындағы шекара, Рейн өзені болып есептеліп келді. Бұл туралы Цезарь жазған, ал археологтар, археологиялық мәліметтерден оның сөзін растайтын дәлелдер тапқан. Бірақ, жақын арада кельттер мен германдықтар арасында шын мәнінде жазба дерек көздерінде көрсетілмеген, сондықтан да археологиялық тұрғыда көпке дейін бөлінбеген тағы бір этникалық массивтың болғандығы анықталды.

Келесі бір мысал ретінде скиф кезеңінде Шығыс Еуропаның оңтүстігінің этникалық суреттемесін, Геродот пен басқа да авторлардың біршама егжей-тегжейлі жазып қалдырғандығын келтіреді. Археологтар, осы кезеңнің мыңдаған обалары мен қоныстарын қазып, археологиялық мәдениеттер мен олардың локальды варианттарын анықтады. Осыған қарамастан біз, осы күнге дейін көне этнонимдерді, нақты археологиялық ескерткіштермен сенімді түрде байланыстыра алмаймыз, андрофаг, будин, невр, меланхлен және басқаларды айтпағанның өзінде жер жыртушы скифтер мен егінші скифтердің қай жерде өмір сүргендігін, олардың шын мәніндегі этностарын толық анықтай алатын жағдайда емеспіз. Археологиялық материалдар негізінде оларды қалдырған этностарды анықтаудың екі түрлі әдістері бар. Бұл әдістердің біріншісі, белгілі бір археологиялық мәдениетті немесе ескерткіштердің белгілі бір категориясын атауы және таралған аумағы жазба деректерден белгілі этникалық бірлестіктермен шендестіру. Екінші, тарихи және этнографиялық материалдармен сенімді түрде байланыстыратын



археологиялық ескерткіштерді, қандай да бір этноспен, олардың алдында болған археологиялық мәдениетпен шендестіруді мақсат тұтқан ретроспективті әдіс. Бұл әдістердің тиімділігі, іс жүзінде баяғыда дәлелденген. Осыған қарамастан Арутюнов пен Хазанов, бұл әдістердің мүмкіндігін әсіресе жоғары бағалаудан сақтандыра олардың мүмкіндігінің шексіз емес екендігін, бұл әдістерді қолдану барысында зерттеушінің бірқатар

*АХМЕТ ЯСАУИ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ, №1, 2014*

қиындықтарға ұшырасатындығын атап көрсетеді. Бірінші әдіс бойынша олар, бәрінен бұрын бізге бөтен этникалық және бөтен тілдік дәстүрде жететін осы себепті, толық емес, әрі дұрыс болмай шығатын этнонимді тіркеу сипатын ескеру қажеттігіне назар аударады. Олардың пікірінше көне дәуірде этносты, кездейсоқ және жанама белгілері бойынша анықтаған. Олар, көне грек тілінде «этнос» терминінің оннан аса мағынасы болғандығын ескертеді. Осы себепті, көне жазба дерек көздерінде сақталған этникалық атаулар, бұл терминнің қазіргі заманғы этнографиялық мағынасындағы нақты этностарды білдіретіндігіне әрдайым сенімді бола алмаймыз, деп жазады [4].

Ретроспективті әдістің де мүмкіншіліктері шектеулі. Бір жағынан археологиялық дамудың мұрагерлігі, әсіресе бұл мұрагерлік, археологиялық материалдан байқала бермейтін тіл немесе өзіндік сана-сезім секілді белгілер бойынша көрініс тауып жатса, әрдайым этникалық мұрагерлікті білдірмейді. Миграция мен қоныстану, археологиялық тұрғыдан үнемі анықталып тіркеле бермейді. Мысалы, Месопотамияға қоныс аударып келушілердің бірінші және үшінші толқыны, жергілікті халықтың тілін түбегейлі өзгертіп жібергеніне қарамастан аккадтықтардың, аморейлердің, арамейлердің алдыңғазиялық екі өзен аралығына қоныс аударуын, археологиялық тұрғыда байқап анықтау мүмкін емес. Екінші жағынан бір территориядағы археологиялық мәдениеттің кенеттен ауысуы, әрдайым этностардың ауысуымен байланысты бола бермейді, бұл ауысу, шаруашылық немесе әлеуметтік серпілістен, сыртқы әсерден, саяси жағдайдың өзгеруінен және басқа факторлардан да болуы мүмкін. Мысалы, Шығыс Еуропаның оңтүстігіндегі археологиялық мәдениеттердің б.д.д. 1-ші мыңжылдықтың бірінші жартысы мен б.д. 1-ші мыңжылдығының бірінші жартысында бірнеше дүркін және біршама күрт ауысуына байланысты ондағы халықтың этникалық құрамының міндетті түрде күрт өзгеруі, шарт емес болатын. Тағы бір өте маңызды жағдайды ескеру қажет. Қандай да бір халықтың этногенезі бірқалыпты, бірсыдырғы жүретін эволюциялық процесс емес. Осыған сәйкес оның мынадай өзіндік сана-сезім, тіл, материалдық және рухани мәдениет және тағы басқа сияқты элементтері, тарихи тұрғыда қалыптасады, осы себепті де өзгерістерге ұшырайды, бұл өзгерістердің бір мезгілде және бір бағытта болуы шарт емес. Археология, этнос қасиеттерінің жеке компоненттерін ғана анықтап тіркейтіндіктен қайта қалпына келтіру әдісінің мүмкіндіктері, бірқалыпты даму кезеңінде артады да ал, бірсыдырғы даму болмаған кезде, яғни үзіліс болған кезде кемиді. Ретроспективті әдіс б.д.д. II ғасырға жататын белгілі бір археологиялық олжаларды сенімді түрде

түркілермен байланыстыруға мүмкіндік береді, ал бірақ, ары қарайғы ғасырлар қойнауына енген сайын болжамдар мен пікірталастар басталады. Біздің пікірімізше бұл объективті жағдай, кейбір зерттеушілердің сақтар иран тілді ал, басқа бір зерттеушілер тобының түркі тілді болған деп таласатын пікірталастың пайда болуының бір себебі осы болып табылады.

***АХМЕТ ЯСАУИ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ, №1, 2014***

---

Дискуссиялық мақаланың соңына таман авторлар, соңғы кезде кең тарай бастаған, археологиялық материалдарды топонимиялық мәліметтермен шендестіруге негізделген, шартты түрде топонимиялық, деп аталған әдіске тоқталады. Олардың пікірінше, бұл әдістің жоғарыда аталғандарға қарағанда бірқатар артықшылығы бар. Тілдік мәліметтер, салыстырмалы түрде объективті және көне дәуірдегі авторлардың білімі мен субъективті позициясына тәуелді емес. Дегенмен де бұл әдістің де өз кемшіліктері бар. Біріншіден, тіл мен этнос әрдайым және барлық жағдайда сәйкес келе бермейді. Екіншіден, «белгілі бір территорияның топонимиясында қандай да бір фактінің болуы немесе болмауы, бұл фактінің осы территория тілінде топонимиядан тыс болғандығын немесе болмағандығын дәлелдемейді» [5]. Бұдан бөтен топонимиялық әдістің шектеулі ғана хронологиялық мүмкіндіктері бар. Топонимика мысалы, Шығыс Еуропаның оңтүстігіндегі орманды-далалы белдеулердің бір бөлігінде ғана иран тілді атаулардың болғандығын сенімді түрде тіркеген. Авторлар, «бірақ біз, олардың бұл аймақтарда тура қай уақытта: сармат кезеңінде ме, әлде скиф кезеңінде ме, мүмкін тіпті қола дәуірінде пайда болғандығын әрдайым дәл анықтай алмаймыз» - деп жазады. Олардың пікірінше палеоэтнокалық қайта қалпына келтіруге, яғни таптық қоғамға дейінгі жазуы болмаған қандай да бір археологиялық мәдениетті, нақты бір этнолингвистикалық қоғаммен немесе этоспен шендестіруге археологиялық материалдардың (этнографияны қосып алғандығы жалпы кез келген ғылым мәліметтерінің) мүмкіндіктері шектеулі. Біз, бұл авторлардың палеоэтнокалық реконструкция жасауға археологиялық материалдардың мүмкіндігі шектеулі дейтін пікіріне қосыламыз, ал бірақ, топонимиялық әдістің шектеулі ғана хронологиялық мүмкіндіктері бар дейтін пікіріне қосыла алмаймыз. Себебі, топонимиялық әдістің әлі анықталмаған мүмкіндігі бар. Бұл әдістің әлі анықталмаған мүмкіндігі деп біз, археологиялық топонимнің этимологиясын анықтау арқылы археологиялық ескерткіш атауының этнотопоним екендігін дәлелдеуді меңзеп отырмыз. Егер де Шығыс Еуропаның оңтүстігіндегі орманды-далалық белдеулер бір бөлігінің топонимдері, иран тілді ал, бұл топонимдер арасында археологиялық ескерткіш атаулары бар болса, онда осы археологиялық ескерткіш атауларының этимологиясын анықтау арқылы олардың этнотопоним екендігін дәлелдеуге болады. Этнотопоним екендігі дәлелденген археологиялық ескерткіш атауымен аталған археологиялық ескерткіштен табылған материалдардың қай уақытқа жататындығын радиоқөміртегі әдісі арқылы анықтап, осы анықтау негізінде иран немесе басқа бір тілді этностардың Шығыс Еуропаның оңтүстігін сармат немесе

скиф кезеңінде немесе қола дәуірінде мекендегендігін дәл анықтауға болады. Энеолиттен бері қарайғы дәуірлердегі археологиялық ескерткіштердің уақытын радиокөміртегі әдісімен дәл анықтауға болатындығы белгілі. Егер де қандай да бір этнолингвистикалық қауымдардың немесе этностардың белгілі бір өлкені мекендегендігі туралы дерек тарих тіркелген ал, бұл

---

***АХМЕТ ЯСАУИ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ, №1, 2014***

этностардың бұл өлкені қай уақытта мекендегендігі белгісіз болса, онда бұл өлкедегі этнопоним екендігі дәлелденген археологиялық ескерткіш атауы мен аталған археологиялық ескерткіштен табылған материалдарды радиокөміртегі әдісімен зерттеу арқылы бұл ескерткіштің уақытын дәл анықтап, этнопоним екендігі дәлелденген археологиялық ескерткіш атауы, тарих анналына тіркелген этнониммен немесе жинақтауыш атаумен шендестіріп, тарих беттеріне тіркелген этностардың аталмыш өлкені қола дәуірінде, әлде скиф немесе сармат кезеңінде мекендегендігін дәл анықтауға болады. Шығыс Еуропаның оңтүстігіндегі археологиялық ескерткіш атаулар, этнопоним болмай осы археологиялық ескерткіш атауға жақын маңдағы топоним, гидроним, ороним, ойконимдер этнопоним болуы да мүмкін. Мұндай жағдайда этнопоним екендігі дәлелденген топоним, гидроним, ороним, ойконимдерді, тарихи жазбаларға тіркелген этнонимдермен немесе жинақтауыш атаулармен шендестіру керек.

Егер де этнопоним екендігі дәлелденген онимдер мен тарих жазбаларына тіркелген этнонимдер немесе жинақтауыш атаулар бір-бірімен шендесіп жатса, ал осы онимдерге жақын маңдағы археологиялық ескерткіштердің уақыты, тарих анналының уақытымен сәйкес келсе, немесе оның алдындағы уақыт болса, онда тарихи жазбаларға тіркелген этностардың белгілі бір өлкені қола дәуірінде ме, әлде ерте темір немесе дамыған темір дәуірінде мекендегендігін дәл анықтауға болады. Осы жасалған тұжырымды дәлелдейтін нақты мысал ретінде Тавр аталған халықтың атауымен антикалық дәуірде Таврика болып аталған қазіргі Қырым түбегінің оңтүстігін Тавр атты киммерліктердің б.д.д. II мыңжылдықтан бастап мекендей бастағандығын зерттеушілердің түбектің оңтүстігінде археологиялық ескерткіштерден табылған материалдарды радиокөміртегі әдісімен зерттеп, бұл ескерткіштердің б.з.д. II, I-ші мыңжылдықтарға жататындықтарын анықтап, анықталған осы археологиялық фактіні, Геродот тарихында Таврика аталған түбектің оңтүстігін мекендеген тавр атты этноспен байланыстыра шендестіріп дәлелденгендігін келтіруге болады [6]. Кеңестік дәуірдегі зерттеушілер арасында киммерлер мен скиф-сақтар, археологиялық қима және андрон мәдениеттерін жасаушылардың ұрпақтары, ал бұлар, үнді-ирандық арийлер болған, осыған сәйкес скифтер мен киммерлер солтүстік және шығыс иран тілдерінде сөйлеген дейтін пікір қалыптасқан. Біздің пікірімізше андрон және қима мәдениеттерін жасаушылар мен олардың ұрпақтары болып саналатын скифтер мен киммерлер тек үнді-иран тілінде ғана емес, сондай-ақ қазіргі тілдік семьялар қалыптасып үлгермеген кезде, яғни неолит, энеолит, қола дәуірлерінде жалпы ностратикалық түбірлер

негізінде қалыптасқан бірнеше тілде сөйлеген полиглоттар болған. Олардың тілінде үнді-иран тілдерінің элементтерінен басқа Алтай тілдері семьясына кіретін тілдердің, соның ішінде түркі тілінің дағыстан тілдерінің, хуррит, угор тілдерінің элементтері болған. Осы себепті, кима мен андрон мәдениеттерін жасаушылар мен олардың ұрпақтары болып саналатын сақтар *АХМЕТ ЯСАУИ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ, №1, 2014*

мен киммерлерді тек иран тілінде сөйлеген дейтін пікірді және Қырым мен Кавказдағы, Орта Азиядағы топоним, гидроним, оронимдерді, тек иран тілді деп беру дұрыс емес, деп есептейміз. Таврларды генетикалық тұрғыда киммерлермен байланыстырып, бұл екеуін де иран тілді болған, деп есептейтін зерттеушілердің пікіріне қосыла алмаймыз. Себебі бұлар, жоғарыда атап өткеніміздей, тек үнді-иран тілдерінде ғана емес сондай-ақ жалпы ностратикалық түбірлер негізінде қалыптасқан бірнеше тілде сөйлеген. Осы бірнеше тілдердің бірі – иран тіліндегі атаулар, Шығыс Еуропаның оңтүстігіндегі орманды-далалы белдеулердің бір бөлігінде топонимдер ретінде сақталып қалған.

Л.А.Мацулевич, Сугдак – Арал мен Каспийдің сармат-аландар мекендеген жағалауына хундардың берген атауы, яғни түркі атауы дейтін пікір білдіреді [7]. Егер де Сугдак-Согдак сақтардың бір атауы және Арал мен Каспийдің сармат-аландар мекендеген жағалауының атауы болса, онда Сугдак-Согдак этнотопонимі бойынша топонимиялық әдіспен сақтар мен сармат-аландардың Қырымның оңтүстігін қай уақыттан бастап мекендей бастағандығын дәл анықтауға болады. Сондай-ақ, Аракс гидронимі мен Арран этнотопонимі бойынша сармат-аландардың Солтүстік пен Орталық Кавказға қай уақытта қоныс аударып келгендерін анықтауға болады. Аракс пен Арран атауларының сармат этнонимдерінің негізінде пайда болған этногидроним мен этнотопоним екендігін біз жоғарыда аталған тармақта қарастырып дәлелдейміз. Этникалық спецификаны, яғни материалдық және рухани мәдениеттердегі белгілі бір этносқа тән белгілер мен ерекшеліктерді археологиялық материалдар бойынша анықтап, осының негізінде археологиялық ескерткішті белгілі бір этноспен шендестіру әдістерінің бірі – топонимиялық немесе этнотопонимиялық әдістің мүмкіндігін анықтауға арналған зерттеу мен талдаудан көрініп тұрғанындай бұл әдіспен мерзімі, неолиттен бері қарайғы археологиялық ескерткіштердің этникалық тиістілігін анықтауға болады, яғни бұл әдістің хронологиялық мүмкіндіктері салыстырмалы түрде шектеулі емес.

Топонимиялық әдістің анықталған осы мүмкіндігі, яғни этнотопонимиялық мәлімет негізінде археологиялық ескерткіштердің этникалық тиістілігін анықтауға болады. Ал, бұл анықтау, өз кезегінде археологияның бұрыннан шешілмей келе жатқан археологиялық ескерткіштерді сәйкес келетін этностармен және олардың мәдениеттерімен идентификация жасау, сондай-ақ этнологияның этногенез мәселелерін шешуге мүмкіндік береді.

Археологиялық материалдар бойынша палеоэтникалық реконструкция

жасауға, яғни тарихи дәуірге дейінгі этностардың тегін, кімдер екендігін анықтауға этнотопонимиялық әдістің қаншалықты мүмкіншілігі бар екендігі, этностың этнологиялық тұрғыдағы зерттелу деңгейіне байланысты болмақ. Егер де этнос, этнологиялық тұрғыда жақсы зерттелген болса, онда археологиялық материалдар бойынша бұл этностың тегін, ескерткіштің ***АХМЕТ ЯСАУИ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ, №1, 2014***

этникалық тиістілігін этнотопонимиялық әдіспен зерттеп анықтау мүмкіндігінің маңызы артады. Егер де этнос, этнологиялық тұрғыда жақсы зерттелмеген болса, онда этностың тегі мен ескерткіштің этникалық тиістілігін аталмыш әдіспен зерттеп анықтау мүмкіндігінің пайызы кемиді. Ал, тарихи дәуірдегі этностар, этнологиялық тұрғыда салыстырмалы түрде жақсы зерттелетіндіктен бұл этностар мен олар қалдырған ескерткіштерді, зираттарды этнотопонимиялық әдіспен зерттеу, толық нәтиже береді. Біздің бұл пікірімізді, зерттеу жұмысының нәтижесі дәлелдеп береді. Бұл әдіс, археологияда топонимиялық деп аталатындықтан, біз зерттеу жұмысымызды – этнотопонимиялық деп емес, топонимиялық деп атаймыз.

#### **ӘДЕБИЕТТЕР**

1. *Седов В.* Ранний период славянского этногенеза. «Вопросы этногенеза и этнической истории славян и восточных романцев». – Москва, 1976. – С. 82.
2. *Кузьмина Е.Е.* Историзм в археологии. Конференция «историзм археологии: методологические проблемы». Тезисы докладов. – Москва, 1976. – С. 27.
3. *Монгайт А.Л.* Археологические культуры и этнические общности. «Народы Азии и Африки». 1967. №1; *Арешян Г.Е.* Культурно-исторический подход к изучению этнических общности в археологии. «Методологические проблемы исследования этнических культур». – Ереван, 1978.
4. *Арутюнов С.А., Хазанов А.М.* Проблема археологических критериев этнической специфики. Советская этнография. – №6, с. 86.
5. *Никонов В.А.* Введение в топонимику. – Москва, 1965. – С. 166.
6. *Лесков А.М.* Таврская культура в горном Крыму. М. 1961. Автореферат. С. 20-23 // *Смирнов А.П.* Скифы. – М.; Наука, 1966. – С. 38.
7. *Мацулевич Л.А.* Аланская проблема и этногенез Средней Азии // Советская этнография. – 1947, № 6-77, – с. 145-146.

#### **РЕЗЮМЕ**

В данной научной статье рассматриваются некоторые методы идентификации археологических памятников по этносам и их культурным различиям. Приводятся анализы археологов по данной тематике и дается заключение этнична или многоэтнична та или иная археологическая культура, и как можно выявить племенные компоненты многоэтничных культур.

**(Абдурахманов Н.А., Ибраимова А.Ж. Некоторые методические вопросы в идентификации археологических памятников этносами и их культурами)**

#### **SUMMARY**

In this scientific article some methods of authentication of archaeological monuments are examined on ethnos and their cultural distinctions. Analyses over of archaeologists are brought on this subjects and the conclusion of as an ethnos or as much ethnos is given one or another

archaeological culture, and as possible to educe tribal component as much ethnos cultures.  
(Abdurahmanov N.A., Ibraimova A.Zh. Some methodical questions are in authentication of archaeological monuments ethnoss and their cultures)

*АХМЕТ ЯСАУИ УНИВЕРСИТЕТИНИҢ ХАБАРШЫСЫ, №1, 2014*

---

УДК 372. 65

**Н.И.ВАСИЛЬЕВ**

кандидат педагогических наук,  
учитель истории Верхневилуйской республиканской  
гимназии, Республика Саха (Якутия)

### **ПРЕПОДАВАНИЕ ТЮРКОЛОГИИ В СРЕДНЕЙ ШКОЛЕ КАК ФАКТОР РАЗВИТИЯ КУЛЬТУРЫ МЕЖНАЦИОНАЛЬНОГО ОБЩЕНИЯ**

*В этой статье рассматривается опыт изучения истории и культуры тюркских народов в средней школе на примере проекта «Тюркский мир», и лагеря «Аттила» при верхневилуйской республиканской гимназии в Республика Саха (Якутия). Целью которого было развитие гражданственности, патриотизма и культурного воспитания старшеклассников. Педагогический проект «Тюркский мир», созданный в 1994 году в Якутии ежегодно проводит научно-практические конференции «Тюркский мир». С 2005 года конференции стали международными и проводились в Монголии, Казахстане, Кыргызстане, Республике Алтай. Проект «Тюркский мир» вносит свой немалый вклад в развитие тюркологии.*

*Ключевые слова:* тюркология, тюркские республики, проект «Тюркский мир», Верхневилуйская республиканская гимназия, лагерь «Аттила», Республика Саха (Якутия).

Процесс глобализации в настоящее время предполагает стирание национальных различий, приведение всех народов к единому стандарту в поведении и мышлении. Возникает реальная опасность всеобщей унификации, когда культура и опыт немногочисленных народов может раствориться среди единой и безликой мировой глобальной культуры. Особенно остро стоит эта проблема, если молодое поколение не знает и не изучает многовековую и бесценную культуру и историю своего народа, даже забывает свой уникальный язык. В наши дни продолжается ассимиляция северных народов России, таких, как эвены, эвенки, юкагиры и другие малочисленные народы.

После распада СССР образовались независимые тюркские республики, но народы этих стран оказались разделенными государственными границами,

визами, таможенными и простое общение граждан стало затруднительным. Единое информационное поле оказалось нарушено. Теперь получать новости из родственных стран по интересующим вопросам истории, культуры, филологии удается не каждому жителю. Связь по интернету не дает полноценной информации.

*АХМЕТ ЯСАУИ УНИВЕРСИТЕТИНІҢ ХАБАРШЫСЫ, №1, 2014*

---

В то же время с ослаблением идеологических и политических ограничений в изучении и преподавании тюркологии произошли крупные изменения, открылись целые пласты истории, которые раньше замалчивались. Возросла также потребность в ознакомлении и углубленном изучении вновь открывшихся материалов.

Если раньше в школах на уроках истории преподавание велось с европоцентристских позиций, то в последнее время учащиеся стали больше интересоваться историей Азии. В учебных программах по истории стало больше материала по истории и культуре стран Востока, больше внимания стало обращаться на культурные, религиозные и другие вопросы из жизни восточных народов.

Из прежних советских учебников истории школьник в Якутии получал недостаточно информации, например, о быте и культуре казахского народа. Освещалась история Казахстана в каменном веке, скифское время, нашествие монголов, затем Октябрьская революция и советское время. Исчезало несколько столетий насыщенной истории и очень мало говорилось о культуре степной цивилизации. У школьника складывалось представление, что у кочевников не могло быть культуры и науки, не было городов и ремесел, что они жили только грабительскими набегами. А о Тюркских каганатах говорилось очень смутно.

Заполнить эту образовательную нишу призван педагогический проект «Тюркский мир», созданный еще в 1994 г. в Якутии. По инициативе учащихся и учителей истории в Верхневилуйской республиканской гимназии началось преподавание факультативного курса «Введение в историю и культуру народов Востока». Идея была поддержана учителями и учеными по всей Республике Саха (Якутия). Ежегодно стали проводиться обобщающие научно-практические конференции «Тюркский мир», издаваться сборники лучших докладов учащихся, сниматься телепередачи. С 2005 года конференции стали международными и проводились в Монголии, Казахстане, Кыргызстане, Республике Алтай. На этих мероприятиях дети и ученые из разных республик встречаются, выступают со своими научными докладами, обсуждают актуальные вопросы. Как показала практика, проект «Тюркский мир» вносит свой немалый вклад в улучшение межнациональных отношений.

В настоящее время Верхневилуйская республиканская гимназия является первой и единственной школой в Республике (Саха) Якутия, где целенаправленно ведется изучение такой специфической науки, как тюркология.

Преподавание тюркологии имеет несколько аспектов. Учащиеся гуманитарных классов знакомятся с историей своих древних предков – тюрков Великой Степи. Если раньше история тюркских кочевников была практически вычеркнута из истории Отечества, то сейчас школьники изучают Тюркские каганаты, историю хазар, печенегов, кипчаков. Так восстанавливается *АХМЕТ ЯСАУИ УНИВЕРСИТЕТИНИҢ ХАБАРШЫСЫ, №1, 2014*

---

связь времен. Ученики получают понятие преемственности исторических событий, у них развивается чувство гражданственности, гордости за свой народ и причастности к событиям мировой истории. В ходе работы над докладами учащиеся находят и используют литературу по тюркологии, проводят сравнительный анализ, расширяют свой кругозор. Этим повышается познавательный интерес старшеклассников.

Доклады школьников не остаются без внимания. Ведущие ученые-тюркологи Якутии отбирают из них лучшие работы и рекомендуют к изданию в виде отдельных сборников. В рецензиях они отмечают высокий уровень детских научных работ, уникальность и актуальность выбранных тем. При помощи улусного управления образования и ИПКРО изданы сборники докладов учащихся «Тюркский мир: история и культура», «Тюркский мир и народ саха», «Тюркский мир и связь времен», «Тюркский мир. Туур эйгэтэ», «Тюркология как норма к цивилизованному компромиссу между культурами» и несколько буклетов. Эти издания стимулируют интерес учащихся к науке, они получают на руки свои первые научные публикации. Возникает интерес к науке, истории и языкам народов Востока. Многие выпускники гимназии выбрали своей профессией историю Востока и монгольский, китайский, японский, корейский языки.

Во время летних каникул старшеклассники занимаются на тюркологическом лагере «Аттила». Вместо того, чтобы бесцельно просиживать за компьютером, ребята занимаются спортивными играми на свежем воздухе, совершают двадцатикилометровые туристические походы, учатся ездить верхом на лошадях, стреляют из боевого оружия, живут в палатках на природе. Эти мероприятия перемежаются беседами по экологии, истории и культуре древних тюрков, краеведению, археологии, национальной культуре. Они учатся беречь и ценить родную природу, обычаи и традиции своего народа в сравнении с традициями других народов. Этот аспект тюркологического воспитания содержит в себе физическое и военно-патриотическое развитие личности. В лагере реализуются демократические принципы ученического самоуправления, выражающиеся в выборности кагана и командиров туменов. Распорядок дня, проведение основных мероприятий, распределение должностей также устанавливаются самими ребятами. Мальчики приучаются к самодисциплине, получают элементы военной подготовки. Мечи, копья, луки со стрелами они мастерят сами. Таким образом, осуществляется метод исторического погружения в эпоху средневековых степных кочевников. В полевых условиях у воспитанников лагеря формируются самостоятельность и волевые качества, необходимые



для лидеров. Физически крепкими и выносливыми, уверенными в себе и готовыми защищать родину от врагов воспитывали мальчиков древние тюрки.

По итогам многолетнего тюркологического воспитания только в нашей  
*АХМЕТ ЯСАУИ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ, №1, 2014*

гимназии проведены 7 региональных, 2 республиканских, 1 международная научные конференции школьников по тюркологии. На этих конференциях приняли участие около тысячи учащихся из почти всех улусов республики. Экспертами на них выступали ученые из Турции, Монголии, Алтая, Польши, Венгрии и других стран. Это способствует развитию интернационалистических качеств личности и укреплению международных связей молодежи. Знание истории и культуры других народов помогает устранению стереотипов и препятствует возникновению ксенофобии. Возникают цивилизованные контакты между культурами, развивается толерантность личности.

Результатом можно считать то, что учащиеся из нашего улуса успешно обучаются в Уланбаторском гуманитарном университете «Орхон» в Монголии, в Международном казахско-турецком университете им. Х.А.Ясауи в Казахстане и в других международных вузах. Осуществляется обмен между нашими учителями и учителями Монголии. Гимназисты и ученики других школ улуса имеют возможность поехать в Монголию, в Казахстан, и там, на нашей древней родине, непосредственно знакомиться с историей тюрков.

Приведу один из множества примеров из деятельности программы «Тюркский мир». В 2012 году группа тюркологов, состоящая из учеников и учителей школ, студентов вузов, ученых-тюркологов, совершила многокилометровый тур по Республике Алтай под названием «Хан Алтай». В программу тура входили проведение очередной конференции «Тюркский мир», участие в национальном празднике алтайского народа «Эл Ойын», путешествие по древним историческим местам Горного Алтая. Группа посетила известные Пазырыкские курганы, где тюрколог из Якутии, доктор исторических наук Архипов Н.Д. провел лекцию об этом открытии и по истории скифов. Были посещены и осмотрены наскальные рисунки Калбак-Таша, множество тюркских балбалов, пройдены перевалы Семинский, Ката-Ярыкский, связанные с важными историческими событиями алтайского и всего тюркского народов. Известный историк Алтая, кандидат исторических наук Самаев Г.П. сопровождал группу и знакомил с древностями своего края. Посещение множества разнообразных музеев на территории Республики Алтай дал огромный объем информации по истории, культуре, быту и фольклору теленгитов, алтай-кижи, кумандинцев и других народов этой республики. На занятиях вокруг костра участники тура узнавали много нового из

истории Джунгарского ханства, страницы истории алтайского народа, рассказывали местным жителям о прошлом народа саха, вместе распевали народные песни, знакомились с фольклором разных народов. В этом состоит реальная ценность и практическая значимость изучения тюркологии.  
**АХМЕТ ЯСАУИ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ, №1, 2014**

В конечном итоге тюркологическое воспитание является существенным фактором в формировании и развитии таких важных гражданских качеств личности, как культура межнационального общения, патриотизм и глубокое знание прошлого своего народа.

#### **РЕЗЮМЕ**

Бұл мақалада автор орта мектепте түркі халықтарының тарихы мен мәдениетін оқытудың тәжірибесімен бөліседі. Верхневилпойск гимназиясының мысалында жоғары сынып оқушыларының бойында өз тарихы мен мәдениетіне деген сүйіспеншілікті, отансүйгіштікті тәрбиелеуді мақсат еткен «Түркі әлемі» жобасы мен «Аттила» лагерінің атқарып жатқан жұмыстары және іс-шаралары таныстырылады.

**(Васильев Н.И. Орта мектепте түркологияны оқыту мәдениет дамуындағы ұлтаралық жанасушылық факторы ретінде)**

#### **SUMMARY**

In this article experience of studying of history and culture of the Turkic people in high school on the example of the Turkic World project, and Attila camp is considered at a verkhnevilyuysky republican gymnasium. Which purpose there was a development of civic consciousness, patriotism and cultural education of seniors.

**(Vasilyev N.I. Tyurkologiya's teaching at high school as the factor of cultural development of international communication)**

ӨОЖ 94 (574) 19

**М.С.АМРИНА**

тарих ғылымдарының кандидаты, доцент  
Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті

**Т.Б.НАЛИБАЕВА**

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің магистранты

### **ЖҰМАБЕК ТӘШЕНОВТІҢ ӨМІРІ МЕН ҚОҒАМДЫҚ ҚЫЗМЕТІ**

*Бұл мақалада авторлар Қазақстанның экономикасы мен мәдениетін өркендету жолына өзінің білімін, мол тәжірибесін және ұйымдастырушылық қабілетін жұмсай білген мемлекет қайраткері Жұмабек Тәшеновтің өмір жолы мен қоғамдық қызметіне ғылыми талдау жасаған. Жұмабек Ташенов елдің әлеуметтік саласын, ғылымын, ұлттық мәдениетін дамыту мен қайта жаңғырту ісіне айтулы еңбек сіңірді. Қазақстанның осы күнгі территориялық тұтастығын сақтап қалуға сіңірген еңбегін назарға ала отырып, ел мүддесі үшін жасаған игі істеріне тоқталады.*

*Кілт сөздер:* Қазақстан-2050, Кеңес одағы, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі, Қазақ КСР Министрлер Кеңесі, тоталитаризм, Республика, Тың өлкесі, Жұмабек Тәшенов, Д.А.Қонаев, Н.С.Хрущев, қайраткер.

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Қазақстан-2050» стратегиясы: «Қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында «Біз ұлттың тарихи санасын қалыптастыру жұмысын жалғастыруымыз керек», - деп қадап айтқан болатын [1]. Осыған орай биыл Мемлекеттік хатшы Марат Тәжиннің бастамасымен Қазақстан Республикасының ұлттық тарихын зерделеу жөніндегі мекеме аралық жұмыс тобының кеңейтілген отырысы өтті. Онда Мемлекеттік хатшы Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың тарихшы ғалымдарға «Тарих толқынындағы халық» деген атпен тарихи зерттеулердің арнайы бағдарламасын жасауды ұсынғанын жеткізді.

Аталған бастамадан соң еліміздің тарихшы ғалымдары ұлттық тарихты қайта зерделеу бойынша көптеген жұмыстар атқарып келеді. Кешегі тоталитарлық жүйе мықтап орныққан Кеңес өкіметі тұсында да халқымыздың отаншыл ұл-қыздары ұлт мүддесі жолында Қазақ

мемлекеттігін қалыптастыру жолында мол қызмет атқарғанын, тіпті ел болашағы үшін бастарын қатерге тіккенін білеміз. Осындай айтулы қаһарман тұлғаларға көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері Жұмабек Ахметұлы Тәшеновті жатқыза аламыз.

***АХМЕТ ЯСАУИ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ, №1, 2014***

---

Қазақ даласының әр сүйем жері үшін күрескен қаһарман ұл-қыздарын халқымыз қанша уақыт өтсе де жадынан шығармайды. Жыл өткен сайын оларға деген көрсетілер құрмет арта берері белгілі. Ұзақ жылдар бойы партия кеңес қызметінде басшылық лауазымда болған Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесін, кейін Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің төрағасы болған Жұмабек Ахметұлы Тәшеновтің есімі бүгінгі күнде ерекше құрметке ие болып отыр.

Белгілі қоғам қайраткері, қазақтың біртуар азаматы Жұмабек Ахметұлы Тәшенов қазіргі Тәуелсіз Қазақстан Республикасының территориясын тұтас сақтап қалып, осы күні бізге бүтін жеткізіп, аманат қылып тапсырып кетті. Қазақстан тарихында өзіндік орны бар, ол республика экономикасы мен мәдениетінің дамуына қиын-қыстау заманда елеулі үлес қосты. Кеңес дәуірінде жазылған оқулықтарда қазақ үшін, қиын заманда қабырғасы қайысып қызмет еткен, қайраткер тұлға – Жұмабек Тәшенов жайлы мүлде жазылмады. Азаматқа тиісті құрмет те өз дәрежесінде көрсетілмеді. Соған қарамастан оны білетін жұрт батырының есімін мақтанышпен айтып, елінің болашаға үшін жасаған көзсіз ерлігін есіне сақтап келеді.

Жұмабек Тәшенов 1915 жылы 20 наурызда Ақмола облысының Аршалы ауданындағы Бабатай ауылында дүниеге келген. 1928-1933 жылдары жергілікті Шаруашылық жастар мектебінде, 1933-1934 жылдары Ақмола құрылыс техникумында оқыды.

1934-1939 жылдары Ақмола облысы Вишневка, Қарағанды облысы Нұра және Солтүстік Қазақстан облысының Советтік, Бейнетқор аудандық атқару комитеттерінде жауапты қызметтер атқарған. 1939-1943 жылдары Солтүстік Қазақстан облысы жер бөлімі бастығының орынбасары лауазымына көтерілді. 1945 жылы Солтүстік Қазақстан облысы партия комитеті хатшысының орынбасары және мал шаруашылығы бөлімінің меңгерушісі қызметін атқарды. 1947-1948 жылдары Солтүстік Қазақстан облысы атқару комитеті төрағасының орынбасары, 1948-1951 жылдары Солтүстік Қазақстан облыстық атқару комитетінің төрағасы қызметін абыроймен атқарды [2].

Ұлы Отан соғысы жылдары тылдағы жұмысты ұйымдастыру үшін «сауыт» басшылықтағы бірқатар адамдар әскерге алынбағаны белгілі. Кейін осы соғыстан қалып қойғандардың көпшілігі жоғары орындарда қызмет атқарды. Жұмабек Ахметұлы солардың бірі. Ол қарамағындағы қызметкерлеріне үнемі: «Біз броньмен соғысқа бармай қалдық қой. Қабылдауымызға келген соғыс ардагерлерінің өтініш-тілегін жерге тастамайық, олар от пен оқтың астынан келді» деп ескертіп отырған екен.

Өзін басшылықтың алдында жақсы қырынан көрсете білген Жұмабек Тәшенов 1952 жылы Ақтөбе облыстық партия комитетінің бірінші хатшылығы қызметіне тағайындалды. Облыста жақсы қызмет істеп, жоғары

көрсеткіштерге жеткізіп, көзі тірісінде ел аузында аңызға айналған тұлға Жұмабек Тәшенов 1955 жылы 38 жасында Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының Төрағасы болды [3]. Мұнан бес жыл өткеннен кейін лайықты басшысы болып саналған 45 жастағы Тәшенов 1960 жылы Қазақ КСР-і

---

*АХМЕТ ЯСАУИ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ, №1, 2014*

Министрлер Кеңесінің төрағасы қызметіне тағайындалды.

Жұмабек Тәшенов Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының Төрағасы болып тұрған уақытында жоғары қызмет бабына орай бір мезгіл Мәскеуде де басшылық жұмыс атқарып отырған. Сол кездегі тәртіп бойынша КСРО құрамындағы 15 одақтас республика Жоғарғы Кеңестерінің төрағалары КСРО Жоғарғы Кеңесі Төрағасының орынбасарлары болып есептелетіндіктен «мәскеулік төраға» демалысқа шыққанда 1 ай бойы Мәскеуге барып, КСРО Жоғарғы Кеңесі Төрағасының қызметінің міндетін уақытша атқарған. Мәскеуге барар бір сапары қарсаңында Сәбит Мұқанов пен Ғабит Мүсірепов Жұмабек Тәшеновтен Бауыржан Момышұлының екі рет Батыр атағына ұсынылып өтпей қалғанын, сол атақты алып беруге араласуын өтінеді. Жұмабек Ахметұлы Мәскеуге барысымен мұрағаттан Бауыржан Момышұлының құжаттарын алғызып танысады. Батырлыққа екінші рет ұсынылған құжаттың қорытындысында соғыс кезіндегі кейбір қылықтары кеңес офицерлерінің ар-ожданына қайшы келгендіктен Бауыржан Момышұлына мұндай атақты беруге болмайды деп маршал Конев қолын қойыпты. Жұмабек Тәшенов Жоғарғы Кеңестің атынан маршалды шақырып алып мәселені түсіндіреді. Маршал Конев «Бұл туралы менің пікірімді білмек болсаңыз, мен өз өмірімде ешқашан бір айтқан пікірімді өзгерткен адам емеспін. Бұл жолы да солай қаламын» деп көнбеген екен. Кеңес Одағында үлкен беделге ие маршал Жұмабек Тәшеновтің осылай қолын байлаған.

Кеңес Одағының Батыры, Қазақстанның Халық Қаһарманы Сағадат Нұрмағанбетов Жұмабек Тәшенов жайында: «Қандай қызметте болса да Жұмабек ең алдымен өз елінің мақсат-мүддесінен шығатын, халықтың жағдайын ойлайтын, ұлттық мәселелерді КСРО басшыларының алдында тайсалмай қоятын. Жүрегі қазақ деп соғатын біртуар азамат еді», - деп еске алатын [4].

Бар саналы ғұмырын қазақ халқының жері мен біртұтастығын сақтап қалуға арнаған өр тұлғалы азаматтың елі үшін жасаған қызметі ұлан-ғайыр. Жұмабек Тәшеновтің жеке басының ерекше қайсарлығының және ұлт алдындағы жауапкершілігінің арқасында еліміздің солтүстіктегі облыстары Қазақстанның құрамында қалды. Кеңес елінің басшысы Н.С.Хрущев Республикамыздың солтүстіктегі 5 облысын (Ақмола, Көкшетау, Қостанай, Павлодар, Солтүстік Қазақстан) біріктіріп, «Тың өлкесі» деген аймақ құрып, оны Ресейге қосуды жоспарлайды. Сөйтіп, өлкенің басшылығына Мәскеуден Т.И.Соколов деген өз адамын жібереді. Ал ол болса «Мәскеудегі құдіретті басшысына» арқа сүйеп «Тың өлкесін» Ресейге өткізуге бейімдеп, ашық түрде Қазақстан басшылығына бағынудан бас тарта бастайды. Тіпті Соколов дербес өз орталық Комитеті мен Министрлер Кеңесі бар «Тың өлкесі» 16-шы

одақтас республика құру идеясын ұсынған болатын [5].

Бұл әрекетті білген Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің төрағасы Ж.А.Тәшенов 1960 жылы күзде «Тың өлкесінің» орталығы болған Целиноград қаласына шұғыл түрде ұшып келіп, республикалық Жоспарлау *АХМЕТ ЯСАУИ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ, №1, 2014*

комитетіне келесі жылдың бюджетіне қажет мәліметтерді әдейі бермей бастық жасағаны үшін Т.Соколовты қызметінен алып, 24 сағаттың ішінде Қазақстаннан қуып жіберетінін және «Тың өлкесі» ешқашан Ресейге берілмейтінін қадап тұрып айтады.

Алматыда Үкімет мәжілісінде келесі жылдың халық шаруашылық жоспары қаралып жатқанда Тың өлкелік кеңшарлар басқармасының бастығы А.И.Козлов: «Жұмабек Ахметұлы! Біз сіздерден ештеңе сұрамаймыз, тек Мәскеудің бергеніне тимесеңіздер болғаны», – деп қыр көрсетеді. Мұндай жүгенсіздікке төзбеген Жұмабек Тәшенов оны тоқтатып қойып: «Тың өлкесі Қазақстанның құрамында, ал Қазақстанды оның Орталық партия комитеті мен Үкіметі басқарады. Сіз сол партияның мүшесісіз. Мынадай қыңыр мінез бен істі қоймайтын болсаңыз партиядан шығарып орныңыздан аламыз. Сонан кейін баратын жеріңізге барып, арызыңызды айта беріңіз», - деп тағы да орыс азаматының бетін қайтарған екен.

Жұмабек Тәшеновтің өзі Мәскеуде Қазақстанның бес облысын Ресейге қосу туралы Н.С.Хрущевтың әрекетіне қалай тойтарыс бергенін былай деп еске алады: «Кешкі сағат он кезінде менің бөлмеме Д.А.Қонаев телефон шалып, Хрущевтің екеумізді шақыртып жатқандығын айтты. Бұрын кездескенімізде жылы шырай көрсететін мәскеулік бастық жүзінен бұл жолы қатандық байқалды. Сөзін бастағаннан-ақ: «Кеңес Одағындағы ұлт республикаларының жан-жақты дәрежеге жетуінің негізгі себебі ол Кеңес үкіметі мен Ұлы партиямыздың көрегендік саясатының арқасында екендігін көпшілік білсе де, әлі күнге дейін соған дұрыс мән бермейтіндер жоқ емес. Соңғы кезде Саяси Бюро мәжілісінде Қазақстанның саяси-экономикалық мәселелері сөз болғанда, бұл республиканың алға дамуына кедергі келтіріп отырған түрлі себептер бар екендігі айтылып отырады. Солардың ең бастысы - республиканы басқарып отырған кадрлардың қазіргі талапқа сай келмей отырғандығы және өзге республикаларға қарағанда жер аумағының өте кеңдігі, ал өндіріс салаларының өте көптігі. Ал, енді осы жағдайларды ескере келіп, Саяси Бюродағы келісім бойынша осы кедергіні тез арада шешпейінше республика алға жылжи алмайды. Кадр мәселесін кейінірек қарауға тиіспіз, қазір кезектегі және жедел шешетін мәселе – ол республиканың жер көлемі жайында болып отыр. Жолдас Қонаевпен және облыс басшыларымен пікір алысқанбыз. Бұл пікірімізді олар негізінен қолдады. Жұмабек Ахметович, енді сіздің пікіріңізді білгім келіп шақырып отырмын» - деді. Мәймөккені білмейтін басым: «Никита Сергеевич, мен бұл мәселенің шешілуі былай тұрсын, тіпті күн тәртібіне қойылуының өзіне қарсымын» - дедім. Менің сөзімді естісімен-ақ бастықтың беті қызарып, көзі аларып, тұтығып, маған жалтақ-жалтақ қарап тұрып қалды. Сәлден кейін: «Саяси Бюроның келісіміне

қарсы шығатын сен өзің кімсің, біз саған сенім білдіріп, республиканың үкімет басшысына дейін көтердік, ал сенің айтып отырғаның мынау. Бұл мәселені сендерсіз-ақ шешеміз. Кеңес елі бір мемлекет, қай жерді қай республиканың меншігіне беру КСРО Жоғарғы Кеңесінің еркі. Бұл жай пікір

---

*АХМЕТ ЯСАУИ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ, №1, 2014*

алысу еді» деп түрінен ашуының қайтқаны білінді. Сонысын пайдаланып мен халқымыздың «шешінген судан тайынбас» дегені есіме түсіп, пікірімді жалғастырдым. «Никита Сергеевич, - дедім, - егер Жоғарғы Кеңес әр республиканың жерлерін жергілікті органдарынсыз шеше беретін болса КСРО-ның және ұлт республикаларының Конституциясын жою керек қой. Ал, ол Конституциялардың баптарында әр ұлт республикасы өзінің тарихи жеріне, ондағы байлығына өз меншігім деп пайдалануға құқы бар. Оны өзгертуге ешкімнің, ешбір органның құқы жоқ» деп ойымда жүрген Ата Заңымызда жазылған баптардағы тұжырымды айттым. Сөзімді жалғастырып: «Егер бұл заңдармен санаспайтын жағдай туса, онда біз халықаралық заңды мекемелерге дейін шағым беруден тайынбаймыз, ондай құқығымыз бар» деп айттым. Далаға шыққан соң Қонаев: «Әй, Жұмеке-ай, жүрек жұтқан көзсіз батырсың-ау» деді. Оған Жұмабек Тәшенов «Елімнің мүддесі үшін қияметке болса да дайынмын» деген [4, 14 б.].

Егер сол жылдары Жұмабек Тәшенов секілді қайсар да бірбеткей батыр, ұлтшыл шынайы қайраткер тұлға билік басында отырмағанда Қазақстанның солтүстігіндегі бүкіл 5 облыс Ресей Федерациясының меншігіне айналып кете барар еді. Кейін оларды даулап қайтарып алу бүгінгі билікке де, қазақ халқына да қиынға соғар еді.

Кешегі 1920-50-ші жылдары жаппай жазықсыз сталиндік құғын-сүргінге ұшырап кеткен қазақ зиялыларының басынан өткен нәубет салқыны әлі есіп тұрған кезеңде мұндай пікірді білдіру үшін үлкен жүрек пен жігер керек еді. Әрине, мұндай сөздерді жүрегінің түгі бар, қайраты мен ерік жігері шыңдалған адам ғана айта алса керек. Халықтың аузынан тастамай айтып, түрлі аңыздарға айналдырып жүрген Ж.Тәшенов ерліктерінің бір парасы осындай. Бұл сталиндік зұлматтан кейін еңсесі түскен қазақтың ұлттық рухын оятқан ерлік оқиға болды. Мәскеу Жұмабек Тәшеновті қызметінен қуды. Бірақ ол қазақ жерінің тұтастығын сақтап қалды.

Ұлтын шексіз сүйген өр тұлға ұлт игілігі үшін атқарылған әрбір істің басында тұрды. Жұмабектің Отан алдындағы асыл парызын өтеудегі ең ұлы қызметін ғалым, жазушы, мемлекет қайраткері Әди Шәріпов өзінің естеліктерінде: «Баяғы заманда Бөгенбай, Қабанбай, Кеңесары мен Наурызбай сияқты батыр бабаларымыз қан төгіп сыртқы жаулармен соғысып аман сақтап қалған қазақ халқының ата-мекенін Ресейге беріп жіберуге қарсы болған жалғыз адам - Жұмабек Тәшенов. Қазақ халқының ерте заманнан бері қоныстанған тамаша шұрайлы жерін, бір қатерден оның сақтап қалғанының куәсі болғанбыз», - деп қайраткер тұлғаның жасаған ерлігін жазады [4, 214 б.].

Бірақ бүкіл билік қолында тұрған Н.С.Хрущев Жұмабек Тәшеновтің бұл

батыл қимылын кешірген жоқ. Республикалық дәрежедегі лауазымды қызметінен алып, Шымкентке қатардағы облыстық атқару комитеті төрағасының орынбасарылығына төмендетіп жіберді.

Жұмабек Тәшенов бұл қызметін де зейнеткерлікке шыққанға дейін 14 жыл ***АХМЕТ ЯСАУИ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ, №1, 2014***

---

бойы абыроймен үздіксіз атқарды. 1986 жылы қайтыс болған кезде Шымкент қаласына жерленді. Оңтүстік Қазақстан Облыстық Атқару комитетінің төрағасының орынбасары болып қызмет атқарып тұрған кезде Жұмабек Ахметұлы қазақ ұлтының мүддесі үшін қайраткерлік қызметін жалғастыра берді. Түркістандағы Қ.А.Яссауи кесенесінің жанында топырақпен көміліп жатқан шығыс моншасын қалпына келтіріп, іске жаратуды жүзеге асырады.

Қайраткердің іскерлігін, қабілетін Шымкент облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы В.А.Ливенцовтың өзі мойындауға мәжбүр болған. Ол 1964 жылы Мәскеудің өкілі қатысып отырған Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетіндегі мәжілісте: «Н.С.Хрущев Ж.Тәшеновтің намысына тиіп, қызметінен төмендетіп бізге облатком төрағасының орынбасары етіп жіберсе де, ол өзінің таңғажайып қабілетінің арқасында Оңтүстік Қазақстандағы ең құрметті адам болып отыр», – деген.

Қазақстан Республикасына еңбегі сіңген экономист, профессор Ғарай Сағымбаев Ж.Тәшенов республика басшылығында болған 6 жылда Қазақстанның экономикасы мен мәдениеті қарыштап алға басқанын төмендегідей деректермен көрсетеді. Осы жылдары электр энергиясы қуатын өндіру – 2 есе, мұнай өндіру – 1,6 есе, көмір өндіру – 2 есе, цемент шығару – 15 есе, мақтадан мата тоқу – 5 есе, тоқыма сырт киім шығару – 3 есе, минералды тыңайтқыш өндіру – 2 есе, аяқ киім тігу – 4 есе, ет өндіру – 2 есе, қант өндіру – 1,5 есе, мал майын шығару – 1,4 есе, өсімдік майын шығару – 2 есе өскен. Егіс көлемі – 6 миллионнан 22 миллион гектарға, ірі қара мал саны – 5,5 миллион, қой мен ешкі – 28,5 миллион басқа дейін өсті. Халық шаруашылығында 125 мың жоғары білімді, 215 мың орта білімді мамандар қызмет етті. Бес жылда 690 мың пәтер салынып, 2,4 мың кәсіпорындар мен мекемелер іске қосылады. 6140 кітапхана, 5140 клуб, 4777 киноқондырғылар, 25 музей, 19 облыстық театрлар жұмыс істеп тұрды. Сөйтіп, халықтың әлеуметтік жағдайы, тұрмыс мәдениеті айтарлықтай жақсарды [6].

Жұмабек Тәшенов туған жерге ғана емес, сонымен бірге ана тілімізге, қазақ баспасөзіне де үлкен жанашыр болған. Тың игеру жылдары Солтүстік Қазақстандағы бес облыста облыстық газеттер жабылып, қазақ журналистердің жұмыссыз қалғаны тарихи шындық. Сол жылдары республикалық қазақ тілді басылымдардың да басына қауіп төнді. Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі төрағасы Тәшеновтің қарсылығының нәтижесінде «Қазақ әдебиеті», «Социалистік Қазақстан» (қазіргі «Егемен Қазақстан») және басқа қазақ газеттері жабылу қаупінен сақталып қалды. Белгілі жазушы Садықбек Адамбеков өзінің «Қайта соққан боран – замандастарым жайлы» атты туындысында Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті бюросының 1958 жылғы 28 шілдедегі «Қазақ әдебиеті» газетін жабу туралы мәселе қойылған



отырысы туралы әңгімелейді. Сол жерде Жұмабек Тәшенов солақай белсенділердің сойқанды әрекеттеріне батыл соққы беріп, мәжілістің алдын ала дайындалып қойған сценарийін іске асырмады. «Өңкей шаш ал десе, бас

---

**АХМЕТ ЯСАУИ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ, №1, 2014**

алатын» жағымпаздар жарыса жамырап, Қазақстандағы қазақ тілінде шығатын барлық газеттерді жауып, аударма басылымдарға айналдыру жөнінде ұсыныс жасайды.

Тіпті сол кезде «Социалистік Қазақстан» газетінің бас редакторы Ұлы Отан соғысы кезінде Мәскеуді қорғаған 316-шы атқыштар дивизиясының құрамында болып, кейін 100-ші атқыштар бригадасының қатарында шайқасқа қатысқан майдангер Қасым Шәріпов өзінің «Казахстанская правда» газеті редакторының орынбасары болып қалуға да қарсы еместігін білдіреді. Осы сәтте отырысқа қатысып отырған Жұмабек Тәшенов: «Социалистік Қазақстанды» ашқан да сен емес, жабатын да сен емессің, не деп тұрсың өзің!»- деп зекіп тастапты. Ал «Қазақ әдебиеті» газетінің бас редакторы Сырбай Мәуленов мінберге қарай көңілсіз көтеріліп бара жатқанда Жұмабек Тәшенов: «Тайсақтамай, батыл сөйле! - деп, орнынан қозғалып қойды», - дейді. Қазақ газеттерінің ғана емес, қазақ тарихының да алдында әділетсіздік жасалғалы тұрған жиында Жұмабек Ахметұлы ұлт тіліндегі газеттерді жабудың негізсіздігін нақты мысалдармен дәлелдеп шығады. Туған халқының, ұлт тілінің тағдырына араша түскен азаматтың арқасында қазақ газеттері солақай саясаттың сойылынан аман қалған еді [4, 26 б.].

Ұлттық рух болмаған жерде, ұлттық намыстың да болмайтыны белгілі. Қазақ ұлтының ұлт ретінде, мемлекет ретінде дамуы мен танылуы елдің бірлігі мен ынтымағына байланысты. Рухының биіктігімен, намысының күштілігінен, есімі халықтың жүрегінде сақталып қалған, істеген істері аңызға айналып кеткен, азаматтарымыздың бірі - Жұмабек Тәшенов осындай мемлекетшіл тұлға бола білді.

Қолында билік болғанда қазақтың барлық шығармашылық адамдарына, дарынды тұлғаларына пайдалы іс жасауға белсене кірісті. Мәселен, 1958 жылы қазақ өнері мен әдебиетінің Мәскеудегі онкүндігін өткізуге үлкен күш-жігер жұмсап қана қоймай, бес бірдей қазақ өнерпаздарына (Қ.Қуанышбаев, Р.Жаманова, Е.Серкебаев, Ш.Айманов, М.Төлебаев) ең жоғары атақ - КСРО Халық әртісі атағын алып беруде де Жұмабек Тәшенов үлкен қажырлық көрсетті. Осыған дейін мұндай көлемде топпен жоғары атақ алу қазақ халқында болмаған екен. Жұмабек Тәшенов Қазақ КСР-нің Министрлер Кеңесінің төрағасы қызметі лауазымын атқарып тұрған кезінде, 1960 жылы қазіргі Алматыдағы Қонаев пен Қабанбай батыр көшелерінің қиылысындағы 120 пәтерлік үлкен жаңа технологиямен салынған үйді түгелімен өнер мен әдебиет қайраткерлеріне бергізеді. Осы Қонаев көшесіндегі № 135 үйді бүгінге дейін жұрт мақтаныш ретінде «Қазақ ауылы» немесе «Тәшеновтің үйі» деп атайды. Бұл үйге кірген атақтылардың ішінде Ілияс Омаров, Бибігүл Төлегенова, Гүлфайруз Ысмаилова, Кәукен Кенжетаев пен Шабал Бейсекова, Жамал Омарова, Сейфолла Телғараев, Құрманбек пен Шолпан

Жандарбековалар, Шара Жиенқұлова, Қапан Бадыров, Жүсіпбек пен Хабиба Елебековалар, жазушы Хамза Есенжанов, Зейін Шашкин, Жүсіп Алтайбаев, Балғабек Қыдырбекұлы, оқымыстылар Әбді Тұрсынбаев, академик Ермековтер ***АХМЕТ ЯСАУИ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ, №1, 2014***

---

бар. Жазушы Әбдіжәміл Нұрпейісовтің баспаналы болуына Жұмабек Тәшеневтің көмегі тиген екен. Ол өнер адамдарына қамқорлық жасау арқылы, қазақ өнеріне, мәдениетіне жанашырлық танытқан [6, 26 б.].

Қазақтан шыққан кемеңгер тұлғаларға бір көшенің өзін беруге қимай тұрған Мәскеуді Алматының ең үлкен магистральды көшесіне Абай Құнанбайұлы есімін беруге және сол көшенің ең төріне ақынның алып ескерткішін қоюға көндіреді. Халқымыздың рухани оянуынан қорқып, сан сылтау айтқандарға Жұмабек Тәшенов Тбилисиде – Руставелидің, Мәскеуде – Горькийдің, Ташкентте – Науаидің ескерткіштері бар екендігін, ал қазақ халқына ондай қиянат жасамау қажеттігін айтып, өзінен зорларды шеберлікпен мойындата білді. Нәтижесінде бүгінде көзіміз көріп жүрген Абай Құнанбайұлының атындағы тарихи ескерткіші мен көшесі осылай пайда болған [4, 18 б.].

Академик Манаш Қозыбаев өзінің «Дерек-тарихи дәлел» деген мақаласында: «Жұмабек Тәшенов және басқа да адамдар Қазақстан аумағындағы ядролық жарылыстарға қарсы шығып, озбырлықтың құрбаны болды», - деп атап көрсетіп, қайраткер тұлғаның саяси қызметінің тағы да бізге беймәлім бір қырын көрсетіп кетті.

Жұмабек Тәшенов үлкен қайраткер, халқының болашағы үшін қызмет жасаған күрескер болды. Ол халқымыздың тәуелсіздігін армандап, қазақтың өз жерінде өзі қожайын болуын аңсап, қара басының қамын, атақ-дәрежесін көксемей, ұлтының намысын қорғады. Соңғы демі қалғанша халқына қызмет етіп, қазақтың жері үшін күресті. Бүгінгі күнде біз оның еңбегінің жемісін көріп отырмыз.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев Қазақстан халқына «Қазақстан - 2050» стратегиясы: Қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты жолдауында «Біздің басты жетістігіміз – тәуелсіз Қазақстан құрғанымыз. Біз шекарамызды заңдық тұрғыдан ресімдедік. Елдің тұтастандырылған экономикалық кеңістігін құрдық. Елде өндірістік байланыстарды қайтадан орнықтырып, нығайттық. Бүгінде барлық өңірлер бір-бірімен ажырағысыз байланыста жұмыс істейді... Елдің жаңа елордасы – Астананы салдық. Бұл заманауи қала біздің бойтұмарымыз бен мақтанышымызға айналды. Біз еліміздің мүмкіндігін әлемге көрсету үшін оның әлеуетін пайдалана алдық. Дәл сол себептен де халықаралық қауымдастық Қазақстанды ЭКСПО-2017 Халықаралық көрмесін өткізу орны ретінде таңдады. Егер Астана болмаса, бұл да болмас еді. Мұндай құрмет кез келгеннің еншісіне тие бермейді. Біздің еліміз кеңестен кейінгі кезеңдегі күллі кеңістікте ЕҚЫҰ-ға төрағалық еткен, осы Ұйымның Саммитін өткізген және ғаламдық ауқымдағы іс-шара – ЭКСПО-2017-ні өзінде өткізетін бірінші ел екенін айтсақ та жеткілікті» - деді [1, 1 б.].

Бүгінде араға ғасырларды салып, Қазақстан тәуелсіздігін алып, кешегі тың өлкесі ретінде басқа мемлекетке берілмек болған Ақмола топырағында қазақтың Елордасы – Астана қаласы бой көтерді. Астананың көшелерінің

---

**АХМЕТ ЯСАУИ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ, №1, 2014**

біріне Жұмабек Ахметұлы Тәшеновтің есімі берілді. Ата-бабамыздың арманы болған Тәуелсіз мемлекетіміздің іргетасы қаланды. Өсіп-өркендеп қарыштап дамып келе жатқан Қуатты Қазақ елі бабалар аманатын жүзеге асырып жатыр.

#### **ӘДЕБИЕТТЕР**

1. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан-2050 стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. // Егемен Қазақстан. – Астана, 15 желтоқсан 2012.
2. Кенжебаев С. Бәрі құрбан атамекен жолында //Егемен Қазақстан. 1995. 8 сәуір. – 4 б.
3. Қуандық Е. Қазақстан тарихы. – Алматы: Дәуір, 2012. – 512 б.
4. Асан Ата К. Шынжырда өткен жолбарыс. – Алматы: Үш қиян, 2004. – 408 б.
5. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 4-том. – Алматы: Атамұра, 2010. – 752 б.
6. Жұмабек Ташенов туралы естеліктер. – Алматы: Білім, 2005. – 200 б.

#### **РЕЗЮМЕ**

В данной статье на основе конкретных исторических материалов рассматривается роль и вклад видного общественного и политического деятеля Жумабека Ташенова в развитие Казахстана.  
**(Амрина М.С., Налибаева Т.Б. Жизнь и общественная деятельность Жумабека Ташенова)**

#### **SUMMARY**

In this paper, based on the specific historical materials examines the role and contribution of prominent public and political figure of Jumabek Tashenov the development of Kazakhstan.  
**(Amrina M.S., Nalibayeva T.B. Life and Zhumabek Tashenova's Public Work)**

ÜOS 956.101

**Y.CİHANGİR**

H.A.Yesevi UTKÜ Yüksek Lisans Öğrencisi

**19. VE 20. YÜZYILLARDA RUSYALI VE TÜRKİSTANLI TÜRK  
AYDINLARIN SAVUNDUKLARI FİKİRLER**

*XIX. yüzyılın başlarına gelindiğinde birçok Avrupa devletinin, Türk ve Müslüman ülkeler üzerindeki baskılarını ve üstünlüklerini artırarak bir çok Müslüman halkın yaşadığı toprakları kendi himayeleri altına almaları, İslam aleminde birçok alanda değişimin yaşanmasına sebep oldu. Tüm İslam toplumlarında olduğu gibi Türkistan'da da düşmana karşı savaşta halkın İslami duyguları ağır basıyordu. Türkistan Müslüman halkına göre, kafirlerin egemenliği altına girmek, onlara Allahın verdiği ceza olarak kabul ediliyordu. Bu sebeple de İslami duygular, düşmana karşı hem halkın kendisi ve hem de halkın başında bulunan yönetici ve aydınlar tarafından güç olarak kullanılmaya çalışılmıştır. Türkistan'da Rus işgaline ve bu bölgede Rus kültürünün yayılmasına karşı İslamiyet önemli bir koruyucu vazife görmüştür. Zaten Türkistan halkı XIX. yüzyılın sonlarına kadar milli benliğini ön plana çıkarmazdı. Onlar öncelikle diğer milletlere ait olsalar bile Müslüman oldukları için kardeşlerdi. Türkistan'da insanlar milletlere göre değil, Müslüman-Kafir şeklinde dine göre ayırım yapıyorlardı.*

*Anahtar Kelimeler:* Türk Aydınlar, Rusya, Orta Asya, Türkistan, Türkiye

Türkistan'da ne halk arasında, ne de aydınlar arasında İslamcı, Türkçü veya Ceditçi ayrımı yapmak zordur. Bunun en büyük sebebi Ziya Gökalp'ın ülkünün oluşumu açıklamasında yatmaktadır. "Bir ulus, büyük bir felakete uğradığı, korkunç bir tehlike karşısında bulunduğu zaman bireylerindeki kişilikleri yutar; o zaman kamunun ruhunda yalnız "ulusal bir kişilik" yaşar; bütün yüreklerde bu "ulusal kişiliği" sürdürmek ve yaşatmak isteğinden başka bir duygu kalmaz. Bu karışıklık arasında, bireyler kendi özgürlüklerini değil, uluslarının "bağımsızlığını" düşünürler. İşte o yüce duygu ile karışık olan bu kutsal düşünceye, "ülkü" denir ve bunalımlı dönemde de, "döllenme dönemi" adı verilebilir [1, 29 s.]. Türkistan aydınlarının Rus hakimiyetinden kurtulma evresi olan XIX. yüzyılın sonları ve XX. yüzyılın başları bağımsızlık ülküsüne ulaşmak için İslamcılık, Türkçülük ve Ceditçiliği savunan aydınlar halkın önderleri olarak sadece düşünsel değil, aktif olarak da bağımsızlık mücadelesine katıldılar. Bu fikirleri en iyi şekilde işleyen İsmail Gaspıralı, "İttifak-ül Muslimin" partisi temsilcisi Abdraşit ,bragimov'la

işbirliği yapıyordu. Bu partinin kuruluş tarihi Rusya'da müslüman din adamları hareketinin ilerlediği döneme dayanmaktadır. Parti 1905 Ağustos'unda Nijniy Novgorod'da bütün Rusya Müslümanları toplantısında kurulmuştu. Tatar, Kazak, *АХМЕТ ЯСАУИ УНИВЕРСИТЕТИНІН ХАБАРШЫСЫ, №1, 2014*

Başkurt, Azeri v.b. temsilciler partiye üyeydiler. Parti kurucularından A. İbrahimov ve Yusuf Akçura'nın Türkistan'da, İslamcılık ve Türkçülük hareketinin yayılmasında büyük katkıları bulunmaktadır [2, 169 s.]. Yusuf Akçura "İttifak-ül İslam Partisi" ileri gelen üyelerindendi. Geniş bilgili bilim adamı ve politikacı olarak Yusuf Akçura, ortak bir çabayla özgürlük ve gelişmeye ulaşabilmek için bütün Türk halklarının yakınlaşması ve birleşmesini savunarak milli aydınların düşüncelerini etkiliyordu. İlk Rus devriminden sonra bile Türkistan'da Türk halklarının özgürlük ve bağımsızlık için birleştirme hareketi genişledi ve güçlendi. İslamcı, Türkçü fikirlerden etkilenen M.Behbudi ve M. K.Abduraşidhanov başta olmak üzere Türkistan Ceditleri, bütün Türkistan halkları ve dindaş müslümanların bir bütün olarak birleşmesiyle Türkistan'ın gelişmesine ulaşma ve kendi milletvekilleri yardımıyla Devlet Dumasında haklarını almayı planlıyorlardı. Türkistan'ın önemli aydın güçleri "Terakki, Aziya, Hürşid, Tahrir" v.b. gazeteleri etrafında toplanmışlardı.

İsmail Gaspıralı ve Yusuf Akçura'nın çalışmaları sonucu Türkistan'da da aydınları birleştiren dernekler kurulmaya başladı. Bu derneklerin esas düşüncesi Türkistan bölgesindeki Çarlık yönetimini halka anlatmaktı. Örneğin Sırtlanov, Tatar halkıyla milyonlarca Kudus Gabdulvaliyev ile ilişki kuruyordu. Çünkü, K. Gabdulvaliyev Semireçesk Maşrabçılarına para yardımında bulunuyordu [3, 46]. Türkistan aydınları, İslamın merkezi olarak gördükleri Türkiye için, kurulan dernekler aracılığıyla yardım topluyorlardı. 1910 yılında M. K. Abduraşidhanov Türk kitaplarını satarak elde ettiği karı İstanbul filosuna yani Türkiye'ye göndermişti. Bunların yanında I. Dünya savaşının devam ettiği sırada Türkistan'da Türkiye'ye gönderilmek üzere yardım toplanıyordu [4, 125 s.]. Önceki bölümlerde anlatıldığı üzere Türkistan Türk-Müslüman halkı bir felakete uğrayarak bağımsızlığını kaybetmişti. Bu durum onlar için azap verici bir durumdu ve biran önce bu durumdan kurtulunmalıydı. İslam toplumunun o dönemki tek bağımsız temsilcisi Osmanlı devletinde ortaya atılan kurtuluş çarelerinden biri de Müslüman toplumların ortak paydası İslam etrafında birleşmekti. Bu çare yüzyıllardan beri birbirleriyle etkileşim için olan ve halkının çoğunluğunu oluşturduğu Türkistan toplumu tarafından da benimsenilerek Türkistan toplumunu birleştirmek için kullanılmaya çalışıldı. Dönemin aydınları Türkistan halkının bu ortak paydasını gerek eserlerinde ve gerekse açtıkları okullarda işlediler. Çeşitli dernekler kurmak suretiyle yakınlıklarını pekiştirmeye birbirlerine yardımcı olmaya gayret gösterdiler. Ayrıca Türkistan aydınları bağımsızlığı elde etmek için İslamlık fikrinin yanı sıra Türkçülük fikrini de işlenmeye özen gösterdiler. Çünkü Türkistan halkının hemen hepsini birbirleriyle uzun zamandan beri yakın ilişkili, dili, milliyeti bir Türk boyları oluşturuyordu.

Rus Çarlığı yönetimi altında bulunan Türklerden Türkçülük fikri Tatarlar tarafından Türkistan'a taşınmıştır. Türkçülük hareketine siyasi yönden bakıldığında

XIX. yüzyılda Çarlık Rus yönetimi, Orta Asya'yı yönetirken bu bölgedeki milletleri Ruslaştırmak yani Panslavizm hareketini yürütürken, yerli halk içinde kendi dini inancı ve örfünü benimseyen azınlıkların güçlü tepkisini karşısına *АХМЕТ ЯСАУИ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ, №1, 2014*

---

almışlardır. Tatarlar, diğer Türk boylarına nazaran Rusya egemenliği altında uzun müddet kaldıkları için, Kırım Tatarlarının Rusya'ya karşı milli benliklerini ve kültürlerini koruma mücadele ruhu en doruk noktasında idi. 318 Kırım Tatarı İsmail Gaspıralı, Rusya Türkleri arasında bu hareketin ilk temsilcilerindendi. Gaspıralı İsmail Bey, yalnız Tatar Türkleri arasında değil, bütün dünya Türkleri arasında fikir ve eylemleriyle Türklük şuurunun uyanmasını ve Türk milletinin geleceği, gelişmesi için faaliyete geçilmesinde Türkistan aydınlarına öncülük etmiştir. Gaspıralı İsmail, Türk milletinin kültür seviyesini yükseltmek, ilerlemeyi önleyen kurumları yıkmak ve düşman karşısında Türk birliğini gerçekleştirmek için, 1883'de "Tercüman" gazetesini çıkarmaya başlamıştır. Bu gazetenin adı altındaki "Dilde-Fikirde-İşte Birlik" cümlesi, daha sonra Türkistan mücadeleçilerinin parolası haline gelmiştir. Gaspıralı İsmail, dilde sadeleşmeyi, Türk kadınının Türk erkeği ile eşit olmasını, bütün Türklerin Avrupa metotlarıyla eğitilmesini istemiş ve İslamiyet'in Türk birliği için birleştirici unsur olduğunu vurgulamıştır [1, 53 s.]. Yusuf Akçura'nın 1904'de, Mısır'daki Türk gazetesinde yayınlanan "Üç Tarz-ı Siyaset" başlıklı makalesi, Türkçülük fikrinin dönüm noktası ve temel bildirgesidir. Bu makaleyle ilk defa Türk milliyetçiliğinin siyasetle ilişkisi ele alınmış ve Türkçülüğün devlet idaresinde de tatbik edilebileceği vurgulanmıştır. Yusuf Akçura bu makalesinde, Osmanlılık, İslamcılık ve Türkçülük fikirlerini, taşıdıkları kıymet, gerçeklik ve getirecekleri fayda yönünden ayrı ayrı tahlil etmiş ve uygulanabilirlik yönünden Türkler için en faydalı olanının Türkçülük fikri olacağını düşünmüştür. Rusya'da Türkçülüğün ortaya çıkışı ise, Türk boylarının birliğini ve gelecekte ilerlemelerini sağlamak gayesiyle Rusya hudutları içinde kültürel alanda nisbi bir özerklik kazanmak için yapılan mücadelede, bu halkların birliği fikrine fazlaca bağlıydı. Bu birleşme, Türk boylarının hayati bir ihtiyacıydı ve bundan dolayı Türkçülük düşüncesi en büyük ilgiyi Rusya Türkleri arasında görmüştür [3, 48 s.]. Gaspıralı'nın "dilde, fikirde, işte birlik" sloganıyla ortaya attığı, Mustafa Çokay, Yusuf Akçura, Abdurrauf Fıtrat'ın önderliğini yaptığı Türk dünyasının kültürel birliğinin sağlanması projesi ile şekillenen Türkçülük düşüncesi, etkisini Türkistan aydınları arasında da gösterdi. Türkistan milli aydınları arasında gelişen Türkçülük düşüncesi siyasi bir hedef haline dönüşmeyerek kültürel bir hedef olarak kaldı. Genel olarak Türkistan halkının kültürel kalkınmasının bir bütün olarak gerçekleşmesi gerektiğini savunan Türkçü aydınlar sosyal, hukuki ve eğitim alanında yapılacak yeniliklerin Türk halklarını birbirinden uzaklaştırmaması için Türk halkları arasında gelişen yenileştirme hareketlerinin takip edilmesini ve birlikte hareket edilmesini istediler. Türkistan milli aydınlarının bu istekleri Usul-i Cedit ve yeni hukuk sistemi ile alakalı tartışmalarda onların iddialarının temel dayanağı oldu [5, 123 s.]. Türkistan'ın en büyük Türkçülerinden Mağcan Cumabayev'in düşünceleri Türkistan Türkçülüğünü ve sınırlarını açık bir şekilde göstermektedir. Alaş Orda

hareketi içerisinde yer alıp, bu hareketin meşhur şairi olan Mağcan Cumabayev, Türkçülüğün Türkistan Türklerinin anlayışına göre sınırlarını çizmeye çalışmıştır. Mağcan Cumabayev bir taraftan Kazak dilinin şiirsel gücünü kullanmaktaki

---

*АХМЕТ ЯСАУИ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ, №1, 2014*

ustalığıyla Kazakların tarih şuurunu şekillendirme çalışması yapmış, diğer taraftan da umumi Türk dünyasıyla Türkistan Türklerinin bağlılık derecesinin sınırlarını göstermek istemiştir. [6, 62-67 s.]. Türkistan aydınlarından Fitrat, Mukimi, Zevki, Mahmud Hoca Behbudi, Münevver Kari Abdraşidhanov, M.Çokay Türkistan'ın önde gelen Türkçü aydınlarıdır. Türkçülük fikri, İslamcılığa nazaran Türkistan aydınları tarafından daha da çok desteklenmiştir. Türkistan'daki bu yenilik ve birlik hareketlerinin Pantürkizm-Panislamizm terimleriyle açıklanmalarının Avrupa ideolojilerinin açıkça tenkidinden ortaya çıkan bir kalıntı olduğu kabul edilmelidir. XIX. yüzyılın sonunda ve XX. yüzyılda Müslüman ve Türk halklarının yeni dünya uygarlığından geri kalmama hareketinin felsefi kavramı Türkleşme (aynı kökten gelen Türk halklarının "Türkçülük" ideali), İslamlaşma, Çağdaşlaşma (dünya uygarlık seviyesine ulaşip, gelişmelerden geri kalmayarak, siyasi toplumsal değişimleri gerçekleştirme) diye özetlediği bu üç düşünce temelinde Yusuf Akçura, Hüseyinzade Ali, Ziya Gökalp ve İsmail Gaspıralı'nın fikirlerine dayanmaktadır ve mağlup etme amacı yoktur. Bu hareket, Türk halklarının tarihi, kültürel ve siyasi ilerleme hareketi olarak değerlendirilmelidir.

#### KAYNAKÇA

1. REINHARD Elsener Sovyet Orta Asya'sının bölgesel paylaşımı Türkler ansiklopedisi 18.cilt TTK. – Ankara 1999.
2. ARISOY, Ömer, "Türkçülüğün Kısa Tarihine Bir Bakış", Türk Dünyası Tarih Dergisi, 150, Haziran, 1999.
3. HAYİT Baymirza Türkistan, Rusya ve Çin Arasında. – Ankara, 1975.
4. EVCİ Tefik, Yeni Türkistan dergisi 1927-1931 Kırıkkale Üniversitesi 2006.
5. YARKIN, İbrahim, "Türkistan'da Uyanış-Milli Hareketler ve Münevver Kari", Türk Kültürü, Ağustos 1966.
6. Kazak Edebiyatı Ansiklopediyası, Bilik baspaxanası. – Alma-ata, 1999.

#### ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада XIX және XX ғасырлардағы Ресейлік және Түркістандық Түрік зиялыларының өзекті пікірлері жайлы мағлұмат беріледі.  
(Джихангир Ю. XIX және XX ғасырлардағы Ресейлік және Түркістандық Түрік зиялыларының өзекті пікірлері)

#### РЕЗЮМЕ

В статье предоставлены сведения об идеях тюркской интеллигенции России и Туркестана в XIX-XX вв.  
(Джихангир Ю. Иден тюркской интеллигенции России и Туркестана в XIX-XX вв.)

#### SUMMARY

In this article we give the information about the opinion which protected the authority of Russia and Turks of Turkistan in 19<sup>th</sup> and 20<sup>th</sup> centuries.  
(Cihangir Y. Opinion Which Protected the Authority of Russia and Turks of Turkistan in 19<sup>th</sup> and 20<sup>th</sup> Centuries)

ӘОЖ 94(574)

**Р.М.КУПБАЕВА**

Академиялық инновациялық институтының магистранты

### **БҰҚАР ЖЫРАУ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ АБЫЛАЙ ХАННЫҢ ТАРИХИ БЕЙНЕСІ**

*Мақалада XVIII ғасырда еуразиялық кеңістіктен шығып, бүкіл қазақ халқын біртұтас саясатының арқасында жыраулар жырының басты кейіпкеріне айналған Абылай хан бейнесі, сондай-ақ жеке басының қамын ойлап, солқылдақ саясат ұстанған бірнеше хандардың осал бейнесі, әділ билерімізге өсиет ретінде көрегендікпен айтқан үлгілі ойлары, тарихи дерек ретінде Бұқар жыраудың мұрасы туралы мәліметтер беріліп және сарапталған. Бұл жырлар арқылы біз жырауларымыздың атқарған маңызды сыншыл, жаршылық, кеңесшілік, мәмілегерлік саясатын жүргізген қызметтік функцияларын, қазақ даласының дала демократиясын біле аламыз.*

*Кілт сөздер: жырау, Абылай хан, Бұқар жырау, жаршы, өсиетші, хан, батыр, би, жоңғарлар, мұра.*

XVIII ғасырдағы жыраулар шығармаларына арқау болған басты тақырып – ел-жер тағдыры мәселесі болды. Осы ел-жер тағдыры мәселесімен тығыз байланысты сол кездегі ел тізгінін ұстаған тарихи тұлғаларымыз: хандар мен билердің жүргізген ішкі-сыртқы саясаты, өмірі туралы мәліметтер жыраулар мұрасынан да мол көрініс тапты. Жыраулардың атқарған басты міндеттерінің бірі ханға – кеңесші, өсиетші, жаршысы, хан асыра сілтесе өсиетін айтып сабасына түсіру болса, ал ел алдында шешім қабылдауда қара қылды қақ жарған, әділ-қазылық жолдарынан танбауды ескертіп отырған.

XVII-XVIII ғасырда жоңғар қалмақтары қазақ жеріне үздіксіз көз алартып, тынымсыз қанды жорықтар жасап, бейбіт елдің берекесін кетірген. Халық ауыз әдебиетінде ең мейірімсіз тілсіз жау ретінде қалмақтар аталатыны да осыдан. Қалмақтар қастандығы арылмас дерттей ұзаққа созылғандығы соншалық ерте заманда арпалысқан өзге жаулардың аттары ұмыт болып, тыюсыз тажал бейнесінде озбыр ойраттар ғана қалған. Зорлыққа, астамдыққа еті үйренген, бұрын ешкімнен беті қайтпаған ата жау Абылай заманында жеңіліс тауып, елдің көптен күткен бейбітшілік дәуірге қолы жеткені шынында да тарихымыздағы аса нұрлы, мәртебелі кезең еді. Бұл жөнінде аса беделді ғалымдар өздерінің әділ бағасын берген. Орыстың



атақты ғұламасы академик В.Бартольд «XVIII ғасырдағы ең күшті хан Абылай болды» деп жазған [1].

Абылай хан туралы әсіресе Бұқар жыраудың шығармашылығында  
*АХМЕТ ЯСАУИ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ, №1, 2014*

---

көптеген құнды дерек боларлық мәліметтер бар. Олай болуы заңды да, себебі Абылай ханның өзі де «көмегей әулие» атаған көреген Бұқар жырау, Абылай ханның кеңесшісі, жаршысы, өсиетшісі және ерекше құрметіне ие болған жырау.

«Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» кезінде қазақ халқы бірліктің керегін түсінді. «Дауға барсаң бірің бар, жауға барсаң бәрің бар» деген мәтел сол бір кезде айтылса керек. Топ ішінен суырылып сөйлейтін шешендер, көпті бастар көсемдер, ту ұстар батырлар, сол тарихи кезеңде айбынды елдің айдынды азаматын іздеді, ал ол болса «Жыртылғанға жамау, шаршағанға демеу», «Қалың елдің арын», «Жау – дұшпанның кәрі», «Ауырғанға дәрі, өз елінің нәрі» болуы шарт еді. Дәл осындай ел тілегінен шыққан елдің елеусіз, халықтың қалаусыз жасынан жетім қалып, үйсін Төле бидің түйесін баққан Әбілмансұр (Абылай) болды. XVIII ғасырда елді біртұтас етіп, қорғанышы болған Тәуке ханнан кейін Абылай хан екені белгілі. Жырауларымыздың да ең басты арман-тілегі елді біртұтас ету, қазақ халқының мамыражай бейбіт күй кешуі болғандықтан Абылай ханның ұстанған саясатымен жыраулар ойы ұштасты және жыраулар шығармаларының көбіне басты кейіпкеріне Абылай хан айналды.

Ұлы жырау қазақ ханының балалық шағындағы ауыр күндерін, қиын халін айта отырып, Абылайдың барлық атақ пен даңққа халықтың қолдауымен және жеке басының қасиеті арқасында жеткенін, оның ел алдындағы беделі, халыққа сіңірген еңбегінің нәтижесі екенін, бірақ осындай абырой биігінде самғай беру үшін әділдік таразысынан жаңылмау керектігін қайталай толғайды. Абылай өмірінің барлық кезеңдерін шолу тек дәстүрлі қайталама әңгіме деңгейінде қалып қоймай, халық тағдырымен бірлестікте қаралып, үлкен мағынаға бөленеді. Жыраудың ұғымынша Абылай қазақ халқының басына сұрапыл қасірет төнген кезде ел еңсесін көтеруге, алаш мемлекеттігін сақтауға және күшейтуге туған қайраткер. Ханды мақтаса да, кейбір істерін мансұқтаса да, ішкі-сыртқы саясатына кеңес берсе де Бұқар тек қазақ ынтымағы мен ырысы тұрғысынан қарайды. Сонымен, жырау өлеңдерінің нақтылы кейіпкерлері Абылай және оның батырлары мәслихаттас билері болса, ең басты қаарманы қазақ халқының өзі болады [2].

Абылай қанша ақылды хан болса да жаугершілікке еліккен мінезі бойынша ол егескен жауды талқандағаннан кейін өз елінің батырларына әлсіздеу руларға да соқтығады. Тіпті орыс патшасы орнатқан әскери қорғанға шабуыл жасап, соғыс ашпақшы болды. Абылайдың осындай өз халқын қырғынға ұшыратарлық пиғылын әшкерелеп мінін бетіне басып, бүкіл халық атынан тыйым салды. Ханның осындай қатыгез қылығына Бұқар қатты наразылық білдіреді. «Жиырма бес деген жасыңыз », «Ей Абылай, сен он бір

жасында» деген толғауларын арнайды. Бұл толғаулар әрі Абылайдың өмір тарихы болса әрі оған берілген данышпандық баға дерлік құнды мәлімет [3].

Бір жағынан жоңғар екінші жағынан Ресей, үшінші қиырдан Қытай  
***АХМЕТ ЯСАУИ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ, №1, 2014***

---

қысқанда кең далада дархан өскен, ешкімнің сыбағасын қызғанбайтын момын қазақ шарасыз күйге түскен еді. Халық ықыласының «пәледен құтқарса, осы құтқарар» деп Абылайға ауа беретіні, оның атын эпикалық қаһармандар дәрежесіне көтеріп дәріптейтіні азат болудың өзге жолын таппағандықтан болатын. Осындай шақтарда халықтың ешкім жауыздық жасамайтын, мәңгілік «тыныш» мекенді армандайтыны белгілі. Айналадан анталап дұшпан қаптағанда қазақтың кең жері өзіне тар көрініп, басқа өлкелерден қоныс іздеушілігі әр дәуірде қайталанып отыратын сарын. Бір кезекте Бұхар жырау да Абылайға осы ойды айтады.

Мұсылман болсаң кетіңіз,  
Сырдарияның суынан.  
Көлденең кешіп өтіңіз.  
Үш жыл малды ту сақтап,  
Жиделі байсын жетіңіз.  
Кісісі жүзге келмей өлмеген,  
Қойлары екі қабат қоздаған.  
Қатын –бала қамы үшін,  
Солай таман жетіңіз...[4].

Абылай хан қалмаққа қалай шабу керектігін білмей тұрғанда Қанжығалы Бөгенбай батыр: «Тарбағатайдан асып, Үржар, Есіл бойындағы торғауытты алдымен шабуға ұсыныпты. Бергі шеттегі Ласты-Шорғадағы қалмақтарға тиіспейік, өзгелері есітіп, дайындық жасап үлгереді» дегенде, Қаракерей Қабанбай батыр: «Алыстағы жауға барсақ, ат ариды, азық таусылады, әскер шаршайды, ең алдымен берідегі Ласты-Шорғадағы қалмақтарды алған жөн» депті. Абылай осының билігін Бұқарға айт дегенде, ол әйгілі:

Сен Қанжығалы Бөгенбай,  
Тоқымың кеппес ұры едің.  
Түн қатып және жүр едің.  
Қабанбайдан бұрын найзаңды,  
Қашан сен жауға тіредің?!-

дейтін жырын суырып салып айтыпты. Сөйтіп, хан Қабанбай батырдың ұсынысын қолдап, сол жолы шығын болса да, көп олжалы оралса керек [5].

Тарихы сан ғасырлардың тереңіне кететін халқымыздың «қазақ» аталған бертінгі дәуірінде ел бастаған көсемдер, сөз бастаған шешендер «ертеден шапса, кешке озған, ылғидан шапса, төсте озған» жүйріктер, ердің құнын екі-ақ ауыз сөзбен шешкен дана билер қалың жауға қарсы жалғыз шапқан батырлар, елінің қамы үшін алтын тағын тәрк еткен хандар аз болмаған. Олардың есімдері ауызша жырларда берік орын алған. Қазақ елінің ең атақты ханы Абылай хан елінің тұтастығымен жауға алдырмас қамал саясат

орнатып, елін азат етуге аянбай тер төккен, елім деп еңіреп туған асыл ұлы тұлға Абылай бейнесі жыраулар жырында тарихи дерекпен ұштасып төгіліп тұр.

*АХМЕТ ЯСАУИ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ, №1, 2014*

Сондай-ақ, жырауларымыздың басты хандар арасындағы кейіпкерлерінің біріне Абылай хан айналғаны сөзсіз, ал үш жүзді туырлықтай турап, бөліп билегісі келген Сәмке, Ғайып, Болат, Әбілмәмбет хандардың солқылдақ саясаты мен бейнесін, Қожаберген жырау көңілі толмай жырына қосады:

Бүгінгі күн-мұнар күн,  
Жер бетін тұман басқан күн.  
Жалаңтөс аспас асудан,  
Кәпір қалмақ асқан күн.  
Бейбіт жатқан халқымды,  
Жанына қалмақ басқан күн.  
Ақыл таппай қиналып,  
Билерім қатты сасқан күн.  
Паналар жер таба алмай,  
Ер етегін басқан күн.  
Атуға болмай мылтығын,  
Қалмақтан қазақ қашқан күн.  
Сәмке, Ғайып, Болат сұм,  
Соңына елді ерте алмай,  
Қонтайшыға сатылып,  
Елдің сырын ашқан күн.  
Шығармақ күнім түн болды.  
Хан мен сұлтан жын болды.  
Сәмке, Ғайып Болаттың,  
Сатқындығы шын болды.  
Әбілмәмбет солқылдақ,  
Ақ балшықша борпылдақ.  
Келіспей ерлермен,  
Қабандарша қорсылдап, -деп ашына айтқан [6].

1726 жылы өткен Түркістан қаласының оңтүстік-шығысындағы Ордабасы деген жерде үш жүз өкілдері қатынасқан Кеңесте Елдің басын қосып, кеңес өткізуге ұйытқы болғандар: Төле, Қаздауысты Қазыбек, Әйтеке сынды билер болды [7]. Бұл деректен билеріміздің атқарған рөлі қаншалықты қазақ халқы үшін жоғары және құнды болғандығын аңғарамыз. Қазақ халқының ардақтап, қара қылды қақ жарған, тоқтам-шешімдеріне тұрған, халқымыздың билері туралы да жырауларымыз өз жырларын арнап, арқау етті. Бұқар жырау өзінің жырында «Қаз дауысты Қазыбек»-деп тоқталып, Қазыбек бидің қалмақтармен арадағы шешендік, батырлық ерлігінен сипаттама берсе, Абылай ханның жастық шағын есіне түсіріп айтқан жырында астыртын Төле бидің де беделін баяндайды.

Жырауларымыз төрелік еткен билерді тек бейнелеп қана қоймай реті келген кезде сыни ойларын білдіріп те отырды. Мысалы, Үмбетей жыраудың «Бекболат биге» жыры – Қаз дауысты Қазыбектің ұлы Бекболат биді Абылай *АХМЕТ ЯСАУИ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ, №1, 2014*

алдында жығып беру үшін айтқаны: [4, 75 б.]

Мен пайғамбардан бастасам, -  
Әңгімеге кетермін,  
Едігеден бастасам, -  
Ертегіге кетермін.  
Келтесінен қайырсам –  
Сөз түбіне жетермін.  
Енді сізге не дермін:  
Бай болмаған бай болса, -  
Жайламаған сай қоймас,  
Би болмаған би болса, -  
Айтылмаған сөз қоймас,  
Хан болмаған хан болса –  
Қанамаған ел қоймас.  
Баласын мақтар қас жаман,  
Қатынын мақтар қас жаман.  
Алыстағы дұшпаннан,  
Аңдып жүрген дос жаман,  
Бір бие бітпей бие болмас,  
Өз малын кізгенен,  
Кісі малын іздеген,

Түбінде өз малына ие болмас!-деп, хан алдында иілменген биді бір ауыз сөзбен сабасына түсіргенін атап айтсақ болады [4].

Сонымен, XVIII ғасырда евразиялық кеңістіктен шығып, бүкіл қазақ халқын біртұтас етпек саясатының арқасында жыраулар жырының басты кепкеріне айналған Абылай хан бейнесі, сондай-ақ жеке басының қамын ойлап, солқылдақ саясат ұстанған бірнеше хандардың осал бейнесі, әділ билерімізге өсиет ретінде көрегендікпен айтқан үлгілі ойлары, тарихи дерек ретінде жыраулар мұрасына арқау болды. Ол жырлары арқылы біз жырауларымыздың атқарған маңызды сыншыл, жаршылық, кеңесшілік, мәмілегерлік саясатын жүргізген т.б. қызметтік функцияларын, қазақ даласының дала демократиясын аңғарамыз.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. *Ізтілеуұлы Т.* Шығармалары /Жауапты шығарушы Б.Жүсіпов. – Дешті Қыпшақ, 2007. – 588 б.
2. *Байтұрсынов А.* Шығармалары: Өлеңдер, аудармалар, зерттеулер. – Алматы: Жазушы, 1989. – 320 б.
3. *Көпейұлы М.Ж.* Шығармалар. – 5-том. – Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ, 2005. – 410 с.

4. Бес ғасыр жырлайды: Үш томдық. 1-том. – Алматы: Жазушы, 1984. – 256 б.
  5. *Көлдейбекұлы Е. Ұлағат сөзім ұрпаққа.* – Алматы: Маржан, 1995. – 320 б.
  6. Қазақстан білім беру жүйесіндегі тарих пәндерінің өзекті мәселелері:  
*АХМЕТ ЯСАУИ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ, №1, 2014*
- 

Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары/ Шымкент: «Жебе»  
Баспа үйі, 2010. – 288 б.

7. Шораяқтың Омары. Сөйле, тілім, жосылып. – Алматы: Рауан, 1995. – 301 б.

#### РЕЗЮМЕ

В данной научной статье рассматривается исторический образ Абылай хана во внешней и внутренней политике Казахского ханства в творчестве великого казахского представителя исторического поэтического жанра – Бухар-жырау. Также в статье анализируются в творчестве Бухар-жырау роль биев и батыров во время нашествия джунгар. Историческое значение казахских жырау в годы бедствия в контексте объединения сил против общего врага.

**(Купбаева Р.М. Исторический образ хана Аblaя в творчестве Бухар жырау)**

#### SUMMARY

In this scientific article historical character is examined Abilay of khan in the foreign and internal policy of the Kazakh khanate in work of the great kazakh representative of historical poetic genre - Buhar-dziray. Also in the article analysed in work of Buhar-dziray role of adviser and athlete during the invasion of dzungar. Historical value of kazakh edificaten in the years of calamity in the context of association of forces against a general enemy.

**(Kupbaeva R.M. Historical Character of Khan of Ablay in Work Buhar Dziray)**

ӨОЖ 958.4 (584.5)

**Н.ЖҮСІПОВА**

Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ-нің магистрантты

## **ЕЛ БІРЛІГІН НЫҒАЙТУ КӨПҰЛТТЫ ҚАЗАҚСТАННЫҢ БАСТЫ ҰСТАНЫМЫ**

*Мақалада тәуелсіз қазақ еліміздің бірлігін нығайту жолдары туралы сөз болмақ. Қазақстан республикасында көптеген ұлт өкілдері тұрады. Көпұлтты мемлекетіміздің өзара тыныштығы жарқын болашағымыздың кепілі. Қазақстанда мекендейтін ұлт пен ұлыстардың, халықтардың Қазақстан мемлекеті әлемдік биіктен көріну жолында білім, мәдениет, экономика, әлеуметтік тұрғыда дамуына жағдай жасай отырып, еліміздегі бейбітшілікті, бірлік пен тәуелсіздікті сақтап қалу үшін барлық күш-жігерін жұмсау. Тәуелсіз еліміздің тұңғыш президенті Н.Ә.Назарбаевтың жолдауларынан үзінділер.*

*Кілт сөздер:* діни төзімділік, этносаралық, ұстамдылық, конфессияаралық, мәдениетаралық, татулық, нация, ұлт, халық, сана, реформа.

Қазақстан – көпұлтты мемлекет. Кең байтақ жерімізді, ел арасындағы тыныштықты сақтап, оны келешекке аманат ету әрбір қазақстандық азаматтардың міндеті деп білуіміз керек.

1991 жылдың соңында тәуелсіздікке қол жеткізді. Дегенмен, 90-жылдардың басында Қазақстан құрылымдары жөнінен әлі ескі Кеңестер Одағының бір бөлігі саналатын еді. Тәуелсіз Қазақстан республикасының дербестігін танытатын бірнеше негізгі мекемелердің қайтадан ұйымдастырылуы, қажетті деп табылған жаңа ұйымдарға ие болуы керек-ті. Қысқасы, Қазақстан үшін енді жаңа және зор кезең басталған болатын. Тәуелсіз Қазақстан бұл жаңа және зор кезең барысында бірнеше көптеген мәселені шешуі тиіс болатын. Қазақ халқы тарихи кезеңді тамаша бағалай отырып, тәуелсіз Қазақстан республикасының болашағын ең қуатты негіздің үстіне құру мүмкіндігі туды. Тәуелсіз жас мемлекетіміздің тұтастығы, бірлігі ел арасындағы татулықты сақтау керек.

Қазақстан өз саяси дамуында демократиялық даму жолын таңдайтындығын саяси тәуелсіздік пен мемлекеттік егемендікке ие болған алғашқы сәттерден бастап-ақ мәлімдеген болатын. Тәуелсіз еліміздің тұңғыш президенті Н.Ә.Назарбаев еліміз дамуында өз келбетімізге тән, өз ерекшеліктеріміз бен өз тұтыныстарымызға толық жауап беретін

демократиялық саяси құрылымдар мен институттар жүйесін дамытуды қолдап келеді. Осы міндеттерді оңтайлы шешу мақсатында Елбасының

---

*АХМЕТ ЯСАУИ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ, №1, 2014*

---

тікелей бастамасымен 1995 жылы Қазақстан халықтарының Ассамблеясы құрылды. Қазақстан халқы Ассамблеясы мен Демократиялық реформалар бағдарламаларын әзірлеу және нақтылау жөніндегі мемлекеттік комиссия құрылғаны белгілі. Қазіргі таңда, саяси жүйені одан әрі демократияландыруға бағытталған реформалар жүргізу барысында осы Ассамблея мен Мемлекеттік комиссия ұсыныстарының ерекше орын алып отырғандығы сөзсіз. Қазақстан Республикасының демократиялық дамуының маңызды жетістіктерінің бірі діни төзімділік пен этносаралық келісім негізінде саяси тұрақтылықты сақтау болып отыр. Елбасының “Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан” Жолдауында – “Халықаралық қоғамдастықта біздің елімізде тұрып жатқан және Қазақстанның біртұтас халқы болып табылатын барлық этнос өкілдерінің ұстамдылығын, конфессияаралық және мәдениетаралық татулығын қамтамасыз етуге бағытталған сара саясатымыз барынша танылып отыр” [1] – деп баса көрсетілген.

Қазақстан көп ұлтты мемлекет екендігін жоғарыда айтып өттік. Елімізде бірлігі мен ынтымағы жарасқан 100-ден астам ұлт пен ұлыс өкілдері тату-тәтті өмір сүруде. Евразия кіндігі саналатын еліміздің көпвекторлы саясат ұстануы, республиканы мекен еткен барша халықтардың (ұлт өкілдерінің) татулығының кепілі. Осы орай да, ұлт туралы, «ұлт» сөзінің түп-төркініне азырақ тоқтала кетсек. «Ұлт мағынасындағы «нация» сөзі көбінесе «халық» немесе «этнос» терминімен астарлас келеді. «Ұлт» терминінің орнына «халық», «ел», «қоғам», және «этнос» сөздерін орынсыз қолдана беруге болмайды деп білемін. Олардың әрқайсысының өзіндік орны бар, өзіндік мән-мағынасы бар. Сондықтан да түрлі қауымдастықтарды ұлттық қоғамдастыққа біріктірудің әлемдік тәжірибесін және тұтастай алғандағы. Дүниедегі, әсіресе Қазақстандағы болып жатқан өзгерістерді ескере отырып, «ұлт» ұғымының ғасырлар бедерінде қандай түсінілгендігін және оған бүгінгі тағдыры қандай мағына беріліп жатқандығын бағамдау қажет-ақ [2]. «Халық» сөзі белгілі бір гео-элеуметтік организмге жататын адамдарды белгілеу үшін де қолданылады. Мысалы, теледидардан хабарлар көргенде, газет-журналдардың парақтарында, интернет желілеріне көз салғанда бірінші болып «халық» сөзі ойға келеді. Ал, енді «этнос» ұғымына тоқтала кетер болсақ. Халықтар арасында тіліне, дініне, мәдениетіне, әдет-ғұрыптарына салт-санасына қарап ажыратуға болады. Орта Азиядағы түркі тілдес мемлекеттердегі халықтардың өзінде де айырмашылықты көруге болады. Дініміз бір болғанымен, тіліміз әртүрлі. Тілдің өзін де диалектикалық айырмашылықты көріп жатамыз. Бірақ, ұқсастықтар да бар. Назар аударар болсақ, қазақ тіліндегі «көз» сөзі түрік тілінде «гөз» деп аударылады, ал «мейрам» сөзі «байрам» деп аударылады. Осы сөздерінде ұқсастықтарына қарап отырсақ біздің туыстық, қандас бауыр екендігімізді алға тартып отырады. Этнос дегеніміз – бұл көптеген адамдардың бір жерге шоғырланып,

топ болуын айтамыз. Этностарды территориясына немесе экономикасына қарап ажыратып қарастыруға болады. Этнос – бұл әлеуметтік қауымдастық. *АХМЕТ ЯСАУИ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ, №1, 2014*

---

Бірақ оған кей-кейде биологиялық сипат беріліп, қарастырылады. Мұндай ұстанымды Ю.Семенов терістейді [3]. Ал, шынына келгенде балалар ата-аналарынан мәдениет пен этникалық сананы ғана емес, дене құрылымын да мұра етіп, алға қарай жалғастырады емес пе?

Қазақстанның геосаяси жағдайы өте күрделі. Біздің еліміз әлемдік үш діни-мәдени өркениеттің қиылысында тұр. Бұлар мұсылман, христиан және буддистік-конфуциандық діни-мәдени өркениеттер. Қазақстанның өзі де көпконфессиялы мемлекет болғандықтан, бұл діни-мәдени өркениеттердің игі әсерлерін де және теріс ықпалдарын да жоққа шығаруға болмайды. Сондықтан, этносаралық татулық пен діни келісім аймағындағы саясатымыз игі әсерлерді марапаттап, теріс ықпалдарды қатал жойып отыруға бағытталуы тиіс. Осы істерде шешуші рөл, еліміздегі дәстүрлі діни ұйымдармен қатар, мемлекеттік органдарға да жүктелетіндігі сөзсіз [4]. Көпұлтты, көпконфессиялы мемлекетіміз үшін еліміздің тыныштығы басты мәселе. Сол себепті де, елдегі бейбіт қатар өмір сүріп отырған түрлі ұлттар мен ұлыстардың татулығын, ел бірлігін нығайту жолындағы жұмыстар ұдайы жүргізілуі тиіс деп санаймын. Бұл, бүгінде Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев жүргізіп отырған салиқалы саясаттан туындайтын басты бағдар. Еліміздегі толеранттылық, мемлекеттің көпвекторлы саясат ұстануы ішкі бірлік пен қатар мемлекетіміздің сыртқы имиджін қалыптастыруда да оң әсер бергені айқын. Дегенмен, діни төзімділік пен барша наным-сенімдерге бірдей кеңшілік берілуі соңғы уақытта теріс ықпалын тигізуде, Соңғы уақытта елде діни-экстремистік ұйымдар көбейіп барады. Сырт бейнелері мұсылман секілді, ал шын мәнінде исламға жат әрекеттер жасап, әсіресе жастардың санасын улауда. «Вахаби», «Сәлафи», «Ахмадия», т.б. аталған бұл ағымдардың ислам атын жамылғанымен, түп-төркіні иманнан алыс. Мақсаты тал шыбықтай солқылдаған жас буынды еліктіріп (сектаға кіргізіп) санасын улау. Міне, осы секілді теріс пиғылды ағымдармен дер кезінде күресуіміз керек. Бұл жас тәуелсіз мемлекетіміз үшін аса қажетті шара. Еліміздің бірлігі мен тұтастығы, ел ішіндегі түрлі ұлттар мен ұлыстардың татулығы бүгінгі әлемге таныла бастаған Қазақстан басты имиджі. Басты байлығы. Бірер сөз еліміздегі ішкі бірлікке әсер етуші факторлардың діни ахуал төңірегінде. Ұзақ жылдар бойында Қазақстанда ислам негіздерінің бұзылуының және оны қалпына келтірудің оңай еместігін пайдаланып, халық арасына басқа діндерді уағыздайтын миссионерлердің белсенділік көрсете бастағаны да жасырын емес. Бір жағынан, исламды жамандау әдеті жалғасып, екінші жағынан, христиан, будда діндерін сыналап кіргізу әрекеті қабат жүргізіліп келеді. Республикамыздағы халықтың басым көпшілігі мұсылмандар екеніне қарамастан, ислам құндылықтарын батыл түрде тарату, үйрету жұмыстарын жүзеге асыруға бөгесіндер баршылық. Исламның бейбіт, адал қағидаларын көрінеу бұрмалап көрсететін, «ислам фундаментализмі» деген жалған



қисынды алға тартып, жұртшылық арасында үрей туғызуға маманданған күштер басшымызға да, қосшымызға да ықпал етуге тырысады. Исламның

---

***АХМЕТ ЯСАУИ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ, №1, 2014***

---

шын келбеті мен оны бұрмалаушылардың арасында ешқандай жақындық жоқ. Бұл ретте, тағы да академик Р.Бердібай пікірі назар аударарлықтай: «Тағы да бір қауіп – Қазақстанның діни экспансия мекеніне айнала бастауы. Қазіргі кезде республика аумағында ислам, православиялық христиан дінінен басқа көптеген діни секталар ірге теуіп отырғаны анық. Әділет министрлігі мұндай секталардың отыз жетісін тіркеп үлгеріпті. Бұл күнде баптист, кришнаид, т.б. болып шоқынған қазақтың ұлы мен қызы жүздеп емес, мыңдап саналады екен. Егер осындай тенденция жалғаса берсе, көп ұзамай Қазақстан «жүз діннің планетасына» айналуы ықтимал. Құдай бетін аулақ қылсын, мұның ақыры бір-бірімен; ымыраға келмейтін «діндер соғысына» негіз жасайды. Мұсылмандар мен христиандардың басы бірікпей, жер жәннаты саналып келген Ливанды қырғынға душар еткені әрбір елге сабақ боларлық еді ғой. Қазақстанға төнген экологиялық апат, ұлттық даму жолындағы қырсық аздай-ақ, енді жер бетіндегі барлық діндерге жол ашып қою құрдымға өз еркімізбен құлағанмен бірдей болмақ. Бұл біздің еліміздің космополиттік өлкеге айналдырғысы келетіндерге таптырмайтын мүмкіндік тудыратын тәсіл. Қазақстанды өздеріне мәңгілік кіріптар еткісі келетіндердің мұндай айла-амалына республика жұртшылығы тосқауыл жасамаса, істің аяғы насырға шауып кетуі мүмкін. Діндер «тасқынынан» сақтанудың ең сенімді жолы Орта Азия мен Қазақстан халықтарының дәстүрлі діні – исламды қайта жандандыру болмақ» [5].

Ел бірлігі – ең асыл қасиеттеріміздің бірі. Бұл бүгінгі тәуелсіз еліміз үшін аса маңызды мәселе. Бұл бүгін ғана емес ежелде, қазақ халқы ел болғалы басты мәселе болғаны тарихтан аян. Кешегі өткен жырауларымыз бен би, шешендерімізден қалған асыл сөздерден осыны ұғуға болады. Бұхар жырау, Төле би, Қазыбек би сынды қазақ халқының біртуар перзенттері ел бірлігі, ынтамағы жайында жырлап өткен. Бұл жөнінде бүгінде Елбасымыздан бастап, белгілі саясаткерлер. Ш.Мұртаза, Ә.Кекілбайұлы, Р.Бердібай жазушы-публицистер де өз шығармаларында жеріне жеткізе жазып жүр. Академик, түркітанушы – ғалым Р.Бердібай бұл жөнінде «Үш бірлік» атты публицистикалық шығармасында әдемі айтқан. Ғалымның пайымдауынша бүгін қазақ қоғамы үшін аса маңызды бірлік мәселесінің үш тағаны бар. Бірінші – қазақтың ішкі бірлігі, екінші елдегі түрлі ұлттың татулығы, дін бірлігі (мұсылман бірлігі), үшінші әлемдегі жалпы түрік халықтарының бірлігі. Осылардың ішінде ғалым қазақ алқының ішкі бірлігіне айрықша тоқталып, атап көрсетеді. «Ең негізгі мәселенің бірі – қазақ халқының ішкі бүтіндігін нығайту деп білеміз. Бұлай деп тұжырымдауымыз көлденең жұртқа тосын да естілуі мүмкін. Біз бұл арада «Бас жарылса, бөрік ішінде, қол сынса, жең ішінде» деген нақылды ұмытып отырған жоқпыз. Тарихтың ұзына бойында қазақ халқының шеккен қасіретіне рулардың, жүздердің алауыздығы қырсық болғаны зиялы жұртшылыққа мәлім. Елдің

есінен әлі де ұмыт болмаған баяғы «Ақтабан шұбырындыға» қазақ басы қосылмай, бет-бетімен ыдырап жүргендігінен душар болған. Сырт жаулар *АХМЕТ ЯСАУИ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ, №1, 2014*

осындай осал жерімізді біліп, оны өздерінің мақсатына ұтымды пайдаланып келген. Рушылдық, жүзшілдіктің кейде асқынып, бірде саябырлап отыруы да түрлі себептерге байланысты еді. Ел басына қауіп туған, дұшпандардан таяқ жеген кездерде халық бірлігі нығайып, қандай жауды да жеңіп отырған. Ал қасақы қара күш – жаулаушылардың беті қайтып, жұртшылықтың арқа-басы кеңейе бастаған кезде ішкі алауыздықтар қайтадан қозып, бірлікке іріткі түсірген» [6]. Осындай алтыбақан алауыздықты өршітетін, дүниеге өз руының ғана төбешігінен қарайтын басқа емес, көбінесе ел ішіндегі атқамінерлер «аңқауелге арамза молда» болатын «көзі ашық пысықсымақтар» болатын. Қазақтың ілгері басқан қадамын кейін тартқан, сау денесіне түскен дерт рушылдық, жүзшілдік емес пе? Бұл рухани мерезді, дертті Абай да барынша әшкерелеп жазды:

Оның:

Сабырсыз, арсыз, еріншек,  
Алтыбақан, алауыз,  
Сорлы қазақ сол үшін,  
Көрсеқызар жалмауыз,–

деп ашынып сөйлеуі қазақ қоғамын дендеген кеселдің қаншалықты асқынғандығынан хабар береді [7]. Сол секілді қазақ халқының тәуелсіздігі үшін отаршыл орыс империясына қарсы күрескен, аянбай айқасып арыстандай арпалысып өткен Кенесары Қасымұлының:

Қырда – Қоқан, ойда – орыс,  
Әкім болды қаласы.  
Кімнен таяқ жегендей,  
Біздің қазақ баласы?  
Алдырып жүрген дұшпанға  
Ауызының аласы, –

деген сөздері де тарих қатпарынан жеткен ғибратты да ой саларлық сөздер. “Алтау ала болса ауыздағы кетеді, төртеу түгел болса төбедегі келеді» деп бабаларымыз ел бірлігі жөнінде өте орынды айтқан. Төле би бабамыз «Жүзге бөлінгеннің жүзі күйсін» деп ұрпақтарына өсиет қалдырса, Қаз дауысты Қазыбек би «Біз үш жүз қазақ керіспейік, асылы бізге керіскен жөн емес» деп төңірегіндегілерді бір-бірін сыйлап, құрметтеуге шақырды. Әйтеке бидің мына сөзі де күнделікті өмірде басшылыққа алып жүретін негізгі қағидамыз болуы тиіс. «Егер де үш жүздің билікке таласуы тоқтамайтын болса, қазақ елі күйреуге ұшырап, басқа халықтың езгісіне түсіп, жуандардың жұдырығына жем болады». Ата-баба аманатына адал болу, өсиет ақылдарын іске асыру – басты парызымыз. Қазақтың даңқты перзенттері М.Шоқай, Б.Момышұлы, т.б. бұрығы даналарымыздан қалған мұндай ғибратты сөздерді көптеп келтіруге болады. Тарихтан тағлым алып, болашағымызды бағдар етуге мысал боларлық факторларымыз ел бірлігі төңірегінде, ұлт болып

ұйысуымыз тарапында да көп-ақ. Сонымен бірге, елдегі өзге ұлт өкілдерімен тату-тәтті тіршілік кешуіміздің де мәні де елдегі тұтастық пен бейбітшілік

*АХМЕТ ЯСАУИ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ, №1, 2014*

кепілі. 2010 жылы Қазақстан Еуропа Ынтымақтастығы Одағы елдерінің Саммитіне төрағалық етті. Сол Саммитте жасаған баяндамасында Елбасымыз ел саясатының басты бағыттарын айқындайтын «4 Т» формуласын ұсынды. Сол төрт «т-ның» бірі – толеранттылық, яғни төзімділік. Көп ұлтты, көп конфессиялы Қазақ елі өзге халықтардың наным-сеніміне, дініне құрметпен қарайды. Төзімділік танытады дегенге саяды. Қазақстандағы ұлтаралық татулық, халықтардың сенімі, тату көршілік қарым-қатынасының орнауы сөз жоқ, елбасы Н.Ә.Назарбаевтың сара саясатының жемісі. Екіншіден, қазақ халқының, ұлтының өзінің кең пейіл, дархан мінезі мен төзімділігінің нәтижесі деп білеміз.

Біз қазіргі күні экономикалық жетістіктерді, әлеуметтік игіліктерді, саяси тұрақтылық пен мәдени өркендеуді бастан кешіріп отырмыз. Елдің қол жеткен табыстарына, біздегі орын алған татулық пен түсіністік жағдайларына әлемдік өркениет қызғушылық танытуда... Әрине, дос сүйсініп, дұшпан қызғана қарайтын жетістіктер оңайлықпен келіп жатқан жоқ. Бұл – ең алдымен қазақ халқының өз ішіндегі ауызбіршіліктің, жалпы, қазақстандықтардың ынтымақтастығы мен бірлігі арқасында жетіп отырған игілікті нәтижелер. Еліміздің басты қорғаушы күші – қоғамдық келісім мен этносаралық үйлесімді – сақтау Қазақ елінің алдында тұрған басты міндет болып табылады.

Мемлекетіміздің басшысы Нұрсұлтан Назарбаев биыл қабылданғанына он алты жыл толғалы отырған Ата Заңымыз жөнінде былай дегені бар еді: «Егемен еліміздің мемлекеттілігін, тәуелсіздігін, демократиялық құндылықтарын айғақтайтын бірден-бір құжат бұл – Конституция. Ата Заңымыздың алдында ала-құласы жоқ бәріміз де бірдей жауапты, бәріміз де бірдей міндеттіміз!» Расында да, біздің Конституция отандастарымыздың құқын қорғауды мақсат етеді, тағы бір маңыздысы азаматтардың қоғам, ел алдындағы жауапкершілігі мен міндеттерін айқын белгілеп берді. Ел халқы Конституция талаптарына адалдығы және ондағы міндеттерді ойдағыдай жүзеге асыру арқасында қысқа уақыттың ішінде мемлекеттігін нығайтты, тәуелсіздігін тұрлаулы етті.

Ата Заңымыз тұтастықтың, татулықтың кепілі болғандықтан Қазақстан халқы түсіністік, достық жағдайында өмір сүріп келеді. Статистика деректері бойынша, елде 140 этнос пен 46 діни қауымдастық бар екендігі белгілі. Осылардың арасында ешқандай да келіспеушілік, араздық жоқ. Олар Қазақстанды ортақ Отанымыз деп санайды. Елімізде он бір тілде газет-журнал жарық көріп отыр. Олар ағылшын, неміс, әзірбайжан, корей, ұйғыр, өзбек, татар және басқа да тілдерде. Театрлар алты тілде өнер көрсетіп жүр. Олардың барлығын мемлекет өзі қаржыландыруда. Осындай өнегелі істі әлемдегі өзге мемлекеттерден кездестіру қиын. Осының өзі арамыздағы өзге

ұлт өкілдерінің тілі мен дініне, мәдениеті мен өнеріне деген қамқорлық нышаны.

Бас құжатымыз Ата Заңның бірінші бабының өзінде басты құндылық ***АХМЕТ ЯСАУИ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ, №1, 2014***

---

ретінде адам, оның өмірі мен еркіндігі атап көрсетілді. Адамды басты орынға қойған мемлекетімізде адамға қамқорлық жасауда игілікті шаралардың жүзеге асырылып жатқанына куә болып жүрміз.

Ел ішіндегі ұлтаралық татулықты нығайтуда маңызды конституциялық орган болып саналатын Қазақстан халқы Ассамблеясының орны айрықша екенін атап өту парыз. Бұл Ассамблея – бейбітшілік пен келісімді тиімді насихаттаушы қоғамдық институтқа, этносаралық және конфессияаралық толеранттылықтың қазақстандық үлгісінің негізіне айналды. Қазақстанның Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық ұйымына төрағалығы, Астана қаласында мемлекет басшыларының Саммитін өткізуді дүниежүзінің қолдауы мемлекетіміздің Конституция негізінде жүргізіп отырған салиқалы саясатының бір көрінісі десек артық емес.

«Ел бірлігі – ең асыл қасиет» – деп қорытындылай келгенде, қазақ халқының осынау тарихи сүргіннен аман шығып, азаттықтың арайлап ақ таңын көру маңдайына жазыпты. Мұны тағдырдың сыйы десе де болады, ата-бабаның нақақ төгілген қаны мен көз жасының өтеуі десе де болады. Демек, бүгінгі жер басып жүрген қазақтар үшін тәуелсіздікті қастерлеп, азаттықты ардақтап, сол жолда Отанның мерей-мәртебесін өсіруге ынтымағын нығайтып, дәулетін арттыруға үлес қосудан артық, ұлы мұраттан өзге ешнәрсе болмауы тиіс. Егемен қазақ елі өзінің аумақтық тұтастығы нығайып, халықтың жүрегіне сенім көңіл-күй ұялады. Реформа мен демократияны шыңдай түсетін жасампаз тарихи сана қалыптасты. Осының бәрінің тұғыры болып табылатын және болашаққа сеніммен қарайтын қазақстандықтардың ауызбірлігі нығаюда алдағы өмір жолының бұдан да мазмұнды, бұдан да үйлесімді болатынына сенімі мол. «Біздің ұлы мақсатымыз – этникалық шығу тегімізге қарамай бірігіп, Даңқты Ұлтқа айналу және қолымызда тұрған ең бағалы құндылық – егемен, тәуелсіз Қазақстанды көзіміздің қарашығындай сақтап, болашақ ұрпаққа аманат ету. Ол үшін біз әлі күнге дейін ынтымағымызға кедергі келтіретін болымсыз істерден және қолдан жасалған кедергілерден арылуымыз керек» [8].

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Әбушәріпұлы С. «Этнос: Табиғи және тарихи сипаты» – Түркістан: Тұран, 2012. – 298 б.
2. Көкіш Р. Егемен Қазақ елі. – Тараз: «ЖШС Рысбаева и Ко», 2009. – 34 б.
3. Бұдак Ф. Қазақстан өткені, бүгінгі мен ертеңі – Анкара: Билиг, 2000. – 59 б.
4. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан-2050» – стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты //Егемен Қазақстан. – 2012, 14 желтоқсан.
5. Бердібай Р. Үш бірлік. //Түркістан. – 2004, 18 наурыз.
6. Бердібай Р. Байқалдан Балқанға дейін. – Алматы: Қазақстан, 1996. – 235 б.

7. Абай. Шығармалар жинағы. – Алматы: Атамұра, 2000. – 55 б.

8. Таубаев Б. Елбасының ел бірлігі доктринасы – ұлтаралық татулықтың негізі //http://thenews.kz/

*АХМЕТ ЯСАУИ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ, №1, 2014*

---

#### РЕЗЮМЕ

В статье говорится о путях усиления единства независимого казахского народа. В Казахстане живут представители многих национальностей, поэтому сохранение спокойствия и мирного сосуществования есть гарантия нашего светлого будущего. Необходимо приложить все усилия для сохранения независимости, единства и мира в нашей стране путем создания условий, необходимых для развития социума, науки, культуры и экономики на пути восхождения многонационального Казахстана в число лучших стран мира.

**(Жусипова Н. Укрепление единства народа – главный принцип многонационального Казахстана)**

#### SUMMARY

The article is about ways to strengthen the unity of the independent Kazakh people. There are many nationalities in Kazakhstan, so keeping quiet and peaceful co-existence is the guarantee of our bright future. We should make every effort to preserve the independence, unity and peace in our country by creating the conditions necessary for the development of society, science, culture and the economics on the path of ascension multinational Kazakhstan one of the best countries in the world.

**(Zhusipova N. Consolidation of people's unity is the main principle position of multiethnic Kazakhstan)**

ӘОЖ 741.672

**Қ.Е.ЕРАЛИН**

педагогика ғылымдарының докторы, профессор  
А.Ясауи атындағы ХҚТУ

**Ғ.Қ.ЕРАЛИНА**

педагогика ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы

### **ҚАЗАҚ КОСТЮМДЕРІНІҢ ДӘСТҮРЛІ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ҮЛГІЛЕРІ**

*Мақалада қазақ халқының ұлттық киімдерінің әлемдік көркем мәдениеттен алатын орнын анықтау, ежелгі, дәстүрлі және қазіргі костюмдердің айырмасын, жалғастығын көрсету мақсаты көзделді. Қазақтың ұлттық костюмдері туралы шетел этнограф-суретшілері салған бейнелері, ежелгі киім үлгілерінің көне нұсқалары, археологиялық қазба жұмыстарының негізінде табылған алтын адам киімі, қазақ арулары мен батырларының дәстүрлі киім үлгілері, Ш.Уәлиханов салған Боранбай, Тезек төренің ұлттық киімдері, «Абайды оқығанда» атты көркем графикадағы ерлер мен әйелдердің, байлар мен сұлтандардың, сал-серілердің мерекелік киім үлгілері, қазақ эпосындағы Гүлбаршын, Құртқа, Баян сұлу, Айман-Шолпан, Қыз Жібек сынды сұлулардың киімдері алғашқы нұсқа ретінде ұсынылады. Егеменді Қазақстан дизайнерлері Б.Асанова, Қ.Нұрқаділова, Б.Исмайлов, А.Қауменова А.Бапани, Ж.Сахиева, Л.Жағамбаевалардың ұлттық салт-дәстүр мен көркемдік дәстүрге негізделген киімдерді дизайнерлік жобалау бағыттары анықталады.*

*Кілт сөздері: ежелгі костюм, дәстүрлі костюм, қазіргі костюм, киім үлгілері.*

Әлемдік өркениеттің дамуындағы қазақ мәдениетінің, оның ішінде қазақ халқының ұлттық киімдерінің орнын анықтау маңызды өнертанымдық мәселе болып табылады. Қазақ костюмі ұлтымыздың көркем мәдениетінен ерекше орын алатын бұйым. Қазақ костюмдері халықтың тұрмыстық қажеттіліктеріне байланысты туындаған, адамды ыстық пен суықтан қорғауға, әсем етіп көрсетуге арналған мүмкіндік пен шеберлер еңбегінің нәтижесі ретінде танылады. Біз ақсақалын ардақтаған салт-жоралғысын салмақтаған жұрттың ұрпағымыз. Қазақтың ұлттық костюмінің қалыптасуы мен дамуы зерттеудегі маңызды мәселе қазақ киімінің ежелгі формаларының үлгілерін табу мен оның көркемдік ерекшеліктерін өнертанымдық тұрғыда тану, оларды әлем халықтарына таныстыру, даму жолдарын көрсету –

табылады. Қазақтың ұлттық костюмдері, қысқы, жазғы, көктемгі және күзгі болып, ерлер мен әйелдер киімдері, балалардың, қыз бен жігіттің киімдері болып бөлінеді. Сонымен қатар батырлар мен аңшылардың, салтанат пен мереке киімдері болып жіктеледі. Қазақ костюмдері туралы шетел этнограф-суретшілері Н.Аткинсон, В.Краплет, А.Мартов, Е.Стасовтардың салған суреттерінен иллюстрацияларынан, графикалық туындыларынан қазақтың ежелгі киім үлгілерінің көне нұсқаларын байқауға болады. Мұнан соңғы көне үлгілер, Пазырық қорғанынан табылған алтын адамның киімі де бізге сол кездегі ежелгі киім үлгілерін елестетеді. Бірқатар киім үлгілерінің ежелгі нұсқаларының көріністері археологиялық қазба жұмыстарының негізінде табылған білезік, қапсырма, т.б. алтын мен күмістен жасалған әшекей бұйымдардан да адам бейнесін және сол бейнедегі ежелгі киім үлгілерін байқау қиын емес [1].

Қазақ арулары мен батырларының дәстүрлі киімі үлгілері қазақтың батырлар жырларында шеберлікпен сомдалған. Бұл жырларға арқау болған Айман - Шолпан, Қыз Жібек, Құртқа, Гүлбаршын киген ұлттық киімдерде қазақ сұлуларының қайталанбас бейнелері асқақтата көрсетілген. Сол сияқты Алпамыс, Қобыланды, Ер Тарғын, Төлеген сынды батырлардың сипаттаған киімдері ұлттық көркемдік дәстүр үлгісін көрсетеді. Қазақ арулары мен батырлары киімдер үлгісінің бірқатары Ә.Қастеев, Е.Сидоркин, К.Баранов, Қ.Телжанов, Т.Ордабеков сынды көрнекті суретшілердің өнертанымдық, көркем шығармашылық бағыттағы ізденістерінің нәтижесі болып табылады. Көне ұлттық киім үлгілерін қазіргі тарихи-өлкетану және өнер мұражайларынан көруге болады. Қазақ жерінде айдауда болған жылдары шетел суретшілерінің бірқатар суреттері өмір шындығынан алынған шынайы суреттер салумен айналысқан. Украинаның ковзори, суретші Т.Шевченко қазақ жерінде ересек адамдармен қатар балалардың суреттерін салған. Ол суреттерден қазақтардың күнделікті киетін тұрмыстық және шаруашылық киімдері шынайы бейнеленген. Поляк суретшісі К.Залецкийдің қазақ жерінде он сегізінші ғасырда болған кездегі салған суреттерінен де қазақ халқының ұлттық костюмдерінің үлгілерін көруге болады [2]. Қазақтың көрнекті ғалымы, этнограф, зертеуші Ш.Уәлиханов кезінде Боранбай, Тезектөре портреттерінде ер адамдардың ұлттық киімдегі көріністері бейнеленген. М.Әуезовтің «Абай жолы» романында Абайдың, Құнанбайдың, Айғанымның тағы басқа да көптеген кейіпкерлердің киім үлгілеріне тартымды суреттеме берген. Осы роман кейіпкерлерінің көркем образы халық суретшісі Е.Сидоркиннің «Абайды оқығанда» атты көркем графикалық шығармасында шынайы көрсетілген. Мұнда ерлер мен әйелдердің, байлар мен сұлтандардың, сал-серілердің мерекелік киім үлгілері шынайы бейнесімен көз тартады. Қазақ арулары мен батырларының, сал-серілерінің, би болыстарының ұлттық костюмдерінің көне үлгілерін анықтауда, кино мен театр өнері сурет шеберлерінің орны бөлек. Солардың ішінде Ш.Аймановтың «Қыз Жібек»

Қыз Жібек пен Төлегеннің, Шеге мен Қаршығаның, жауынгерлер мен арулардың киім үлгілері сол уақыт тыныс тіршілігінен хабардар етіп, көрушіге ерекше әсемдік сезімін сыйлайды. Сондай-ақ «Көшпенділер» фильміндегі жауынгерлердің киім үлгілері бабаларымыздың ерлігімен қатар әсемдік талғамын жоғары болғанын паш етеді. «Ақан сері» фильміндегі сал-серілердің киім үлгілері ұлттық костюм жасаудағы қазақ шеберлерінің жоғары талғам иесі болғандығын айғақтайды. Сонымен қатар даңқты суретші Қ.Телжановтың «Көкпар», белгілі суретші А.Тұрсыновтың «Аударыспақ» атты кескіндемелік шығармаларында ұлттық ойындарға қатысқан ер жігіттердің киімдері, қазақтың басқа да дәстүрлі киім үлгілері молынан көрініс табады.

Қазақ халқының көрнекті ғалымы Ә.Марғұлан қазақ костюмін жинап, зерттеуге үлкен үлес қосқан. Оның қазақ халқының ежелгі костюм үлгілерін жинап, оларды жүйелеп, көркемдік ерекшеліктерін танып білу үшін көпшілік қауымға ұсынған альбомы бар. Бұл еңбек дәстүрлі қазақ костюмдерінің түрлерін, формаларын, түстері мен композициялық шешімдерін, көркем безендіруі мен қолданылған материалдар арсеналын танып білуге толық мүмкіндік береді. Ә.Марғұланның еңбектерінде қазақ даласында ісмерлермен қатар киімді тігуді жоғары дәрежеде меңгерген тігіншілердің болғанын дәлелдейді. Олардың қатарында балалардың киімдерінен бастап, салтанат киімдеріне дейін пішіп, тігіп халыққа қызмет еткен бірқатар шеберлердің есімдері атап көрсетілген. Бай қазақтар тек қана тапсырыс берушілер болған, орындалған жұмыстың ақысын олар шеберге малмен немесе мал өнімдерінің азық-түлігімен төлеген. Ең бағалы да қымбат киімдер хандар, сұлтандар және бектерге арнап тігілген. Қазақ халқының ұлттық киімдерінің көркемдігі денеге қонымдылығымен, өлшемдерінің дене мүшелеріне сәйкестігімен, түр-түсінің тұтыну мазмұнымен, сұраныспен байланыстылығымен сипатталады. Қазақтың дәстүрлі киімдерін зерттеп, олардың көркемдік ерекшеліктерін, өзі жасаған эскиздерінде шебер көрсете білген ерекше тұлға, қазақтың тұңғыш рет әйелдер арасынан шыққан суретші А.Ғалымбаеваның есімімен байланысты. Ол өзі жасаған дәстүрлі қазақ ұлтының киімдерінің эскиздер жинағын альбом етіп шығарған. Көпшілік қауымға арналған бұл эскиздер жинағы, қазақ халқының ұлттық киімдер үлгісін жан-жақты көрсете алатын мүмкіндігі бар жұмыс нәтижесі. Бұл еңбек қазақ халқының дәстүрлі ұлттық киімдерінің дамуына үлкен ықпал етіп, танымдық міндетті қазірге дейін атқарып, келе жатқан өміршең еңбек.

Қазақ сән үлгілеріндегі ерекше костюм - бойжеткеннің киімі. Қазақтың сұлу қыздары кестелі ою-өрнектермен көмкерілген, асыл тастармен безендірілген сәукеле, қамзол, қос етек көйлек пен аяқ киім бойжеткеннің бет-әлпетіне ерекше ажар беріп, дене келбетін ерекше көріктендіріп, тартымды ете түскен. Ұлттық костюмнің дизайнерлік жобасын жасау үдерісінде қазіргі шеберлер халықтың салт-дәстүріне, ырым-тыйымдарына



деп, білезік тағып жүрген. Сақина, сырға тіл көзден қорғауға қолданылған, ерлер көлемді үлкен жүзік таққан. Бұл аталғандар ұлттық киімнің қосымшасы ретінде қабылданған. Қалыңдық киімін оның шашбау, алқа, білезік, қапсырма, сақина, сырға сияқты аксессуарлардан бөліп қарауға болмайды. Мұны ұлттық костюмінің сән үлгілерін жасауда қолданылатын ұстаным ретінде тануға болады. Қазақ эпосындағы Гүлбаршын, Құртқа, Баян сұлу, Айман-Шолпан, Қыз Жібек сынды сұлулардың бет жүзі мен дене сұлулығын асқақтатып көрсететін бірлік олардың әдемі пішіліп, әдемі тігілген киімдерімен қатар алтын мен күмістен жасалған безендіру элементтері болған. Батырлар жырларындағы ақындар мен жыраулардың суреттеген қазақ сұлуларының киген киімдері, ежелгі қазақ қыздарының дәстүрлі киімдерінің сән үлгілері ретінде тануға болады. Бұл аталған көрсеткіштерге киімді безендіруге қолданылатын ою-өрнектер, қамзолға тігетін қапсырма, бас киімге тағатын үкі, киім жағасына қолданатын, бөрік жиігіне тігілетін қымбат бағалы аң терілері қазақтың дәстүрлі киіміне ерекше сән беріп тұрған. Қазақ халқының көрнекті суретшілері халық мұрасын зерттеу нәтижесінде ұлттық костюмдер эскиздерін көптеп жасаған. Бұлардың қатарында кинофильмдер мен сахна актерлеріне арнап жасалған суретші С.Романовтың «Құлагер» атты эскизін, суретші Г.Исмайлованың «Қыз Жібек» фильміне арнап салған ұлттық костюм эскиздерін айту орынды. Қазақ костюмінің дамуына ерекше үлес қосқан кино мен театр суретшілері болды. Олардың ішінде Г.Исмайлова, Ә.Исмайлов, С.Романов, А.Ғалымбаевалардың есімдерін ерекше атауға болады. Олар батырлардың, сал-серілердің, абыз аталар мен абзал аналардың костюмдерінің эскиздерін жасауы, олардың қазақ сән өнеріне қосқан ерекше үлесі ретінде танылады.

Егеменді Қазақстан кезеңі қазақ костюмінің дамуына жол ашқан белгілі кезең. Бұл кезеңде ұлттық костюм тарихын зерттеуге, халықтың киім үлгілерін жаңаша жасауға, оларды этнодизайнерлік жобалауға көңіл бөлінді, киім дизайнерлерін даярлау ісі қолға алынды. Қазақ елінің билері мен хандары және сұлтандарының кескіндемелік, мүсіндік портреттері жасалды. Томирис пен Атилла бейнесі жасалды, ұлттық теңге бетіне қазақ елінің даңқты қоғам қайраткерлерінің портреттері салынды. Егеменді Қазақстан кезеңіндегі қазақ костюмінің дамуы өзіндік ерекшеліктерімен сипатталатын кезең болып табылады. Еліміздің егемендік алуы, қазақ костюмінің дамуына жол ашты. Ұлттық костюмдердің даму тарихын зерттеу басталды, халықтың киім үлгілерін жаңаша жасаған жобалары пайда болды, кәсіби киім дизайнерлерін даярлау ісі дами түсті. Қазақ ою-өрнек шебері Ғ.Иляев, С.Қасиманов, С.Төленбаев, М.Өмірбекова, Ұ.Әбдіғаппаровалар жасаған ою-өрнектер үлгісі, ұлттық киімді безендіру ісінде кеңінен қолданыла бастады.

Қазақ костюм тарихының дамуына үлес қосқандардың қатарынан мәдениеттанушылар ерекше орын алады. Бұлардың қатарынан С.Қасиманов, Х.Арғынбаев, М.Мұханов, Т.Тәжімұратов, Ғ.Иляев, С.Төленбаев,

костюмдердің көркемдік ерекшеліктерін қоғам дамуымен байланысты қарастырып, олардың ерекшелігін ашуға үлкен үлес қосты. Ұлттық костюмді қалпына келтіру, дизайнерлік жоба жасауда қолдану, дизайнның кәсіби мамандарын даярлау ісі жалғаса түсті. Ұлттық кәсіби киім дизайнерлерін даярлау ісіне Г.Ибрайшина, С.Асанова, Б.Оспанов, С.Жолдасбекова, Е.Асылханов, С.Бейсенбаев үлес қосты. Қазақтың дәстүрлі костюм үлгілерін заманауи талаптарға сай қайта жаңғыртуда, оқу әдістемелік құралдар даярлауда киім дизайнері С.Асанова еңбегі ерекше болды [3]. Ұлттық костюмнің дамуына қазіргі қазақ дизайнерлері жаңа технологияларды шеберлікпен қолдануымен, ұлттық салт-дәстүрге құрылған композициялық ерекше үлгілерді өмірге әкелуімен, қазақстандық дизайн кеңістігінде көрнекті орын алады. Олардың дизайнерлік жобаларында ұлттық ою-өрнектермен, асыл тастармен өрнектелген кестелер, жартастағы таңбалар, салт-дәстүрлер көріністері, көркемдік безендіру элементі ретінде кең көлемде қолданыс тапқан. Көптеген дизайнерлер ән мен би ансамбльдеріне арналған костюмдерге эскиз салуда. Қазақ дизайнері Балнұр Асанова шығармашылығы классикалық костюм, препопрте үлгілерін жасап, салтанат киімдеріне кесте, шынжыр, біз кесте қолданумен ерекшеленеді. Құралай Нұрқаділова шығармашылығы ою-өрнектермен безендірілген ұлттық киім, күнделікті киім, мектеп формасын жасауға бағытталса, Берік Исмайлов шығармашылығы әншілер мен бишілерге сахна киімдерін тігуге бағдар ұстайды. Аида Кауменова шығармашылығы әншілердің сахна киімдерін ұлттық стильде жобаласа, Айя Бапани шығармашылығы жүннен ұлттық костюмдер тігіп, оған кестені безендіру элементі ретінде кең қолданады. Жадыра Сахиева шығармашылығы сахна киімдері мен бишілер костюмдерін жобалау, Лария Жағамбаева шығармашылығы ұлттық костюмді жобалау бағытын ұстайды. Белгілі әншілер Б.Төлегенова, Р.Рымбаева, М.Жүнісова, М.Илиясова, Г.Оразымбетова, М.Садуақасова, А.Жорабаева, А.Иманбаевалардың сахналық костюмдері, осы аталған киім дизайнерлердің ұлттық сән үлгісін негізге ала отырып жасаған, этнодизайнерлік жобаларының материалда орындалған тігу нәтижесі болып табылады.

Қорыта айтқанда қазақ ұлттық киімдерінің үлгілерін іздеу, табу және оларды сараптау бізге әлемдік көркем мәдениеттен қазақтың дәстүрлі және қазіргі костюмдерінің алатын орнын анықтауға, ежелгі, дәстүрлі және қазіргі костюмдердің айырмаларын көрсетуге мүмкіндік туғызды. Қазақ ұлттық костюмдері туралы мәліметтер шетел этнограф-суретшілері салған суреттерінен, археологиялық қазба жұмыстарының негізінде табылған материалдардан, Ш.Уәлиханов салған графикалардан, әдеби шығармалардағы сипатталған дәстүрлі костюмдердің көркем көріністерін негізге алуға болатыны айқындалды. Қазақтың дәстүрлі киімдерін дизайнерлік жобалау барысында ерлер мен әйелдердің, байлар мен сұлтандардың, сал-серілердің, жыраулардың, сұлу бикештердің киім үлгілері, қазақ эпосындағы Алпамыс,

Ер Тарғын, Қобыланды, Қамбар батыр бейнелелері, Гүлбаршын, Құртқа, Баян сұлу, Айман-Шолпан, Қыз Жібек сынды сұлулардың киімдерін негізге алуға болатыны көрінді. Қазақ дизайнерлері жобаларында ұлттық салт-дәстүрге құрылған дизайнерлік жобалау бағыттарына басымдық берілгені белгілі болды. Қазақ ұлттық киімдерінің түпнұсқаларын табу мен костюм дизайнының дамуын зерттеу бізге қазіргі костюмнің болашағын айқындауға бағыт-бағдар беріп, оның жалғастығын табу жолдарын көрсетеді.

#### **ӘДЕБИЕТТЕР**

1. *Ералин Қ.* Қазақстан бейнелеу өнері. – Түркістан: Тұран, 2009. – 220 б.
2. *Ералин Қ., Ералина Ф.* Дизайн негіздері. – Түркістан: Тұран, 2013. – 122 б.
3. *Асанова С.* Қазақтың ұлттық киімдері. – Алматы: Атамұра, 1995. – 160 б.

#### **РЕЗЮМЕ**

В статье раскрываются вопросы древнего и традиционного образца казахского костюма. Указываются основные источники для создания этнодизайнерского проекта по современному казахскому костюму. Определяются некоторые качественные показатели в процессе создания проекта этнодизайнерской новой изделий.

**(Ералин К.Е., Ералина Г.К. Традиционные и современные образцы казахского костюма)**

#### **SUMMARY**

In the article questions of old and traditional standard of the kazakh suit are considered. Basic sources for creation of designer project on modern kazakh suit are indicated. Some quality indexes in the process of creation of project. Ethno-design new wares are determined.

**(Yeralin K.E., G.K. Old and Traditional Standards of the Kazakh Suit)**

ӘОЖ 646.302

**Е.АУЕЛБЕКОВ**

педагогика ғылымдарының кандидаты,  
Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ-нің доценті

**Б.КОЖАМКУЛОВА**

Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ-нің магистранты

### **ЭТНОДИЗАЙН МЕН СӘНДІК-ҚОЛДАНБАЛЫ ӨНЕРДІҢ ИНТЕГРАЦИЯСЫ**

*Қазіргі білім сапасын арттыру барысында интеграцияланған білім берудің қажеттілігі мен маңыздылығы арта түсуде. Қазақтың сәндік-қолданбалы өнері сияқты қазіргі этнодизайнның да ою-өрнектерсіз мазмұны ашылмайды әрі мәні мен сипаты, тұрпаты мен сымбаты айқындалмайды. Этнодизайн шығармашылық үдеріс ретінде интеграцияланған терең білімге негізделеді. Осыған сәйкес, болашақ бейнелеу өнері мамандарының этнодизайнерлік білімдері де өнертанудың интеграцияланған мазмұнын құрауы тиіс. Қолөнер шеберлерінің іс-әрекеттері мен этнодизайнерлердің қызметі мазмұн жағынан да, практикалық іс-әрекет жағынан да ұқсас. Этнодизайндағы көркемдік ерекшеліктердің бірі – халықтық салт-санамен интеграциялық байланыста болуы.*

*Кілт сөздері:* сәндік-қолданбалы өнер, этнодизайн, ою-өрнектер, интеграция, көркем дүниетаным.

Қазақ халқы – рухани зор байлықтың мұрагері. Өзінің өрісі биік, сан-салалы өскелең мәдениеті мен өнері арқылы бүкіл әлем мәдениетінде, өнерінде өзіндік орны нақтылады. Оған куә - 2010 жылы Берлин қаласында өткен бүкіл дүниежүзілік мәдениет және өнер көрмесінде Қазақстанның өнер және мәдениет бойынша көрмесінің бірінші орын алуы. Сол сияқты Астана қаласында өткізілетін ЭКСПО-2017 көрмесі де еліміздің экономикалық, техникалық, жетістіктерімен бірге ұлттық сәндік-қолданбалы өнердің де қайталанбас үлгілерін әлемге паш етуге бағытталған тарихи сахна болмақ.

Педагог-ғалым Ж.Балкенов қолөнер шеберлері мен этнодизайнерлердің шығармашылық қызметін салыстыра қарастыруға көңіл бөлген. Ол қолөнер шеберлерінің көркем бұйым жасаудағы іс-әрекет кезеңдері болатындығын көрсетті. Яғни, ұлттық бұйымның үлгісінің болуы, материал дайындау, үлгі өлшемдерін алу, бұйым бөлшектерінің формаларын дайындау, оларды құрастыру, бекіту, безендіру жұмыстарын орындау, жұмысты аяқтау кезеңдеріне бөлінетіндігін анықтады. Қолөнер шеберлерінің іс-әрекеттері мен этнодизайнерлердің қызметі мазмұн жағынан да, практикалық іс-әрекет жағынан да ұқсас. Бұлардың екеуі де ұлттық бұйымды жасаумен айналысады, ұлттық көркемдік дәстүрді жалғастырушылар ретінде танылады. Этнодизайнерлердің ерекшелігі – жобалау үдерісінде дизайнның заңдылықтары мен ережелерін

қызмет үдерісінде басшылыққа алып, жаңа технология жетістіктерін жұмыс үдерісінде қолдануы.

Этнодизайн бұйымдарының көркемдік ерекшеліктерінің бірі – халықтық салт-санамен байланыста болуы. Яғни, белгілі бір этнодизайн бұйымы сәндік-қолданбалы өнер туындысы сияқты халықтық сипатымен анықталады. Бұлар белгілі бір халықтық ерекшеліктерді көрсетеді. Олар ұлттық киім, ыдыс-аяқ, киіз үй, ою-өрнек, кілем, алаша, бау, басқұр, ер-тұрманға, т.с.с. байланысты форма немесе ою-өрнек көріністерін айқындайды. Тұрмыстағы қолданыс сипатын ашып, тұтынудағы мәнін көрсетеді. Бұл жерде қолөнер шеберінің немесе этнодизайн маманының қай ұлттан екендігіне назар аударылады.

Қазақ жерінде бізге дейін жеткен тас бетіндегі суреттер, тас мүсіндер, сәулет мұралары, қол-өнер туындылары, ою-өрнектері, т.б. қазақтың ұлттық өнерінде айрықша орын алады. Қазақтың сәндік-қолданбалы өнері сияқты қазіргі этнодизайнның да ою-өрнектерсіз мазмұны ашылмайды әрі мәні мен сипаты, тұрпаты мен сымбаты айқындалмайды. Қазақ өнеріндегі ою-өрнекке толы қол өнерінің туындылары – жас ұрпаққа эстетикалық тәрбие берудің, ой-өрісін кеңейтіп, көркем дүниетаным қалыптастыруға көмектесетін мол қазыналарының бірі деп есептеледі. Қазақтың ою-өрнектері - қазақ халқының ғасырлар бойы тұрмыс-тіршілігін, шаруашылық түрлерін, ой-санасын, дүниетанымын білдіретін күрделі өнер түрі және келешек ұрпаққа қалдырған мәдени мұрасы. Ал енді ою-өрнектердің жалпы тарихына қысқаша тоқталсақ, олардың әртүрлі халықтарда әрқилы мақсатта қолданылып, дамығандығын байқаймыз. Мәселен, Грецияда ою-өрнектерді пайдаланғанда заттың негізгі формасындағы ерекшелік қасиеттерді көрсетуге, жалпы тұтастық заңдылықты қолданып, оны үлгі ретінде қалдырған. Римдіктер ою-өрнектерді қолданудың пайдалы жағын іздеп, оларды сымбаттылықтан гөрі жақсы жағдай мен байлықты көрсету үшін кең қолданған. Қытайлықтар ою-өрнек арқылы сәулет өнерін дамытуды мақсат етіп алған. Олар ою-өрнектерді өнеркәсіпте қолданып, ұлттық көркем сурет өнерінде әсіресе фарфор ыдыстарын әшекейлеуде кең қолданған. Парсылар өрнектер мен оюларды монументті құрылыста қолданып, өсімдіктер, жан-жануарлар сюжетін пайдалану арқылы жасап, табиғатпен тілдесу мағынасында пайдаланса, үндістер ою-өрнектерді күміс немесе алтын фольгалардан жасап қолданса, Шығыс Орта Азия халықтары араб өнерінде курсив жазуын ою-өрнек ретінде әрі құранды дәріптеу, насихаттау мақсатында қолданған. Кейбір ою-өрнектердің ерекшеліктері олардың түстерінде болды. Мысалы, Ирландия ою-өрнегінің ерекшелігі түстік шешімдерінің қара және жасыл түсті болуында болды. Ирландия ою-өрнектері таспалық оралымда, геометриялық фигуралармен, тузу немесе бір-бірімен байланыста көлбеу немесе шиыршық түрінде көрініс береді. Византия өнер стилі грек-латындық болып, көптеген халықтардың ең бай, көркем ою-өрнектерінің тоғысқан стилін тудырды. Орыстардың ою-өрнек кескіндемесі жінішке иректер, үлкен жапырақтар және қанық түсті гүлдерге толы әрі олар шығыстық түрткілерді, макамды еске түсіріп тұрады.

Қазақстан жерінде қола дәуірінде өмір сүрген тайпалар тұрмыстық бұйымдар, қарулар, еңбек құралдары мен сәндік заттарды жасауда, сонымен бірге құю, жону, өрнектеу сияқты техникалық тәсілдерді жақсы меңгеріп, заттарға өрнек,

оюлар салған. Қазақ халқының мал шаруашылығымен шұғылданып, көшпелі өмір салтын құруы барлық қазақ ою-өрнектерінің мазмұнында көрсетілген. Әйгілі «Қошқар мүйіз» оюының нақты қошқардың мүйізінің бейнесін анықтап, қазақ ой-тұжырымында байлық-берекенің, дәулет пен ырыстың белгісін білдіруі де осыны дәлелдейді. Ә.Марғұланның, Қ.Ақышевтың, т.б. ғалымдардың еңбектерінде қола дәуіріндегі бұйымдарда бейнеленген белгілер мен таңбалардың XVII-XIX ғ. қазақ халқының колөнерінде кездесетін ою-өрнектерге өте ұқсас екендігі дәлелденген [1].

Сол сияқты Ә.Жәнібеков аспан әлеміне байланысты ою-өрнектерді зерттеп, сақ дәуірінен келе жатқан дөңгелек, төрт құлақ, қосу, шимай ою-өрнектің пайда болуына негіздеме беріп, шенбердің – әлемдік кеңістікті, төрт құлақ – төрт құбыланы, шимайдың – тынымсыз қозғалысты білдіретіндігін анықтады [2].

Қазақ халқының ою-өрнектерінің тарихын қазақ ғалымдарының ғылыми түрде саралай бастағанына да көп уақыт бола қойған жоқ. Біздің төл өнерімізді зерттеуге басқа елдердің ғалымдары мен жиһангездері де елеулі үлес қосты. Мысалы, Еуропада В.Вопсалов, А.Хедона, саяхатшы Дженкинсон, Р.Карутц, С.Дудин, В.Радлов, М.В.Рындин, т.б. қазақтың ою-өрнектерін ғылыми тұрғыдан талдап, шығу тегіне сипаттама беруге тырысқанымен, олардың жасаған тұжырымының бәрі де қазақ ою-өрнектерінің ішкі ұлттық табиғатын, мазмұнын аша алмаған еді. М.Ш.Өмірбекованың шығарған «Қазақ ою-өрнектері» атты жаңа энциклопедиясына мыңнан астам ою-өрнектің ежелгі және осы заманғы түрлері енгізілген. Онда қазақ ою өнерінің басқа халықтардан ерекшеліп тұратын айрықша белгі екендігі, оның тайға таңба басқандай дара тұратындығы айқындалған. Сол сияқты, қазақ оюының мәні мен маңыздылығына тоқталған кейбір шетел өнер зерттеушілерінің пікірлері де айтылады. Мәселен, қазақ халқының тек ою-өрнек әлемінде өмір сүретін халық екендігін (В.Чеплев), Азияны, қазақ жері үлкен этнографиялық музейге теңелетіндігін (А.С.Фелькерзам) т.с.с. деп атап өтеді [3]. Яғни, қазақ халқының төл өнері – сәндік колөнерін, ондағы ою-өрнектердің сырын ұғуға басқа халықтардың өнер зерттеушілерінің барынша ден қоюында да үлкен мән бар. Сондықтан сәндік-қолданбалы өнерге тиесілі терең тарих пен үлгі-өнеге, асыл қазына мен кең мағыналы ойлар қазіргі этнодизайнерлік зерттеу аясына кіруі қажет, өйткені этнодизайнның қолданыс мүмкіндіктері өте кең әрі көпсалалы интеграциялық материалдарды пайдалануға серпін береді.

Қазақ ою-өрнегін алғашқылардың бірі болып зерттеген қазақ ғалымы Т.Бәсенов қазақ ою-өрнегін зерттеуде әр уақыттың, әр саланың ғалымдары көп еңбек еткендігін, бірақ бұл зерттеулер халық ою-өрнегінің жұмбақ тілін жете түсіне, шынайы сырына үніле алмағандығын, бұл өнердің зерттелмеген қырлары мен қайта қарастырылатын мәселелері бар екендігін анықтап берді [4]. Осылардың өзі қазақтың ұлттық колөнеріндегі ою-өрнектердің қыр-сырын әлі де терең зерттеу қажеттігін, бұл мәселені әртүрлі ғылым салаларының интеграциясы негізінде және этнодизайнерлік тұрғыдан қарастыру керектігін анықтай түседі.

Бұл жерде интеграция – педагогикалық тұтастықты қалыптастырып, білімді жүйелеу мен жинақтауда әртүрлі ғылымдарды біріктіру [5].

Халықтық өнер арқылы болашақ педагог-мамандардың танымын кеңейтуге, дүниетанымдық көзқарастарын қалыптастырып нығайтуға әрі осыған сәйкес, оларға халықтық мәдени құндылықтарды игертуге, ұлттық мәдениетін қалыптастыруға, келешек кәсіптік біліктілігін шыңдауға қажетті ұтымды материал – бұл қазақтың ұлттық ою-өрнектерімен көмкерілген сәндік-қолданбалы өнері болып есептеледі. Қазақ тұрмысында, өмірінде ою-өрнектің араласпайтын саласын табу қиын. Халқымыздың рухани байлығының қайнар көзі болып табылатын осы құндылық тәуелсіз еліміздің рәмізін – көк туымызды көріктендіріп тұр. Халықтың тілін, мәдениетін білмей тұрып, сол халықтың қолөнерімен бейнеленген оюларға қарап, оның қайсысы халықтың қазынасы екенін танып білеміз. Өйткені ою-өрнек – әр халықтың таңбасы, сол елдің бейнелеу өнерінің, әсіресе сәндік-қолданбалы өнерінің символы және көнеден келе жатқан мәдениеті.

Сонымен, бейнелеу өнеріндегі ою-өрнектер көркем дүниетаным қалыптастыруға ықпалы орасан зор. Көркем дүниетаным сұлулық пен жексұрындық, сатқындық пен ұждансыздық, қуаныш пен қайғыға қатысты барлық қабылдаулардың, түсініктер мен сезінулердің ықпалдасуын анықтайтын қоғамның эстетикалық санасының құрамдас бөлігі болып табылады. Қоғамдық сананың осындай кең және қоғамдық-тарихи тәжірибеде, өнерде, табиғатта көрінетін сұлулық заңдары, сұлулық түсінігі мен сезімі туралы орталық бекет болып табылады. Көркем дүниетаным адамдардың барлық тіршілік өміріне енеді. Көркем мәдениеттің барлық мұрасымен байытылған көркем дүниетаным адамның жан-жақты дамуы ретінде, дүниенің сұлулық заңдары арқылы интеграцияланған түрде өмір тәжірибесінде белсенді және әрекетшілдікпен жүзеге асырылады. Яғни, көркем дүниетаным – өнердегі бейнелі анықталатын идеялар, сезінулердің интеграциясы мен ықпалдасуы, өнер арқылы байқалып, ойланып-толғанылған және эмоционалды түрде қабылданған шындық дүние, сонымен бірге, көрушінің, тыңдаушының, оқырманның көркем қиялы, қабылдауы, талдау есі арқылы жасалған дүниенің көркем көрінісі.

Қазақ елінде қоғамдық құрылыстың дамуы бейнелеу өнеріне де ықпал жасады. Қазақ бейнелеу өнерінің дамуы қазақ өмірінің салт-дәстүрі, тұрмысы, әдет-ғұрпы мен шаруашылығына байланысты болды. Қазақтың сан алуан ою-өрнектері де малға, өсімдіктерге немесе қоршаған ортадағы құбылыстарға қатысты болып келген. Әсіресе, бұғы мен қошқар мүйіз, түйетабан ою-өрнектері негізгі халық өнеріне кіретін белгілер болып табылады. Қазақстан жеріндегі табылған сақ дәуірінің ескерткіштері осындай стильге жатады. Сақ дәуірінің алғашқы кезеңінде аңдар бейнесі шындыққа жақын болып келсе, соңғы кездері стилизациялау, ықшамдау болды. Аңдар бейнесі, олардың мүйіздері, басқан іздері, т.б. біртіндеп ою-өрнекті туындатушы себепке айналды. Бұларды қазіргі этнодизайнерлік идеялардың туындауына қажетті материалдар деп есептеуімізге болады.

Қазақтың ою-өрнектерінің ішінде тау ешкісін, арқарды, бұғыны, жыртқыш аңдарды қозғалыссыз қалпында бейнелеу - сақ өнерінің архаикалық кезеңіне тән құбылыс. Бұларды Қазақ жеріндегі Қарқаралы ауданының Мырза Шоқы қорғанының Қайранкөл маңынан табылған миниатюрлік резеткеден көруге

болады. Ашоты түбіндегі Есік қорғанынан, Тарбағатай жеріндегі Шілікті өңірінен табылған алтын киімді адамдар – Андронов стилінің жарқын ескерткіштерінің бірегейлері. Алтын адамның бас киімінен бастап түгелдей алтыннан жасалынды. Оның бас киімі, кеуде, жағасы, белбеуі, киімдерінің көптеген бөлшектерінде жолбарыс, қанатты тұлпар, құс қанаты көріністері оюланып, әшекейленген.

Этнодизайн бейнелеу өнерінің бір саласы ретінде оның көркемдік ерекшеліктерін тану бағыттарын анықтауда бейнелеу ережелері мен заңдылықтарын анықтау бағытында ұлы суретшілер, дизайнерлер мен өнертанушылардың пікірлерінің маңызы арта түседі. Дизайн ұғымы 1990 жылдарға дейін біздің елімізде көркемдік құрастыру ұғымымен байланысты қарастырылса, мұнан кейінгі жылдары ауқымы кеңейіп, жаңа модель жасау, оны өндіру іс-әрекеттерімен байланысты таныла бастады. Дизайн түрлері сәулет, киім, көлік, жиһаз, транспорт, этнодизайн түрлері жайлы ақпараттармен көбейе түсуде. Этнодизайннан көркем бұйымдарды талдау дизайнмен бейнелеу өнеріне қатысты ұғымдар мен түсініктер, заңдылықтар мен ережелердің мәнін түсінумен байланысты анықталады. Этнодизайн бұйымдарының формасының көркемдік ерекшелігін тануға оның жеке бөліктерінің бір-біріне сәйкес келуін, олардың үйлесімді сәйкес келуі басты көркемдік сапа ретінде қабылданады [6].

Этнодизайн шығармашылық үдеріс ретінде халықтық сәндік қолөнер материалдарын пайдалану интуициясына және батыл ойларға сүйенеді, бірақ интуиция және батылдық қазіргі дәуірдің әлеуметтік, техникалық және мәдени дамуына сай келетін халықтық қолөнер, тарих, мәдениет туралы интеграцияланған терең білімге негізделеді. Осыған сәйкес, болашақ бейнелеу өнері және сызу мамандарының этнодизайнерлік білімдері де өнертанудың интеграцияланған мазмұнын құрауы тиіс. Осы мәселеге тағы да көз жүгіртетін болсақ, кейбір тарихи дәйектерді де аңғару қиын емес. Мәселен, Қайта өрлеу дәуіріндегі Леонардо да Винчи, Альберти Леон Баттиста, А.Дюрер сынды суретші-ғалымдардың бейнелеу өнерін оқытудың, сурет салу ережесінің ғылыми-теориялық негіздемесін жасауда ерен еңбектері белгілі. Леонардо да Винчи бейнелеу өнерінің сызу, математика, анатомия ғылымдарымен интеграциясын айқындап, оны өз шығарма, туындыларында көрсете білді. Әсіресе жарық пен көлеңке, перспектива, тұстану заңдылықтарының негізіндегі ішкі байланыстардың күштілігін жазған [7]. А.Дюрер өз еңбектерінде бейнелеу өнерінің, музыканың кең көлемде оқытылуын насихаттады. Баланың сурет салумен шұғылдану кезінде қалт еткен уақытын музыкалық аспапта ойнауға жіберуіне үлкен мән берді, себебі музыка арқылы бойда қан жүгіріп, қиын жаттығулардан кейін ойды меланхолия жайламайтындығын психологиялық тұрғыдан тұжырымдап берді [8].

Білім берудің маңызды шарты – оқу үдерісінде ғылымға, пәнге деген қызығушылықты арттыру, өздігінен білім алуға құштарлықты дамыту. Осындай құштарлық пен қызығушылықты оқытылатын пәндердің, қамтылатын материалдардың интеграциялық мазмұны арттыра түседі. Тек, осы жағдайда ғана білім сапасының деңгейі төмен түспеуі мүмкін, себебі оқуға қызығушылық оқу нәтижесіне жетудің бірден-бір түрткісі болып табылады.



Осы ой-тұжырымдардың негізінде мынадай қорытындылар шығады: бейнелеу өнерінің, сәндік қолданбалы өнерінің, өнер тарихының, этнодизайнның өзара интеграциясы келешек бейнелеу өнері мамандарының кәсіби шеберлігін арттырып, дүниетанымдық түсініктерін кеңейтуге, білім-біліктерін тереңдетуге және дамытуға ықпал жасайды. Этнодизайн мен сәндік қолданбалы өнердің интеграциялық байланысы арқылы болашақ өнер мамандарының кәсіби құзіреттілігін қалыптастыру – қоғамдық даму өзгерістерінің элементтері мен ұғымдарын (табиғат құбылыстары, көркем тарихи шығармалар, қолөнер туындылары, ырғақ, кеңістік, стилизация, т.б.) түсінудің мүмкіндіктері, олардың рухани дүниетанымдық әлемін жетілдірудің, қазіргі кезеңге қажетті заманауи біліктерді игерудің күрделі үдерісі деп анықтауға болады.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. *Марғұлан А.Х.* Казахское народное прикладное искусство. Т.1, – Алма-Ата. 1986. 256 с.
2. *Жәнібеков Ө.* Уақыт керуен. – Алматы: Жазушы, 1992. – 120 б.
3. *Өмірбекова М.Ш.* Қазақ ою-өрнектері. Энциклопедия. – Алматы: Кітап, 2003. – 337 б.
4. *Басенов Т.К.* Прикладное искусство Казахстана. – Алматы: Кітап, 1981. – 269 с.
5. Педагогика және психология. Ғылыми түсіндірме сөздігі. Қ.Б.Жарықбаев, С.Қалиев т.б. – Алматы: Мектеп, 2002. – 249 б.
6. *Ералин Қ.* Этнодизайн. Оқу құралы. – Түркістан: Тұран, 2013. – 60 б.
7. Рисунок. Живопись. Композиция: Хрестоматия: Учебное пособие для студентов худож.-граф. Фак. Пединституттов /Сост. Н.Н.Ростовцев и др. – Москва: Просвещение, 1989. – 207 с.
8. *Дюрер А.* Дневники. Письма. Трактаты. Т.2. – Москва: Просвещение, 1987. – 310 с.

#### РЕЗЮМЕ

В данной статье рассматриваются интегрированная связь этнодизайна с декоративно-прикладным искусством в процессе подготовки будущих преподавателей изобразительного искусства.

**(Ауелбеков Е., Кожамкулова Б. Интеграция этнодизайна и декоративно-прикладного искусства)**

#### SUMMARY

This article deals with integrative connection between ethnodesign and decorative-fine art in the process of preparation of teachers of visual arts.

**(Auelbekov E., Kojamkulova B. Integration of Ethnodesign and Dekorative-Fine Arts)**

УДК 681.13

**А.К.КУДАБАЕВА**

кандидат технических наук,  
доцент ТарМУ им. М.Х.Дулати

**М.С.АРИПОВА**

магистрант ТарМУ им. М.Х.Дулати

### **К ВОПРОСУ О ПРИМЕНЕНИИ СОВРЕМЕННЫХ КОМПЬЮТЕРНЫХ ТЕХНОЛОГИЙ ПРИ ПРОЕКТИРОВАНИИ ДЕТСКОЙ ОДЕЖДЫ**

*В статье рассматриваются применение современных компьютерных технологий при проектировании детской одежды. Применение современных компьютерных технологий при проектировании детской одежды позволяет значительно оптимизировать конструкторско-технологический процесс, снизить количество затраченного времени и повысить производительность труда. Существующий большой выбор систем автоматизированного проектирования одежды является эффективным средством ускорения подготовки производства, легко приспособляемого к конкретным требованиям швейной отрасли, а также выпуска высококачественной детской продукции.*

*Ключевые слова:* ассортимент, комфорт, дизайн, актуальность, интенсификация, антропометрический, стандарт, САПР.

Как известно, находящаяся в динамичном состоянии сфера швейной промышленности постоянно требует научно-обоснованных подходов к проектированию и производству изделий, базирующихся на последних достижениях в области компьютерных технологий. Так, доля потребности в компьютерных технологиях в мире высока, в том числе и для швейного производства.

В ассортименте выпуска швейных изделий, большое внимание уделяется производству детской одежды. При этом, особую актуальность приобретают вопросы расширения ассортимента детской одежды, обладающей высоким уровнем комфортности и дизайна.

В настоящее время специалисты разных стран уделяют значительное внимание вопросам совершенствования процесса проектирования и производства изделий детского ассортимента. Большой вклад в решение данных проблем внесли ученые Московского Государственного университета дизайна и технологии - Меликов Е.Х., Коблякова Е.Б., Пармон Ф.М., Санкт-Петербургского государственного университета технологии и дизайна – Романов В.Е., Сурженко Е.Я., Центрального научно-исследовательского института швейной промышленности – Беляева С.А., Лопандина С.К., ученые

Государственного университета сервиса.

Многие исследователи обращают внимание на необходимость постоянного совершенствования и уточнения размерных антропометрических стандартов, составляющих научную основу при конструировании одежды промышленного производства. Одновременно совершенствуются и методы математической обработки данных антропометрических измерений [1].

Однако, при создании высокотехнологичного производства необходимо рассмотрение вопросов разработки и использования компьютерных технологий при проектировании и производстве детской одежды. Поэтому, в современных условиях, интенсификация процесса проектирования новых моделей детской одежды идет в направлении использования достижений современных компьютерных технологий.

Применение достижений компьютерных технологий на различных этапах конструкторско-технологической подготовки производства изделий детского ассортимента позволит не только сократить сроки подготовки производства новых моделей и снизить стоимость разработок, оперативно реагировать на требования, экономить расход материалов, но главное и повысить качество изготовления одежды.

Проектирование детского ассортимента одежды, отвечающей всем современным требованиям воспитательного и образовательного процессов, должно осуществляться с учетом данных современной антропометрической стандартизации, психофизиологического развития детей, усовершенствованных методов проектирования детской одежды на базе использования достижений компьютерных технологий, в частности систем автоматизированного проектирования одежды (САПР).

САПР – это специальный программный продукт, позволяющий ускорить и облегчить разработку моделей одежды. Наиболее развитые системы проектирования одежды включают:

- 1) дизайнерские программы, позволяющие разрабатывать внешний вид изделий, подбирать наиболее удачные цветовые сочетания материалов;
- 2) конструкторские программы, реализующие творческий замысел дизайнера в лекалах;
- 3) технологические программы оптимизации раскладки лекал на материале и проектирования процесса раскроя и изготовления изделий, учитывающие особенности конкретных производств [2].

Автоматизация конструирования детской одежды позволяет ускорить разработку моделей, сократить число рутинных операций, повысить качество посадки, соответствие размерным признакам, что является необходимым условием конкурентоспособности современного швейного предприятия.

Ориентация на описание алгоритма конструирования в виде программы для компьютера позволяет по-новому решить многие производственные задачи, связанные с конструированием и моделированием детской одежды:

накопление опыта, обучение; автоматизация расчетных работ и построения комплекта лекал; полностью автоматическая градация лекал; ведение базы данных по моделям; обмен и продажа лекал на уровне алгоритмов; отработка модели на уровне описания; ускорение разработки новых моделей.

Для решения задач автоматизированного проектирования работ, выполняемых на различных этапах процесса проектирования и производства швейных изделий известны варианты систем автоматизации, предлагаемые исполнителями ближнего и дальнего зарубежья. Количество существующих САПР для швейной промышленности исчисляется десятками. Все они обладают как преимуществами, так и недостатками по отношению друг к другу.

В современном понятии каждая из САПР может рассматриваться как самостоятельная система или как часть большой интегрированной системы автоматизации. В САПР одежды присутствует возможность выбора типовой базовой конструкции из библиотеки основ в качестве отправной точки создания новой модели. Системы предоставляют конструкторам возможность работы в рамках одной из нескольких, общепринятых методик конструирования, включающих помимо соответствующего набора основ еще и правила автоматического построения модели во всех размерах. Несмотря на то, что конструктор - пользователь системы - вынужден использовать определенные конструкторские решения, система создает условия для его интеллектуальной творческой деятельности. Это проявляется при активном влиянии на процесс проектирования на каждом его этапе при максимальном использовании компьютерных возможностей (например, возможна корректировка прибавок на свободное облегание и размерных коэффициентов для создания конструкции изделия определенной формы и объема). Конструктор при этом сам определяет степень своего влияния на компьютерное проектирование.

Также САПР дает возможность конструктору, во-первых, анализировать каждую разработанную конструкцию, предоставляя в конце процесса проектирования вместе с чертежом развернутую таблицу расчетных параметров по каждому конструктивному участку и параметров конструкции в целом, во-вторых, имеется достаточное количество подсказок, комментариев и рекомендаций, воспроизводимых на экране дисплея в нужный момент.

Возможность включения в системы графического редактора позволяет с его помощью создавать эскизы, технические рисунки моделей и задавать варианты их цветового решения.

На данный момент к техническим разработкам предъявляются большое количество требований, прежде всего, современный САПР должен быть:

1) функционально полным, т.е. решать весь спектр задач от конструирования изделия до подготовки его к раскрою и управления раскроем;

2) мобильным, способным учитывать требования конкретных заказчиков;

3) динамичным, т.е. развивающимся и совершенствующимся продуктом, который постоянно наращивает свои возможности и вбирает в себя все новые достижения в области технологических разработок.

Эффективность применения САПР для проектирования раскладок заключается в следующем:

- обеспечение экономии сырья до 3% за счет нормирования межлекальных выпадов, уплотнения раскладок и устранения потерь, связанных с обмеловкой лекал;

- повышение производительности и качества труда оператора-раскладчика;

- способствование более рациональному использованию производственных площадей (сокращение затрат на лекальное хозяйство составляет 75...85%);

- использование плоттера позволяет получать зарисовки раскладок в натуральную величину в неограниченном количестве и в кратчайшие сроки.

Автоматизация конструирования детской одежды позволяет выделить три подхода при проектировании:

- на плоскости – построение лекал существующими, в основном приближенными, методами проектирования;

- в объеме – трехмерное проектирование – от создания трехмерной формы одежды до получения двухмерных лекал;

- комбинированный – от построения конструкции на развертке поверхности типовой фигуры человека (сетке) по специально разработанной методике автоматизированного конструирования до визуальной оценки объемного изображения модели, "надетой на фигуру", и корректировки при необходимости в интерактивном графическом режиме модельных линий и конструктивно-декоративных элементов с возвратом на плоскость.

В САПР можно автоматически перестраивать базовую основу, исходную модельную конструкцию или лекала разработанной серийной модели при введении величин измерений детской фигуры. В связи с этим системы могут использоваться как на промышленных предприятиях, так и в Домах моделей и дизайн-бюро.

Таким образом, применение современных компьютерных технологий при проектировании детской одежды позволяет значительно оптимизировать конструкторско-технологический процесс, снизить количество затраченного времени и повысить производительность труда. Существующий большой выбор систем автоматизированного проектирования одежды является эффективным средством ускорения подготовки производства, легко приспособляемого к конкретным требованиям швейной отрасли, а также выпуска высококачественной детской продукции.

#### ЛИТЕРАТУРА

1. *Асанова А.Е.* Разработка технологии проектирования детской одежды на основе антропометрических обследований детских фигур в Казахстане: Дис. на соиск. уч. ст. канд. техн. наук. – А., 2005. – 128 с.

2. *Норенков И.П., Маничев В.Б.* Основы теории проектирования в САПР. – М.: Высшая школа, 1990. – 335 с.

#### ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада балалар киімін жобалауда қазіргі компьютерлік технологияны қолдану жолдары қарастырылады. Балалар киімін жобалауда заманауи компьютерлік технологияны қолдану конструкторлық технологияның үдерісін оңтайландырады, жоғалған уақыттың санын төмендетеді және еңбек өнімділігін жоғарылатады.

**(Кудабасева А.К., Арипова М.С. Балалар киімін жобалауда қазіргі компьютерлік технологияны жобалау)**

#### SUMMARY

In this paper investigated application of modern computer technologies at planning of child's clothing. Application of modern computer technologies at planning of child's clothing allows considerably to optimize a design-engineering process, bring down the amount of the expended time and promote the labour productivity. An existent great choice of computer-aided of clothing designs is the effective means of acceleration of preproduction, and also producing of high-quality child's products, adaptable to the certain requirements of sewing industry.

**(Kudabaeva A.K., Aripova M.S. Application of Modern Computer Technologies at Planning of Kid is Clather)**

ӘОЖ 646.40 72

**Е.АУЕЛБЕКОВ**

педагогика ғылымдарының кандидаты,  
Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ-нің доценті

**Г.ХАЛМЕТОВА**

Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ-нің магистранты

**СӘНДІК-ҚОЛДАНБАЛЫ ӨНЕРДІҢ ЕРЕКШЕ  
ТҮРІ – КЕСТЕ ТІГУ**

*Келешек ұрпақты ұлттық сәндік-қолданбалы өнерге баулудың тәрбиелік маңызы мен өнерге деген қызығушылықты оятудағы рөлі арта түсуде. Сәндік-қолданбалы өнерге үйрету де ауқымды шығармашылық үдеріс ретінде өнертанушылық білімге, кәсіби тәжірибелік дайындыққа негізделеді. Осыған сәйкес, қолөнерді дәріптеу және сол өнерді үйрету қолөнер шеберлерінің, әдіскерлерінің, оқытушылардың әдістемелік, шығармашылық ізденістерін қажет етеді. Сәндік қолөнердің ішінде кесте тігу өнері өзіндік сипатқа бай, ерекшелігі басым өнер түрі болып саналады. Сондықтан осы өнерді жас ұрпаққа үйретудің тиімді тәсілдерін қолдану қажет.*

*Кілт сөздері:* сәндік-қолданбалы өнер, ою-өрнектер, кесте тігу өнері мен түрлері.

Қазақ халқының сәндік қолданбалы өнерінің тарихы Ә.Марғұлан, Ө.Жәнібеков, Г.Сарықұлова, Х.Арғынбаев, Т.Басенов, Қ.Болатбаев, т.б. еңбектерінде, қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнерінің теориясы С.Қасиманов, Д.Шоқпарұлы, Қ.Әмірғазин, С.Төленбаев, т.б. еңбектерінде, қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнерінің сыны Қ.Ыбраева, Қ.Ералин, Б.Көпбосынова, т.б. еңбектерінде қарастырылған.

Қолөнерде ою-өрнектермен әшекейлеп бейнелеушілік халық дәстүрінің негізі болып саналады. Кез-келген халықтың оюларын алып талдау жасасақ, олардың барлығы белгілі бір композициялық, симметриялық, түр-түстік заңдылықтарға бағынады. Мәселен, ою-өрнек композицияларын құру жолдарын қарапайым айналмалы симметрия, айналмалы бұрыштық симметрия, аралас симметрия, т.б. әдістер арқылы шешуге болады.

Қазақтың халық қолөнерінде жиі қолданылатын мүйіз тектес ою-өрнектер өзінің даму барысында әртүрлі көркемдік сипат алған. Қолданбалы өнер шығармаларын жасау барысында шебер түстердің үйлесімділігін ескере отырып, оларға белгілі бір мән-мағына берген. Мысалы, академик Ә.Қ.Марғұлан мен С.Қасимановтың зеттеулері бойынша түстердің мынадай символдық мағыналары бар: ақ түс – бақыт, қуаныш, ақиқат. Қызыл – от пен

күн көзінің символы. Сары – ақыл-парасаттың, қайғы-мұнның символы. Жасыл – жастық шақ пен көктем. Көк - көк аспан, көк аспанға табыну. Қара түспен жер ананы белгілейді. Түр-түс табиғатын танып білу халық болып жаралғаннан бергі танымның өзін қоршаған ортада орынды қолдана білуінің нәтижесі болып табылады. Адамдардың түр-түс табиғатын білуі - ертеден келе жатқан дәстүр түрі. Текемет, сырмақ, түс киіз, кілем тағы сол сияқты үй мүліктерінде тек ою-өрнекке көңіл аударылмай, бояу түстеріне де ерекше ден қойылған, оның адамға әсері, ой тастауы сол бояу арқылы бағаланып және одан жасаған шебердің ішкі жан-дүниесін түсінуге болады.

Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнерінің табиғатын, тарихи даму жолын, қоғамдағы көркем-эстетикалық мәнін зерттеген еңбектерден халқымыздың көркем шығармашылық іс-әрекеттерінің ғасырлар бойы дамуы барысында шындық болымысының сұлулығын бейнелеуде өзіне тән жүйесі, жас ұрпақты көркем өнерге баулуда сындарлы әдіс-тәсілдерінің қалыптасқанын көреміз.

Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнерінің ішінде кестелеу өнері өзіндік орын алады. Бұл өнер түрі ұқыптылықты, мұқияттылықты, шыдамдылық пен шығармашылықты талап етеді. Кесте инемен, бізбен, кесте машинасымен тігіледі. Кестеге кейде моншақ, інжу, маржан, т.б. асыл тастар тағылып та тігіледі. Кестені материалдың бетін түгел бастыра немесе гүл шоғырына ұқсатып та әшекейлейді. Тұтастай бастыра әшекейлеу үшін шалыс, жатық, терме, жөрмеу тісілін қолданады. Кестенің біз кесте, баспа жылтыр, тамбурлы кесте, екі ізді албыр кесте, кенебе ине сияқты түрлері бар. Біз кестенің өз кезегінде шым кесте және әредік кесте деген екі түрі белгілі. Біз кесте дөңгелек немесе төртбұрышты етіліп кергіш ағашқа керілген матаның бетіне түсірілген ою-өрнек бойынша қармақты бізбен өткермелеп шалу тәсілімен кестеленеді. Ал шым кесте матаның ашық жерін қалдырмай немесе өте аз қалдырып тұтас кестеленген шымқай кесте болып табылады. Әредік кестеде матаның әр жері әшекейленіп, бөлек-бөлек өрнектеліп кестеленеді. Сол сияқты шым кесте жастық жапқыш, сәукеле, сандыққап, түскиізге кестеленеді. Ал әредік кесте балаққа, тақия жиектеріне, көйлек етегіне кестеленеді. Кестені өте құнды қылатын жері алтындап, күмістеп тігу тәсілдерінің қолданылуы. Алтын жіппен тігу өнері – барлық түркі халықтарында кездесетін кесте түрі. Алтынмен кестеленген шапандар, камзолдар, қалпақтар, сәукелелер ең бағалы әшекей бұйымдарына саналған. Алтындап, күмістеп тігу сән-салтанат бұйымдарына тән. Бұл үшін көбінесе барқыт, пүліш, атлас, қырмызы сияқты бағалы материалдар пайдаланылады. Мұндай тігістерге, әсіресе, өзіне арналып жасалған алтын және күміс жіптер қолданылады. Кестелеп тігу ісіндегі әдемілік пен көрнектілік жағынан ерекше көзге түсетін түрлерінің бірі көпіртіп тігу. Көпіртіп тігу кестесі де әзірленген өрнек үлгісінің ізімен тігіледі. Мұнда материалдың үстіңгі бетіне бүлдіргеленген жіп селпеулері қалдырылып отырады. Кестенің жібі бірнеше түсті болуы мүмкін. Бедерлеп тігу әдісімен алма, жүзім, бүлдірген, қарақат,



қауын-қарбыз түйнектері сияқты түрлі жемістерді салуға болады. Көпіртіп кестеленген бұйымдар жуыла да өтектеле де береді, бірақ өтектен шыққан соң оларды қағып, сілкіп бүртіктерін тірілту керек.

Бұйымды тігуге қажетті құрал-жабдықтарға ине, біз, оймақ, қайшы, өлшеуіш, манекен, лекала, жіп кесетін сақина, шаблон, түйреуіш, бор, мата, т.б. жатады. Бұйымдардың сапасы, жұмысшының еңбек өнімділігі дұрыс таңдап алынған құрал-жабдықтарға байланысты болады. Инелер өткір, серпінді, сынғыш емес, жылтыр, кедір-бұдырсыз, қажалмаған, жіп сабақтайтын көзі жектеуір болу керек. Енді кейбір кестелеу түрлеріне тоқтап кетейік.

Еркін кестелер - кестенің түрлеріне жататын тығыз және биязы кестелер тігін бұйымдары мен тұрмыстық заттарды сәндеуде қолданылатын кестелердің кең тараған түрі. Еркін тақырыптардағы өрнектермен суреттерді кестелеуге тиімді келеді. Сондықтан да, оны *еркін кестелер* деп атаған.

Тығыз кестелеу - өзінің аталуына сәйкес орындалады. Бұл қол кестенің шым кесте түріне ұқсас келеді.



*Тығыз кесте*

Тығыз кесте техникасымен ақ кесте түрін орындауға болады. Ақ кесте – деп аталуының себебі сол, ақ материалға басқа түсті араластырмастан тек ақ жіппен орындалған кестені айтады.

Ақ кестені бедерлеп тіккенде кестеленген материалда әр түрлі ою-өрнек, мәнерлі бұдырлар да өрнектеледі. Мұндай кестелеуді орындағанда әуелі үлгі бойынша сызылып алынған өрнектердің үстіне мақта, мата қиындылары, қағаз, картон салынып, кестенің жіптерін, сол заттарды бастыра шалып тігеді. Соның нәтижесінде матаның бетіндегі өрнектер бұдырланып беделенді. Бедерлеп тігу әдісіне де өрнектің мәнері мен шебердің шешіміне қарай бірнеше түсті жіптерді қолдануға болады. Бедерлеп тіккен кестені көп жуа

беруге болмайды. Сондықтан да, оларды тазалауды, жууды аз қажет ететін бұйымдарда қолданады.

Сөйтіп қазақтың әр алуан әдістерімен, неше түрлі мәні бар кесте өнерінің, қол тігістерінің көптеген түрлерінің ішінде көркем тігіс үлгілерінің көп екенін аңғаруға болады. «Қабырға», «қаю», «таңдай», «тышқан із», «тұмарша», «бұзау тіс», «бедерлеп тігу», «шалып тігу» деп аталатын қазақтың көркем тігіс мәнерлері қазақ халқының кесте тігу өнерінің жақсы сақталғандығын және өте құнды өнер түрлеріне жататындығын дәлелдейді. Мұндай бай мәнер, тиімді әдістермен тұрмыстық жиһаздарды, алтын, күміс, маржан, меруерт сияқты көрікті заттармен кестелеуге де болады.

Абай өзінің атақты «Сегіз аяқ» өлеңінде:

«Өткірдің жүзі,  
Кестенің бізі,  
Өрнегін сендей сала алмас,  
Білгенге маржан,  
Білмеске арзан,

Надандар баыра ала алмас», -деп қолөнердің ерекшеліктерін тіл өнерінің қасиетіне теңестіреді.

Халқымыз «Өнер – таусылмас мұра» деп тегін айтпаған, сондықтан өнерді үйрен де, жирен дейтін өнерлі халқымыздың қолөнері, әсіресе кесте өнерінің алар асуы әлі алда деп есептейміз.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қасиманов С. Қазақ халқының қолданбалы өнері. – Алматы: Қазақстан, 1986. – 240 б.
2. Ибраева К. Казахский орнамент. – Алматы: Өнер, 1994. – С. 64.
3. Марғұлан А.Х. Казахское народное прикладное искусство. Т.1. –Алма-Ата: Өнер, 1986. – 256 с.
4. Төленбаев С. Қазақтың ою-өрнектері. – Алматы: Өнер, 1992. – 186 б.

#### РЕЗЮМЕ

В данной статье рассматриваются вопросы о значении обучения особому виду декоративно-прикладного искусства рукоделия - вышивания.

(Ауелбеков Е., Халметова Г. Особый вид декоративно-прикладного искусства – искусство ручного вышивания)

#### SUMMARY

This article deals with the issues of the importance of teaching sewing as an unusual kind of decorative-fint art.

(Auelbekov E., Halmetova G. Sewing as an Unusual Kind of Decorative-Fine Art)

**МАЗМҰНЫ**

---

**ФИЛОЛОГИЯ**

---

НҰРАХМЕТОВ Е. ИБРАГИМОВА Н.Ш. Ағылшын тілі сабағында қолданылатын ойын түрлерінің тиімділігі	3-7
ТАУКЕБАЕВА Р.Б. МЫНБАЕВА М.О. Некоторые аспекты функционирования концепта «поведение человека» в языковом пространстве	8-12
URAZBAYEV K.B. PARMANKULOVA D.R. Nominative Aspects of Suffixes of Russian Nouns	13-16
НЬШАНОВА С.Т. БАЙЖАНОВ А. Некоторые аспекты использования интернет-ресурсов в обучении иностранным языкам	17-22
ŞENGÜN A. Ninnilerimizin milli benliğimizin korunmasındaki rolü	23-27
УРАЗБАЕВ Қ.Б. ОРАЗАЛИЕВА Г.Е. Жүрек концептінің қазақ, орыс, ағылшын тілдері дереккөздеріндегі бейнесі	28-31
БЕЙСЕМБАЕВА С.Б. КАРПЫКБАЕВА А.С. Роль паралингвистических средств коммуникации при клятвоприношениях	32-37
БАЙТҮОВА А.Н. Сравнительная характеристика согласной фонемы <i>B (B)</i> в казахском, турецком и узбекском языках	38-42
НЬШАНОВА С.Т. ИБАДУЛЛАЕВА Р.Ж. Ағылшын тілі сабағында жоба әдісін қолдану	43-47
САТЫЛХАНОВА А.А. Тұманбай Молдағалиев поэмаларының сюжеттік желілері мен тақырыптық мәні («Хаттар, хаттар» және «Жеңеше» поэмалары бойынша)	48-51
КАРПЫКБАЕВА А.С. БЕЙСЕМБАЕВА С.Б. Технологии компьютерного обучения на уроках русского языка	52-56
ORYNBAEVA G. Structural Peculiarities of Passive Voices in English, Kazakh and Turkish Languages	57-62
АЗИМБАЕВА С. УРАЗБАЕВ Қ.Б. Шетел тілінде мәтінмен жұмыстың лингво-теориялық негіздері	63-69
СҮЙІНЖАНОВА Ж.К. Қазақ тіліндегі атаулық тіркестердің қалыптасуы мен қолданылуы туралы	70-76

ЧАКАНОВА С.Ж. Формирование речевых умений на базе адаптированного текста	77-80
DUISEMBEKOVA Z.M. The Importance of Audio Visual Technology in elt: use of Youtube	81-84
НАБИЕВА З.Н. Ағылшын тілі сабағында интерактивті тақтаны қолданудың кейбір әдістері	85-87
ШЕРИМБЕТОВА М. «Тристан мен Изольда» және «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жырларының нұсқаларындағы ерекшеліктер	88-91
<b>ПЕДАГОГИКА</b>	
РЫСБЕКОВА А.Қ. ТОҚҚҰЛОВА Г. ПАЧАНОВА Д.Н. Заманауи әлемдегі жаңа технологиялар	92-96
ӘБДІЛЛАЕВ Ә.Қ. ДҮЙСЕНОВ О.Қ. Дене мәдениеті арқылы берілетін жүктеме мен демалыстың жаттығу үдерісінң өзара байланыстағы компоненттері ретінде қарастырылуы	97-101
ЕРАЛИН Қ. АУЕЛБЕКОВ Н. СУЛТАНОВ Т. Болашақ бейнелеу өнері мұғалімдеріне этнодизайн композициясын үйретудің маңыздылығы	102-105
МҮҢСЫЗБАЕВА Ұ. Ағылшын тілін үйретуде оқытудың жаңа технологияларының маңызы	106-110
ДҮЙСЕНОВА М.М. Қатысымдық күзiретiлiктi қалыптастырудың тәрбиелiк негiздерi	111-115
<b>СОЦИОЛОГИЯ</b>	
НҮСҚАБАЕВ О. МЫРЗАХМЕТОВ С. Халық саны өсуіне ықпал етуші факторлар	116-121
<b>ТАРИХ, САЯСАТТАНУ</b>	
АБДУРАХМАНОВ Н.А. ИБРАИМОВА А.Ж. Археологиялық ескерткіштерді этностармен және олардың мәдениеттерімен идентификациялаудағы кейбір әдістемелік мәселелер	122-129
ВАСИЛЬЕВ Н.И. Преподавание тюркологии в средней школе как фактор развития культуры межнационального общения	130-134
АМРИНА М.С. НАЛИБАЕВА Т.Б. Жұмабек Тәшеновтің өмірі мен қоғамдық қызметі	135-143
СІНАНГІР Ұ. 19. ve 20. Yüzyillarda Rusyali ve Türkistanli türk aydinlari savunduklari fikirler	144-147
КУПБАЕВА Р.М. Бұқар жырау шығармаларындағы абылай ханның тарихи бейнесі	148-153
ЖҮСПОВА Н. Ел бірлігін нығайту көпұлтты Қазақстанның басты ұстанымы	154-161

---

---

**ӨНЕРТАНУ**

---

---

ЕРАЛИН Қ.Е. ЕРАЛИНА Ғ.Қ. Қазақ костюмдерінің дәстүрлі және қазіргі үлгілері	162-167
АУЕЛБЕКОВ Е. КОЖАМКУЛОВА Б. Этнодизайн мен сәндік-қолданбалы өнердің интеграциясы	168-173
КУДАБАЕВА А.К. АРИПОВА М.С. К вопросу о применении современных компьютерных технологий при проектировании детской одежды	174-178
АУЕЛБЕКОВ Е. ХАЛМЕТОВА Г. Сәндік-қолданбалы өнердің ерекше түрі – кесте тігу	179-182
<b>МАЗМҰНЫ</b>	183-185

---

---